


Кәкімбек САЛЫҚОВ



**ББК 84 Қаз 7-5**

**С 18**

**Салықов К.**

**С 18 Жезкиік. Өлеңдер.** Алматы: Атамұра, 2003. – 216 бет.

**ISBN 9965–05–867–9**

Қазақ халқының көрнекті ақыны Кәкімбек Салықовтың жыр жинағына өр жылдары жазған өлеңдері еніп отыр.

Кітапта нәзік лирикаға оранған мөлдір махаббат, шындығы шапшып тұрған тіршілік көріністері, сүйкімді әзілмен адамды терең ойға салар салиқалы жыр жолдары топтастырылған. Жинақтың жыр толқытып, ән татыған өлеңдері үр жаңа сыр сандықты ашқандай көпшіліктің күткен деңгейінен жарқ етеріне кәміл сенеміз.

С  $\frac{4702250202 - 287}{418(05) - 2003}$  хабарландырусыз – 2003

**ББК 84 Қаз 7-5**

**ISBN 9965–05–867–9**

© Салықов К., 2003

© «Атамұра» баспасы, 2003

# ДАЛА СУСАРЫ

*Дала жатыр Көкшеге өкше тіреп,  
Алтауды басына жастап алып.*

## ЖЕЗКИИК

Жез канат күміс бауыр киик көрдім,  
Дәруі сол ма дерсің күйік-шердін.  
Жез марал жүреді екен арасында  
Қаптаған Бетпақтағы кииктердін.

Жезкиик, біздің жаққа қалай келдің,  
Жолымды тіке кесіп, жанай бердін.  
Адамның көздеріндей екі көзің,  
Япырмай, дөтім шыдап қалай көрдім...

Дәл саған құрмап еді торды ешкім.  
Ғайыптан душар болдың сорды кештің.  
Жан едім мен де сертшіл, далада өскен,  
Сен-дағы жалтармадың, жолды кестің.

– Асықпа, көрейінші жөндеп қана,  
Кетпесін жаңа тиген мендеп жара.  
Ет кесіп өз етімнен берсем дағы,  
Жөніңе жіберейін емдеп қана.

– Дедім де қоя бердім, ұстамадым.  
Қасымда қал демедім, қыстамадым.  
Тілеймін суық жақтан есен қайтып,  
Жылы құм мекенінде қыстағанын.

Түс тербеп жаздың мөлдір, қысқа таңын,  
Тұзактап Жезкиікті ұстатамын.  
Баяғы қызыл ішік киген қызға  
Жез камзол сол киікті ұқсатамын.

Құмарым қайта көріп қанар ма екен,  
Әл бітіп салқын жүрек жанар ма екен.  
Болмаса суық қолды бір сұр мерген  
Дәл көздеп киікті атып алар ма екен.

Сұлуды адам жаны қимайды екен,  
Беймезгіл еске түсіп, қинайды екен.

Жезкиік, сені аңсаған кездерімде  
Бір өзім кең далама сыймай кетем.

Бір өзім Сарыарқама сыймай кетем,  
Бір өзім кең жалғанға сыймай кетем.

1970

## ДАЛА ДИДАРЫ

Қысы салқын  
    қоштасу азабындай,  
Жазы дарқан  
    кездесу базарындай.  
Күзі мырза  
    қонақжай қазағымдай,  
Ал көктемі ...  
    махаббат назарындай.  
Атқан таңы  
    бақыттың белесіндей,  
Түні сұлу  
    бұлбұлдар кенесіндей.  
Жұлдыздары  
    ғарышкер кемесіндей,  
Туған айы ...  
    ғашық қыз елесіндей.  
Жас қалалар  
    дәуірдің талабындай,  
Асфальт жолдар  
    домбыра шанағындай.  
Айна көлдер  
    ақ марал жанарындай,  
Қатпар таулар  
    қарт баба қабағындай.  
Бұлтсыз аспан  
    ақ бөпе тамағындай,  
Шымқай егін  
    молшылық алаңындай.  
Батырлары  
    тайқымас бара көрмей,  
Тұлпарлары  
    құтаймас дара келмей.  
Сұңқарлары  
    қияда қалықтайды

Мандайында  
сұлудың кара меңдей.  
Жыртқышы да  
мызғымас маза бермей,  
Қапы кетсе  
үйірге қалады ермей.  
Бөлітірігі бөрідей,  
сойыл тисе,  
Ауыз салар  
арманда қарап өлмей.  
Сарыарқаның самалы  
бастап алып,  
Сай-салаға  
гүл дәрі шашқаны анық.  
Дала жатыр  
Көкшеге өкше тіреп,  
Алатауды басына жастап алып.

### ЖЫЛҚЫНЫҢ ДҮБІРІ

Сақшыдай бұлақтың басында  
Бір бейіт тұр мүлгіп.  
Көнерген қу жалғыз тасына  
Қонады түн жым-жырт.

Жан емес ол қазақ атақты  
Паш етер қылығын.  
Тек қана өлерде атапты  
Ақырғы тұғырын:

«Салмандар тас мазар аулаққа  
Артық жер атайын.  
– Дөпті ол – жылқы үйір бұлаққа,  
Басында жатайын.

Бір рет далама қарайын  
Тастауға қимамай.  
Бір жұтым қымызға қанайын  
Қайталап құймамай.

Бір рет тұлпарға мінейін,  
Ерттеулі қалсын деп.  
Бір рет аруды сүйейін,  
Шәрбәтім қансын деп.

Бір атым насыбай атайын  
Бітерде ғұмырым.  
Сонан соң мәңгі естіп жатайын  
Жылқының дүбірін».

1970

## ҚАЗАҚТАР КІМДІ СЫЙЛАҒАН

Қазақ қызық халық  
Мінезін болсақ милаған.  
«Сыйға – сый, сыраға – балын» тыймаған.  
Келіспей кетсе келінімен өз ұлы,  
«Мың жылдық» деп  
Құдасын қатты сыйлаған.

Бір атым насыбайдан  
Көңлі қалып, қираған.  
Өкпеге қиса,  
Өлімге әсте қимаған.  
Сескенбес оқтан,  
Сеніскен тату дос үшін  
Махамбеттер исатайлықты сыйлаған.

Үлкеннің жолын  
Кескестеп, кіші қимаған,  
Шабыста атты,  
Намыста ерді қинаған.  
Сақалын сатпай көп көргенге жүгінсе,  
Тәлімі бардан  
Мәлімі мол деп түй, балам.

Мейманды күтпеу  
ар-ұжданға сыймаған,  
Ең асыл дәмін  
Қонағым бар деп жинаған.  
Қимас досы тұтқиыл келіп қалғанда  
Жалғыз атын сойып тастап, сыйлаған.

Сепшіл келер  
Шаруаңа да қираған,  
Алумен емес,  
Берумен жаны шираған.  
Мал-жаның аман ба десе  
Болмыстың бабын сыйлаған.

Малдан бастап  
Есендесе иланам.  
Малсыз өмірі  
Жасай берді қиралаң.  
Кен қопарып,  
Егін салсақ біз бүгін  
Сәлемге де сән кірді деп ұйғарам.

Жаңа өмір келіп,  
Толағай төксе нұр маған,  
Түлігім тоқ  
Ақ дөнге толды тың далам.  
Салтыңды сенің дәріс етсем балама,  
Жақсыңды жалғап өтер-ау деп,  
Бір бабам.

### **КӨЗІҢЕ КӨЗІМ ТҮСКЕНДЕ**

Құлшынтып өмір жетегі,  
Құрсаулы күндер өтеді,  
Құлпырып жаным кетеді  
Көзіңе көзім түскенде.

Жүректен шаттық шашылды,  
Көбейтем ерке асырды.  
Сағыныш өрті басылды  
Көзіңе көзім түскенде.

Озғандай топтан сәйгүлік,  
Жалтарса дұшпан қаймығып,  
Қызғанбас дейсің қай жігіт  
Көзіңе көзім түскенде.

Көріп те тұрып сағынып,  
Жас күндей қайта табынып,  
Қалыппын естен жаңылып  
Көзіңе көзім түскенде.

Тосырқау ізі өшкендей,  
Есіркеу бізге көшкендей,  
Бетіңнен сүйдім сескенбей  
Шыдатпай сезім күртқанда,  
Жанарың жанар жұтқанда.



## ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ – ҚАНЫШТЫҢ ЖАН-ЖҮРЕГІ

Дала – Қаныш,  
Ауылдар, қала – Қаныш,  
Бала Қаныш көптігі дара жарыс.  
Бәріне де солардың дем береді  
Күлім қағып, жол сілтеп дана Қаныш.

Шығыс жақтан қызыл мыс таң кіреді,  
Бірге келер Сарыарқа нәрлі лебі.  
Кен иесі Қанекем, жер иесі,  
Жезқазғаным – Қаныштың жан-жүрегі.

Қанышы бар қызық қой өмір деген,  
Қанаттанып, күш алып, көңілденем.  
Атын айтсам, алыстан бой тастайды  
Таңғажайып белестер көрінбеген.

Ғибрат алдық заңғайыр данадан біз,  
Ұлытау, Баян жалғас деп санағанбыз.  
Қаныш десең, Жезқазған елестейді,  
Сол қаладан ержетіп, тарағанбыз.

«Жезкиіктей» жанымның дәру әні,  
Ол – гүл, дала перзенті, ару әні.  
Мойыл қара көздері мөлтілдесе,  
Жүрегіме отты ұшқын дарығаны.

Кенші күнім, кең құлаш отты күнім,  
Қаныш-қала ең ғажап тосты гүлін.  
Жезкиіктің жез қанат желісіне  
Қоскөл жақта аққу, қаз қостым үнін.

Қаныш-дала, қасиетті Қаныш-қала,  
Сені ойладым жақында, алыста да.  
Жезқазғандық жігітпін деп қуанам,  
Қуат берген бойда ар, намысқа да.

Біліп жатыр молдығын дала кеннің,  
Қуанышқа таусылмас ән әкелдім.  
Ай, Әлемге аты әйгі Жезқазғаным –  
Ең сүйікті перзенті Қанекемнің.

## ҰЛЫТАУДА ҰЛАР ҚҰС

*«Ұлытауға бардың ба,  
ұлар етін таттың ба?!»*

Ұлытау, даңқын асқақ Күнге бейім,  
Биікте күйік басып үлгерейін.  
Ұмсынған ұлар құсым бауырында жүр,  
Әдейі іздеп барып, бір көрейін.

Ұлар құс – кең даланың қарлығашы,  
Жанзекет өні ғажап, зарлы нәші.  
Сағыныш арамызда үзілген жоқ,  
Ей, калқа, бір кездесіп, жарылқашы!

Ұлар құс – кең даланың шағаласы,  
Тірліктің өзінде көп мағынасы.  
Жоғалмай ақ қайыңдар арасында,  
Желпінтіп жүрегімді, аралашы.

Аялап беттен сипап, жел еседі,  
Ұларым жақын қонып, кеңеседі.  
Сондайда бүкіл дүние менікі боп,  
Ұлытау иығыма теңеседі.

1956

## ЖЕЗҚАЗҒАНҒА ЖЕДЕЛ ХАТ

Сары Кеңгір,  
Қара Кеңгір, Жай Кеңгір.  
Теңіз келбет,  
Қосақталған сай теңбіл.  
Жағасында Жезқазғандай жазира,  
Маған қымбат емес дейсің қай Кеңгір.

Кеңгірбайлар атын сенен атаған,  
Кенді үңгірлер,  
Жез тұндырып, матаған.  
Қазынасын қопарғалы сан ғасыр,  
Оқпан, үңгі іздер жатыр атадан.

Қимай қарап тұр алдымда арыстар,  
Сәкен, Тайжан,  
Тау қопарған Қаныш бар.  
Дәл солардан аумағандай көрініп,  
Қол сілтейді жолдас-жора, таныстар.

Қол сілтейді кеттің бе деп әріге  
Шахталастар, қызметтестер – бөрі де:  
Ата дейтін атын қойған балалар,  
Балам дейтін, батасы құт көрі де.

Қыздың ерні сияқтанған жағада,  
Болмаса да қызыл гүлдер, самала,  
Қоштасуға жезкиіктер келіпті  
Қыс қыраулы Кенгірдегі қалаға.

## ҰЛАРЫМ

Ұлар күс Ұлытаудағы  
Өзіңнен сәулем аумады.  
Қабағын серпіп,  
Қанатын желпіп,  
Жанымды неге баурады.

Айналам түрлі гүл екен,  
Гүл терген жерді жыр етем.  
Адасып қалған,  
Арайлы арман,  
Құс болып іздеп жүр екен.

Көңілде көркем елеңге  
Көндігіп мен де келем бе.  
Иланып едім,  
Қиналып едім  
Махаббат жалған дегенге.

Қайдасың қайда, ұларым?  
Тарқатшы көңіл мұнарын.  
Еркелеп келші,  
Еліктеп ерші,  
Жер-көкте жалғыз құмарым.

1970

## МАҚТАНАЛЫҚ

*«Жырламасқа теңіздей  
Қуаныштың шегі жоқ.  
Ардақталған өзіңдей  
Қазақта ақын тегі жоқ».*

Ілияс Жансүгіров.

Саф алтынды бос тастан ақтап алып,  
Бөсіп кетпей, көкімей, мақтаналық.

Жақсы деуге жақсыны құлқы қимас,  
Қара ниет індеттен сақтаналық.

Сөзі ғибрат тараған хатта қалып,  
Асыл аз ба әспеттер жаттап алып.  
Ілекеңше Сәкенді тік көтерген  
Ақынды ақын сыйлауға сәт табалық.

Кісі өлмейді өкініп мақтағандық,  
Инфаркт берер итаршы қақсағандық.  
Қандай ғажап «үкілім», «сал-серім» деп,  
Ізет, құрмет, ілтипат сақтағандық.

Жетістікке, ағайын, шаттаналық,  
Біреу озса, бүлінбе басқаланып.  
Жүрегінің лүпілін тыңдай қалшы,  
Сырын ұқпай, сөккенше отқа салып.

Арсыз сынмен абырой ашпа, халық!  
Күйкілерден асылды сақта, халық.  
Іші күйгіш қызғаншақ түз жаласын,  
Шын жүйрікті паш етіп, мақтаналық.  
Тастамайды ол үшін тақтан алып.

1984

### ЖЕЗКИІККЕ АШЫҚ СЫР

Жер сұлуы – Жезкиігім, аяулы.  
Сені көрмей,  
Көңілім көптен қаяулы.  
Ізінді іздеп,  
Жалғызсырап барғанда  
Қарсы алармысың жаяуды,  
Ауылым менің ояулы.

Кім кесті екен егіз жүрек арасын?  
Кім жазады  
Жазықсыздың жарасын?  
Қияға кетіп,  
Қайырылмауға қисаң да,  
Қымбатты жан боп қаласың,  
Қымбаттай түсіп барасың.

Түндей тыныш,  
Тәтті ұйқыдай жеңіл ең,

Өзінсің ғой  
Ереже, бастау емлем.  
Қайталап келіп  
Құмарту, аңсау мезгілі,  
Өкініштерге көмілем.  
Өлең болып төгілем.

Балауса едің балбыраған балдырған,  
Өзгеге салқын  
Жүректі жеңіл жандырған.  
Бір көрудің  
Зор бақыты бар дейді,  
Жүйткіп бір өтші алдымнан,  
Бейнеңді естен қалдырман.

1975

## КӨЗІҢ АЙТЫП ҚОЯДЫ

Тілге тыйым болса да,  
Көзді ешкім тыймайды.  
Кірпікке ұйқы қонса да,  
Елестер жетіп, қинайды.

Тіл күрмелсе айта алмай,  
Көз жүрекке жазады.  
Жылы жауап қайтармай  
Бітпес жүрек азабы.

Кең жалғанды аралар  
Көз – жүректің елшісі.  
Кейде жеңіл жаралар,  
Кейде дәру емшісі.

Екі көз тартып азапты,  
Кейде қылау жолатар.  
Көрмей қалса ғажапты,  
Сергек жүрек оятар.

Тілім берік екен деп,  
Сене білсең өзіңе.  
Көп телмірген мекендеп,  
Сене берме көзіңе.

Алаңдатқан еленді,  
Қайтып қана жояды.  
Жүрек айтпа дегенді  
Көзің айтып қояды.

1975

## СОҢЫНАН ЖОЛДАС ЕРМЕГЕН

Соңынан жолдас ермеген  
Андысқан жауын жықпайды.  
Ащының зарын көрмеген  
Төттінің дәмін ұқпайды.

Саяда өскен құрақ та  
Дауылда басын құрамас.  
Ақымақ жетсе мұратқа,  
Өзгенің халін сұрамас.

Жақсылығыңды білмеген  
Жарылқауға жарамас.  
Қызығыңды күндеген  
Киналған жерде қарамас.

Сертті сөзге сенбеген  
Досқа дос бекер терлейді.  
Өзгеге бақыт бермеген  
Өзіне бақыт бермейді.

1975

## ШОҚАНҒА

*«Дмитрий Ивановичке сәлемінді жолдай көріңіз ...»*  
Шоқан Уәлихановтың А.Н. Бекетовке хатынан.

Keң зерттеді ақиқат пен болжалды,  
Ер Едіге, Манастарды қолға алды.  
Жер шарына Қашғарияны паш етсе,  
Қазақ үшін зор атаққа жол салды.

Сезім қандай шын сыйласқан сөзінде,  
Достоевскиймен дос боп өтті кезінде.  
Ол Семенов-Тяньшаньскийді таңдантты,  
Қарапайым жай Семенов кезінде.

Көшпелі елдің Колумбы еді алғашқы,  
Даналар мен «аққан жұлдыз» жалғасты,

Таң қаларлық ғажабы осы ғажаптың.  
Менделеевке болса сәлем жолдаған,  
Жүрек қозғап, көрсетіп тұр ол маған  
Тағы да бір дана досын қазақтың.

1980

### «ҮШҚАТЫН»

«Үшқатын» – Жәйремдегі жердің аты,  
Хабарсыз қай заманнан белгі заты.  
Әр сақта аңыз айтқан ақсақалдар  
Жорамал жөн іздеуге берді хақы.

Болды ма бір бабамның үш қатыны,  
Атағы елге мирас үш татуы.  
Қосылтқан үш домбыра, отыз саусақ,  
Күйігін күйге жалғап қысқа тілі.

Тұжырым мейлі бекем байламаймын,  
Қиялды бірақ неге қайрамаймын.  
Сазды әуен елікпеді ел жаттаған  
Қалды ма күйлерінде Дайрабайдын.

Елде көп  
Басқа әңгіме үшпа тілі,  
Дөлге сәл оралардай іс татымы.  
Бір күнде үш арудан айырылды ма,  
Қазақтың қырау қабақ үш батыры.

Тағдырдың ел кездесіп кермегіне,  
Батым жау қанды қылыш сермеді ме.  
Кеселден құтылам деп барымтаға,  
Япырмау, үш келіншек бергені ме.

Үш сұлу қайғы-қасірет шекті ме екен,  
Көз жасы Сарысу боп кетті ме екен.  
Батырлар апаларын арашалап,  
Сүйегі елге есен жетті ме екен.

Білмеймін әлде аңыз сақтады ма,  
Үш ұя үш анасын таптады ма.  
Жүргенде жидек теріп ел шетінде,  
Құландар үш әйелді таптады ма.

Тарихқа үш оралып, үш шегінсек,  
Аңызға ақын сенгіш құс көңілшек.

Түзкөдiң тұнығына кеткендей бар  
Жауға күң болмаймыз деп үш келiншек.

Кез болып кен оралған құйықтыға,  
Тереңде олар мәңгi тынықты ма.  
Бiлезiк, сақинасын арулардың  
Қорғасын, мырыш қоршап, бұйықты ма.

Қазiргi Жәйремдегi бас мамандар,  
Сендерге талай сырын тас тәмөмдар.  
Шахта ашып, карьердi кеңейткенде  
Үш ана атын сызып тастамандар.

1975

### **БІР УЫС ЖЕР ЕКЕН ҒОЙ**

Жар еткенiң  
Жүлделi сыйым екен.  
Жанарыңа бiр шомып, тыным етем.  
Рақаты мен мехнаты кезектескен  
Мына дүние, япырай, қиын екен.

Жаз келедi,  
Көктем, қыс, күз келедi,  
Сұлу бейнең алдыма жүз келедi.  
Бейне деген ой салған сурет қой,  
Отырғанда өзiңдi iздегелi.

Жердiң бетi қисапсыз кең екен ғой,  
Бiр кездеспей,  
Кеңейткен сен екен ғой.  
Күтпес жерде кездестiң топ iшiнде,  
Кең дүниең  
Бiр уыс жер екен ғой.

1975

### **МЫҚТЫ ДЕП ЕСЕПТЕМЕ**

Мықты деп есептеме  
Тасадан атқыш «мергендi»,  
Бiтпеген iске бәлсiнiп,  
Кеудесiн бекер кергендi.

Мықты деп ұғып жүр ұлым  
Халқына барын бергендi.  
Мықтымсынған мыңымызды



Мығым іспен жеңгенді.  
Қазақ жүйрік дейді ғой  
Мәреге үздік келгенді.

Мықты деп есептеме  
Әркімге жеңіл ергенді.  
Жабайысып, жампандап,  
Қулықпен жорта желгенді.  
Сыйлар да кейбір кесапат  
Өзінді емес, теңгенді.  
Жолата көрме қасына  
Өтірік-өсек тергенді.  
Тіршілікке мынау  
Сергек қара сен де енді.

Осал деп ойлама бірақ  
Бұрылыста жол бергенді.  
Танытып тұр ол сонда  
Тәрбие-тәлім көргенді.

Кезендер бар керемет  
Сынаққа салар зерденді.  
Кешіре сал алдында  
Айыбын біліп келгенді.  
Сыйлап өт, жаным, қашанда  
Өзінді дос деп сенгенді.

1975

## ТОЛСТОЙДЫҢ СӨЗІ

Толстойдың үйленген жылы —  
Бақыты бекем, тұрақты.  
Досына өктем жақынның бірі  
Сологуб сауал сұрапты:

— Лев Николаевич!  
Өмірде не сүйесің,  
Бәріне түгел иесің,  
Арманың бар ма тағы да,  
Таптырмай жүрген жүйесің? —  
Көзімен шолып биікті,  
Данышпан сонда күліпті.  
Құшақтап досын сүйіпті,  
Тұжырым сөз түйіпті:

– Солай достым,  
Дүние барын қиыпты.  
Бірақ демен  
Не сүйсем, соны үйіпті.  
Ал дұрысы:  
Колда бардың мен үшін  
Бәрі де бірдей сүйікті.

1975

### **БҰЛТҚА ҰҚСАСПЫН**

Бұлттан менің мінезім аумайды екен,  
Қабағыма қарлы ызғар қаулайды екен.  
Аяп кетіп өзімді аямасты,  
Түнерсем де,  
Кей-кейде жаумай өтем.

Сәл жабықсам,  
Әп-сәтте ашыламын,  
Ақиқатқа ішімнен бас ұрамын.  
Күн сәулесін құлшынтып ала келген  
Ақ жаңбыр боп төгіле шашыламын.

Шашыламын,  
Досымнан аябаймын,  
Ағыл-тегіл барымды баяндаймын.  
Іні болып үйренем кішілікті,  
Аға десен, әрқашан саям дайын.

Жақсылыққа жанымды тән етемін,  
Айта қалар сол шығар дәнекерім.  
Бірақ, достым, ұмытпа,  
қастық етсең,  
Найзағайы бұлттың да бар екенін.

1975

### **ШЕРТПЕ КҮЙ**

Терісқақпай  
Шертпе күй биігінде,  
Сүйсінемін шымшыма иірімге.  
Шертіп, жонып, көңілді өсіреді,  
Өшіреді көмескі күйігін де.

Сынық дыбыс,  
Сым дыбыс, үздік тыныс,

Селк еткізер,  
Сезінтер қызық дыбыс.  
Сак дененді шымыр күй сүйсіндірер,  
Тал түбінде күткендей қылықты қыз.

Кейде әдемі сызылар,  
Сыр ұқтырар,  
Ынтық етер, ырықсыз құнықтырар.  
Сал бойынды сипалап,  
Сап, сап тыйып,  
Мың толқыған жаныңды тынықтырар.

Аяң жорға бипылы қинатпастай,  
Тық-тық шекіп,  
Қоймайды қиғаш баспай.  
Ақ көңілді  
Қияға жетелейді,  
Алған беттен айылды жинатпастай.

Су жорғадай мүдірмес бай талабы,  
Бір жаңылмай құбылып, жайқалады.  
Перизаттай тәтті түс тұманыңда  
Құшақтайды, құшады, айқарады.

Ыстық қанға ләззат таратады,  
Тыңда, достым,  
Тып-тыныш таң атады.  
Әлдилесін, тербетсін, тебірентсін,  
Ақын солай арбауды жаратады.

1975

## БІР МІН БАР

Тіршілік, сенде бір мін бар,  
Шаттықтан қайғың көбірек.  
Сайрамай талай бұлбұлдар,  
Булықты үнсіз еңіреп.

Беу, уақыт! Сенде бір мін бар,  
Жүрісің шымқай асығыс.  
Қамығып өткен мың гүл бар,  
Қауызын ашпай қапылыс.

Бір мін бар сенде, арманым,  
Тым биік құлаш сермейсің.

Білсең де дүние жалғаның,  
Аз ғана тыным бермейсің.

Қайтейін, достым, мін демеі,  
Өзіңді көптеу сүйесің.  
Сыздаған жерді іздемей,  
Қытыққа тиіп жүресің.

Бір мін бар, інім, сенде де,  
Сынамас жерде сынайсың.  
Ел-жұртқа жақпас пендеге  
Ергіштеп, үйір құрайсың.

Бір мін бар сенде, жан аға,  
Көңілге кірбің тересің.  
Түскендей сайтан араға  
Қол ұшын кештеу бересің.

Жаттаған Абай сөзінің  
Қайталап көбін иланам.  
Аз емес мінім өзімнің,  
Кешірек ұғып, киналам.

1994

## ЖЕЗҚАЗҒАНЫМ!

Жезқазғаным!  
Көз алдымда таң шағың,  
Жез қазып ем,  
Жыр жазып ем қанша күн.  
Даналардың аяқ басқан жері деп,  
Мен өзіңді қаршадайдан аңсадым.

Аңсап келдім,  
Қанат қақтым өмірге,  
Кенім, жырым бірдей келді төгілме.  
Қимасам да құтты жолға жұмсадың,  
Жұлдызым бар сенің бұлтсыз көңілде.

Жер екенсің ақынжанды жаралған,  
Қаныштардай арыстардан нөр алған.  
Сен қуансаң,  
Жас баладай күлімдеп,  
Меже берер маған дағы бар арман.

Көшенде жүр,  
Кұрдастарым, достарым,  
Оларға айқын менің өмір жоспарым.  
Атымды атап, ізім жатса қуанам,  
Жүрегімнің гүлі еді ғой тосканың.

Шаш ағарса,  
Жаңсақ қадам баспауға,  
Жасағам жоқ өзім үшін жан сауға.  
Сәулетінді көркейтуге асықтым,  
Сайрандарды айырбастап шаршауға.

Кейде өкінсем,  
Біткен істен мөз алмай,  
Кеткен жоқпын кенді көптеу қаза алмай.  
Келемін ғой риза болмай өзіме,  
Өзің жайлы шын құлаштап жаза алмай.

1976

## МӘСКЕУГЕ

Жасырып, қымтар сырым жоқ,  
Шындықтан қия басадым.  
Мәскеуге тарту жырым көп,  
Жалынын қосқан жас шағым.

Талдырмаш, тәптеш кезімде  
Студент күнді бастадым.  
Ауылдан әкеп, өзінде  
Балалықты тастадым.

Құлшына жайдың наз құшак,  
Сыйынның алдым төуірін.  
Осында өтті жастық шақ,  
Қызықты, албырт дәуірім.

Анашым, шіркін, аяулым,  
Мен едім жалғыз сенгені.  
Мәскеуге жетсем жаяулы,  
Қайтты ғой ауыр еңбегі.

Сөз айтсам бүгін шеттенбей,  
Тірлігін маған беріпті.  
Тапсырып әкем кеткендей  
Мәскеуге мені теліпті.

Сол жылдар сөнген жүрегін  
Жырыма орап сақтағам.  
Еске алып бәрін бір демде,  
Бір демге ғана шаттанам.

Тапқам жоқ жеңіл қуаныш,  
Сыңаржақ біреу сөккендей.  
Аз емес бірақ жұбаныш,  
Мәскеуге есен жеткендей.

Айтуға жаным жалықпас,  
Қара көз қалқа тіл қатты.  
Мәскеуде таптым айықпас,  
Махаббат деген «сырқатты».

Москва-өзен жағанда  
Қадамым сәтті құт алды.  
Маған да қымбат, оған да  
Жүректе жалын тұтанды.

Жарасты біздің сәніміз,  
Сол жұқатай сары қыз  
Астана құрды төрімде,  
Бірігіп кетті жанымыз.

Бергенін тағдыр лайықтап,  
Уақыт та жетпес нәштеуге.  
Сен үшін, Мәриям, байыптап,  
Арнадым алғыс Мәскеуге.

1976

## ҰЛЫМА

Дос боларсың, ұлым-ау, түбі кімге,  
Елігерсің,  
Елтірсің түрлі гүлге.  
Қажет болып халқыма өтем десең,  
Айырбастай көрмеші күнді түнге.

Жолықтырар ауыр жол кімді кімге,  
Сүріндірер кейде ол тілді пілге.  
Іс тындырып тірлікте өтем десең,  
Жалғастыра білгейсің түнді күнге.

1975

## ӨЛЕҢ СӨЗГЕ ЖҮРЕКТІ ҮЗІП БЕРЕМ

Мейлің жалын, жалбарын,  
Құран ұста,  
Өлең келмес қол жайған сұранышқа.  
Кейде оятар жатқанда шырт ұйқыда  
Қорқынышты жорытып қуанышқа.

Қыз періште  
Сыбырлар төмен келіп,  
Қызықтырар, көз тартар көленденіп.  
Қысылтаяң жұмыста отырғанда  
Бір бүйірден түртіклер өлең келіп.

Қияларға ел сенген қонып жүрмін,  
Жамандықтан жақсыны қорып жүрмін.  
Азаматтық, ақындық араласып,  
Өзім бөгет өлеңге болып жүрмін.

Жоғалмасын дегендей кәтерім бе,  
Жаза салам тың ойды қапелімде.  
Солай менің жазылды көп өлеңім –  
Басы жолда, аяғы пәтерімде.

Мотор міндік,  
Ат жеккен қол үзді арба,  
Жетектейді бұлт сырғып,  
Жол бізді алға.  
Бунақталып аспанда самолётте,  
Жинақталар шумак бар поездарда.

Қайталайды көмескі кадамды да,  
Таңырқаймын,  
Ұстаймын жағамды да.  
Әкеледі алдыма мүсіркетіп,  
Көрмей кеткен  
Айыпты адамды да.  
Жыр жұлдызы  
Жарқ еткен менің шерім,  
Пәктігіне күмәнсіз сенуші едім.  
Әкеледі ақ елес, қиял бейне,  
Қыз қалпында біреудің келіншегін.

Қолыңдағы көрмеймін жүзіктерді,  
Құралмады әр сөзі үзіктелді.

Ол жамай ма,  
Тас бітеу ескі жара,  
Беріштелген мендегі үзіктерді.

Түсім болып,  
Қандай бір қызық көрді,  
Жанарына ақ маржан жүзіп келді.  
Жүрегіме сол тамшы жаркылымен  
Жыр жолдарын өшпестей сызып берді.

Сондай сәтте  
Көрместі көрем де мен,  
Өзімді өзім ұмытып өлеңденем.  
Көкірегім жол салып  
Көз көрмеске,  
Таудан биік, теңізден тереңденем.

Жыр мұхиты төсінде қызып денем,  
Өр толқынды мандайлап бұзып келем.  
Жаралы аңдай мінезім жарылқағыш,  
Өлең сөзге жүректі үзіп берем.

1976

### АБАЙҒА

Махаббат пен бостандықтың құдайы,  
Жарық себер жәрдемшімсің ұдайы.  
Көкірегімді сен ұйқыдан ояттың,  
Асыл жырдың жарқыл қағып Күн, Айы.

Әліппемсің, әдебиет, емілем,  
Емілеме ақ ниетпен берілем.  
Адам үшін өз жолы бар Алланың,  
Жыр құдайы атап өтем сені мен.

1976

### ШАХТАНЫҢ ҚАЛҚАНЫ

Самсаған сансыз шырақтар —  
Шахтаның нұры жанып тұр.  
Бауырында кен-бұлақ бар,  
Мейірі соған қанып тұр.

Гүілдейді желдеткіш,  
Күні-түні тынбайды.



Шахталар жеткен көрсеткіш  
Тамырын ұстап тындайды.

Көркейткен Сарыарқаны  
Салтанатты шатырдай,  
Шахтаның берік қалқаны  
Күзетте сергек батырдай.

Кен заулаған ағыннан  
Кол-аяғы талмайды.  
Қара бурка жамылған  
Ер Черкестен аумайды.

Алғандай жарлық тақсырдан  
Секілді сергек елшілер.  
Мүлгіме деп тапсырған  
Забойда жүр кеншілер.

1976

### МӘСКЕУДЕГІ ПӘТЕРІМ

Ақша бұлттар балконда бірге тұрғандай,  
Зәулім биік Мәскеуде біздің үй қандай.  
Бөлмелері әрі жарық, әрі кең,  
Ауылдан келген қонақтар тегіс сыйғандай.

Көрініп тұр шіркеулер күмбез алтыны,  
Шартараптың естілер тыныс-қарқыны.  
Шашырап жатыр түнгі салют оттары  
Аккулардың қанатындай жарқылы.

Табиғаттың жымындасып мың қызы,  
Жалғасып кетті жер мен көктің жұлдызы.  
Жарқ-жүрк етті  
Телегей-теңіз оттары,  
Салтанат құрды түндегі көше күндізі.

Біліп пе едік астанада туатын,  
Қуаныштардың қызуы мен қуатын.  
Құтты болсын айтқандарға бар мәзір,  
Дәм-тұз дайын, дастарқан ашық тұратын.

Көбік пен шырын құлын тайдай шапқылап,  
Бұлқынар шампан аспалы шамға атқылап.  
Домбырадан «Сарыжайлау» күйі төгілер,  
Тамсанар көршім сұлу саз сүйгіш, саккұлақ.

Құрбылардың буындары балқысын,  
Ән салайық, жігіттер де шалқысын.  
Мәриям-ау, қазы-қарта асып қой,  
Москвада ауылдың иісі аңқысын.

1976

## ӨЛЕҢДЕР КЕТТІ ТҮНШЫҒЫП

(Мұқағали Мақатаевқа)

Үзілсе қайран сезім-гүл,  
Отырғам жоқ оңай боп.  
Шаң тастады көңілдер,  
Жыр жорғасы топай көк.

Көріп ем сәтті кездерін  
Аспаннан жұлдыз алғандай.  
Естіп ем отты сөздерін  
Аузына құдай салғандай.

Болса да мүмкін төр сенде,  
Тайсалмай айтар кей сырын.  
— «Лифтіде сұлу» көрсен де,  
«Гәккуиң» артық, — дейтұғын.

Аударып еді Дантенің  
«Жұмағын» алмай, «Тамұғын».  
Өмірдің де жан телім  
Жаяулап көрді жабығын.

Құлшынса кейде ес кіріп,  
Еділдің лебі қаулайтын.  
Қазақы күйше естіліп,  
«Апассионата» заулайтын.

Ертерек кетті, шіркін-ай!  
Ол мықтының бірі ғой.  
Өлді деген ілкім ой  
Сендірмес тарлан тірі ғой.

Ақын өлді демендер,  
Жыры жүр жерде құлшынып,  
Жазылмаған өлеңдер  
Кетті ғой, әттең, түншығып.

1976

## ЖУСАН ГҮЛ

### 1

Соғыс жылғы балалардың бірімін,  
Аяусыз тұрмыс,  
Танытқан талай ғылымын.  
Әкесіз өмір  
диссертациясын қорғадым,  
Алдағы шептер  
алғанда оқтан тынымын.  
Қорғай бердім,  
Қорғана бердім. Тірімін.  
Қайысса да,  
Майысқан жоқ жілігім.  
«Жалғыз қалды-ау», —  
деп көз жұмған солдаттың  
Сөндірмей келем ең соңғы  
тартқан шылымын.

Тез есейдім,  
Көп болды ерте ұққаным.  
Дауыл жел жұлқып,  
Ығыстырса да ықпадым.  
Қара мұржа  
Қарасыны есен-сау.  
Түтіні түзу шаңырақты  
жықпадым.

Жайған жоқ өмір  
алдыма даңғыл кілемін,  
Жас едім, анам  
айтқанда ақтық тілегін.  
Ашыда өстім,  
Гүл болсам, жусан гүлімін,  
Жусанды жер  
жұтамас деп білемін.

### 2

Әрине, адам  
Жусанды төске такпайды,  
Әсемдікке өлеміш гүлдер баптайды.  
Бірақ сонау

Даланың дәмін татқандар  
Жусанның иісін  
Көкірегіне сақтайды.

Естілмес менің аспаннан жұлдыз алғаным,  
Не болмаса  
Ғарышқа жалғыз барғаным.  
Аңсаймын тек  
бір иіскеуге тұратын,  
Жырыма сіңіп жусанның иісі қалғанын.

1976

## АУЫЛДА КӨРГЕН СУРЕТТЕР

Желпініп орман қозғала,  
Жатыр ғой толқып боз дала.  
Күндерім қайда бозбала?!  
Ой-һой, шіркін, дүние-ай,  
Ақ қайың, кеңес қозғама.

Көк Есіл күліп қарайды,  
Қанатын аққу тарайды.  
Осындай еді-ау арайлы,  
Ой-һой, қайран жастық шак,  
Ұнаттық біз де талайды.

Орманнан шыққан желіп те  
Қарашы кербез елікке.  
Еліктей қызды көріп те,  
Ой-һой, асау заман-ай,  
Тым үркектеу дедік пе?!

Ояңға кара, ояңға,  
Ақ қоян көрдім ой, Алла!  
Қыз еді аптақ қояндай,  
Ой-һой, сұлу тіршілік,  
Құмарттық талай бояуға.

Жез қанат қалқып белдеуде,  
Киіктер шықты желдеуге.  
Қара көз дайын кел деуге,  
Ой-һой, шіркін, күштарлық,  
Бола ма саған сенбеуге.

Туған жер солай қыстайды,  
Қыстайды, құрмет ұштайды.  
Жадымда берік ұстайды,  
Ой-ной, шіркін, қара көз,  
Бәрі де саған ұқсайды.

1991

## РОМАНС

Кез болдык бүгін екеуміз  
Той, думан, шаттық ішінде.  
Жан-жаққа қайта кетерміз  
Көргендей тәтті түсімде.

Сағыныш сырын сезбес кім  
Құмартқан қара көзіңнен.  
Бақытты күнмен кездестім –  
Ауылда қалған өзіңмен.

Шыдашы ұзақ өпсем де,  
Алайын ләззат құнықпай.  
Көп жылдар көрмей кетсең де,  
Жүріпсің көңіл суытпай.

Тамаша бір кеш қасымда  
Болғаның маған жұбаныш.  
Тап сендей сұлу жасымда  
Сүйгені қандай қуаныш.

Сырым жоқ елден жасырған,  
Аңсатып қайта қылмақ зар.  
Кетеді қазір асыл жан,  
Тулап қал, жүрек, тулап қал.

1992

## СӘЙКЕСТІК

Болжаса да боларын астық қанша,  
Әкеледі сүмбіле қастық қанша.  
Нағыз диқан бет алды даурықпайды,  
Бидай болып мол егін бастыққанша.

Ақынға да досы мен қасты ұққанша  
Көмескілеу, күнгірттеу наз тұр қанша.

Нағыз өлең, шын өлең келмейді екен  
Көзіңнен жас,  
Көңілден тас шыққанша.

1976

## СЫРЛАСУ

Сыр жетім ғой  
шын досқа ашылмаған.  
Адам жақсы  
арманын жасырмаған.  
Ақындар да өледі іздеуменен  
Бір шындықты ашам деп, ашылмаған.

Кел, қанекей!  
Кел, достым, ашыл маған,  
Көрінесің көктемдей жасылдаған.  
Тілегі бір адамдар тілдеспесе,  
Жетім болып көрінер ғасыр маған.

Дертін ұғам,  
Жүректің шетін көріп,  
Қызықпаймын жай ғана бетін көріп.  
Жақсылардан жақсылық тере алмасам,  
Өтер ме едім мен нағыз жетім болып.

1976

## ӨЛЕҢ-ҚАЙЫҚ

Сен берсең кейде маған ақыл-кеңес,  
Демеспін, Мәке, мұның мақұл емес.  
Тек қана өзгені өлең тыңдамайды,  
Жүрегін алдағандар ақын емес.

Сен дағы мен безгеннен безгендейсің,  
Тілеулес ой арманын кезгендейсің.  
Өзіңнен бұрын көрген қыздарды айтсам,  
Тексеріп, қызық өлең сезгендейсің.

Дүп-дұрыс, нағыз өлең, қызық өлең,  
Ұмсындар, қымсындар да қызуы ерен.  
Мен қызық естеліктер айдынында  
Өлеңді қайық қылып жүзіп өлем.

1976

## АРТЫМДА ҚАЛҒАН ҚАДАМДАР

Кенші болдым  
Тар забойда шайқаста,  
Жай тасқа емес,  
Құмарттым кені бай тасқа.  
Мансаптан аулақ,  
Мақсаттар биік жетелеп,  
Екпінім еркін,  
Келемін өмір айқаста.

Тау киратып,  
Жартасты жықсам сұлатып,  
Алғам жоқ жүлде  
айқай-шумен сұратып.  
Мен ғашық жүлде – адамдарды қуанту,  
Көңіл жыртып,  
Көрмедім бірін жылатып.

Жүрексіңсен  
Жағасы тайғақ өткелден,  
Мені ізде достым,  
Өзім де қамқор көп көргем.  
Қателесіп жүр деп қана ұғамын,  
Болса біреу  
Ішінен үнсіз жек көрген.

Жетілген жоқ айласы молдау амалдар,  
Жебеді мені  
армандас, асыл адамдар.  
Өзімді өзім көп-көп даттап қайтейін,  
Шындықты айтар  
Артымда қалған қадамдар.

1976

\* \* \*

Адамның адамдығын көтерем деп,  
Өмірім бара жатыр ақ өлең боп.  
Туған ел,  
Қайда жүр деп қапаланба,  
Еш жерде жатып қалман көтерем боп.

Сырымды үк.  
Болсын әділ білгендігің,

Дәл мендей бекітеді іргенді кім?  
Бір емес, екі күнге есептелсін  
Аралдың айқасында жүрген күнім.

1991

## АНАМНЫҢ БЕРГЕН ТӘЛІМІ

### 1

Шілденің кезі  
Қасымда бірге Шота бар.  
Жауқазын едік  
Жанған күннен от алар.  
Жазатайым екі көзің көрмей қап,  
Боздадың сонда баурында қос боталар.

Білдірмедін  
Тұрсаң да шексіз арманда,  
Студент күндер.  
Аз күнге аңсап барғанда  
Сыйлаймын деп досымды менің жүгірдің,  
Сый-құрметің  
Асты ғой көзі бардан да.

Шошалада  
Табаға нан пісіріп,  
Шаңырақтан сақтаған сүрді түсіріп,  
Сол тұрған кейпің,  
Отырған қалпың ғажайып,  
Тамсантады,  
Сағыныш еске түсіріп.

Нағыз ана,  
Кең жүрек, кемел жаралған,  
Өзіндей жанды  
Іздесем жерден таба алман.  
Бейнеңе қарап,  
Бекем ғана жүруші ем,  
Жақындап маған  
Алыстағы бар арман.

Ауылдың іші  
Аруағындай сыйлайтын,  
Ауыр сөз түгіл  
Әзілге де қимайтын.



Құрбыларыңды ақсақалдар ұрысқанда  
Сендей бол деп,  
дәрісін дәмді тыймайтын.

2

Тоса да білдің  
Өзгелер тоспай кеткенде,  
Аяушы ем үнсіз  
Айықпас қапа шеккенде.  
Арманы жоқ артында сендей  
жары бар,  
Қара қағаз тапсырып мәңгі кеткенде.

Болсаң да бірі  
Қатардағы пенденің  
Өлді деген хабарға қиып, сенбедің.  
Оралмай жарың  
Кетсе де қырғын соғыста,  
Біздерге аян  
Тосумен жауды жеңгенің.

Туса да күнім  
Өніп-өсіп жетілген,  
Бейнеңді естен көз жұмғанша  
кетірмен.  
Ұл-қызым бар,  
Майрашым сенен аумайды.  
Жайқалды жапырақ  
Жердегі қалған жетімнен.

Адам көрсем,  
Көңілі қаяу, шетілген,  
Өзіндей мен де  
Ет кесіп берем етімнен.  
Аттандырып  
Оқуға мені қалғанда  
айтқаның сол ғой,  
Бір сипап жылы бетімнен.

Тіл қатуға  
Жалғызың сонда жасқанды,  
Арқалап қалдың  
Мен үшін ауыр аспанды.  
Қияға қанат  
Қақтырып, қарап тұрғанда

Қуанышыңнан  
Көрмейтін көзден жас тамды.

3

Есімде менің  
Ауырлыққа төзгенің,  
Жолыма бақыт,  
Өмірдің сыйын көздедің.  
Дидарың дана  
Шапағат шашып қалғанда  
Бұл ғаламды  
Көре алмайтыныңды сезбедім.

Берді ғой дүние  
Әркімге әр арманды,  
Арманың – менмін,  
Тірлігің жерде жалғанды.  
Көрсетпе деуші ең  
баласы өліп, артында  
Анасы топырақ салғанды.

Сөзімде менің  
Қосып алар жалған жоқ,  
Тәрбие берген  
дипломың қолда қалған жоқ.  
Ақ сүтіңмен бойыма сіңген қасиет,  
Одан артық  
диплом әлі алғам жоқ.

Таңдайымның  
татымды болса салымы,  
Тағдырымның есімде  
үлкен ғалымы.  
Кемшілігім – кейінгі күндер іздері,  
Жақсылығым – анамның берген тәлімі.

1976

## МЕН ӘЛІ ҰЗАҚ ЖОЛДАМЫН

Жетермін, мейлі жетпеспін  
Аңсаған алыс қияға.  
Жамандық уын екпесін  
Жүректе жалғыз ұяға.

Жасарып бара жатқам жоқ,  
Қасарып бара жатырмын.  
Тұғырымды әлі тапқам жоқ,  
Түйғындай бірақ батылмын.

Жақсыға жаттық еткем жоқ,  
Кездесе қалса, қолдадым.  
Жер ортаға жеткем жоқ,  
Мен әлі ұзақ жолдамын.

1976

## ЖЕЗДІ ӨЛКЕ

Жез қыртыс,  
Қабатталған қақ таңдайлар,  
Жез сандық  
Қазынасын ашқандай бар.  
Жақсыға жан үйірдей  
Күміс, мырыш,  
Қорғасын құшақтасып жатқандай бар.

Кеңгірдің тулай көшкен сеңі жезді,  
Жұмсақ құм, топырағы, көңі жезді,  
Жел екеш жел де жездей сыңғырлайды,  
Акку, қаз қиқу салған көлі жезді.

Жезкиік осы манды паналаған,  
Жез шөккен жылы жерге балалаған.  
Жануар қырды жайлап, құмда қыстап,  
Мың-мыңдап жезді өлкені аралаған.

Балқаштың беті күміс, түбі жезді,  
Шөл беткей  
Жазғы, күзгі гүлі жезді,  
Жез құйған биік өңеш заводтардың  
Таңертең дабыл қаққан үні жезді.

Шежіре қарт Ұлытау төмамдайды,  
Қыз-Балқаш жаутан қағып, алаңдайды,  
Арқаның астанасы болғандығын  
Жезқазған жер шарына хабарлайды.

Қарсақпай, Қаражалдар еңселі ісі,  
Тандантар Саяк, Жәйрем теңселісі,  
Ақшатау жақұт-маржан шашу шашып,  
Мырзалық көрсетеді жер серісі.

Ескенде Арканы өрлей таң самалы  
Қырда мал, ойда завод ән салады,  
Өзгерген өміріне жезді өлкенің  
Көрген жан, естір құлақ тамсанады.

Туған ел жаңа қарқын белесі-ау деп,  
Жезді өлке жедел өсер жер осы-ау деп.  
Көз салып келешекке қуанамын  
Осының бәрі осал емес-ау деп.

1976

### ӘЙ, ТОҚТА!

Ожар шың,  
Ойлы шоқы,  
Күдір жартас.  
Қыз қайың,  
Балғын терек,  
Шырша қалқаш.  
Жақпар тау,  
Жазылма бел  
Арқа жері-ай.  
Көкшемен  
Көмкерілген  
Шеті Балқаш.

Көп егін.  
Ат шаптырым,  
Кең жайылым.  
Қарлы Алтай,  
Сәнді Атырау  
Ақ Жайығым.  
Құмдарды  
Қызыл, кара  
Суыртпақтап,  
Әму, Сыр  
Егіз еркем  
Жазды айылын.

Жанар гүл,  
Көгершін көз  
Меруерттей.  
Аксатып,  
Жандырасын  
Мені өрттей.  
Көк белбеу  
Есіл, Ертіс  
Елендетіп,  
Болады  
Екі көзім  
Неге төрттей.

Сағыныш –  
Сезім гүлі  
Сөзге үйретті.  
Барқын түн  
Бәрін қалай  
Көзге үйілтті.  
Көзде аққу,  
Суда сазан,  
Көкте қыран,  
Көріп қал  
Күміс бауыр  
Жезкиікті.

Аға – тау,  
Алма ағашы,  
Жоталы бел.  
Адамның  
Көздеріндей  
Ботаны көр.  
Әй, тоқта!  
Бәрі менің  
Отаным ғой,  
Қойлы ауыл  
Көрінеді  
отарымен.

1976

## БІЗДІҢ АУЫЛ

Біздің ауыл – Үкілі Ыбырай ауылы,  
Қойны ырыс Жалғызтаудың сауыры.

«Гәккулеткен»  
аккулы өлкем осында,  
Осынау жерде қыз-бозбала тәуірі.

Көрші жатыр Ақан сері мекені,  
Орынбайдың еліне өнім жетеді.  
Күлизатпен қосылғанда Елемес,  
Сексен көлдер...  
төңкеріліп кетеді.

Ақку, қаздар солқылдатса сырнайды,  
Ұмытылар мың қасірет, мың қайғы.  
«Жезкиікті» құмарлана шырқасам,  
Сұлу Көкше мұнарлана тыңдайды.

Толқындайды Саумалкөлім шүпілдеп,  
Орман-тоғай аялаған күтім көп.  
Ақ қайындар  
билегенде қарсы алып,  
Жүрегімді бір аламын бүтіндеп.

Бала күнді, болашақты зерлеймін,  
Үнсіз ғана:  
«Қайран, туған ел» деймін.  
Беу, ағайын, шынымды айтсам,  
баспа-бас  
Жалғызтауды Гималайға бермеймін.

Елестейді кешкен тағдыр жасымда,  
Бабам ізі жатыр тау мен тасында.  
Мен Меккеге табынғандай  
тебіренем  
Жан анамның тұрып қайтсам басында.

1998

## ҚАНЫШ АҒА ШӘКІРТІ

(Қажымұрат Нағмановқа)

Жезқазған десем, Сәтбаев еске келеді,  
Сәтбаев десем,  
Қаламым аттай желеді.

Қанышқа тартқан қаны қазақ жігіттер –  
Жайдары, жайсаң достарым, шіркін, көп еді.

Оралып елге,  
ойланған кезде жабығып,  
Бір жігіт көрдім  
Сырымды жүрген дәл ұғып.  
Ол – сен едің, Қажымұрат, қуантқан,  
Киелі көштің сүбелі жүгі табылып.

Сен қайдан келдің?  
Омбыдан, әлде Томбыдан,  
Мән бермей өстім  
Жасымнан әсте мен бұған.  
Сәкен аға секілді сері екенсің,  
Қанекемше жүрегің адал, кең туған.

Жігіттің маған ұнайды мығым әр ісі,  
Сонымен құтты тіршілік тынбас жарысы.  
Ақан, Біржан бір ұшқыны бар сенде,  
Құлшынтпай қоймас  
Құлагер қызу шабысы.

Бар сырым осы бір айтуға сақтаған,  
Бұйырды биік тірлікте талай тақ маған.  
Соның бәрін былай қойып қашан да,  
Жезқазғандық жігітпін деп мақтанам.

Ойымда жоқ  
Себепсіз сені кіл мақтау,  
Есіме келмес  
бұлтара сөйлеп, сырғақтау.  
Мен үшін сенің  
Бүкіл өмір жолында  
Жезқазғанда қалдырған ізің қымбаттау.

Жаңаша қарқын,  
Бастап ең жарқын күресін,  
Әмбеге аян  
тер төгіп, қосқан үлесің.  
Қажымұрат,  
Зор атақ саған бұйырды,  
Қаныш аға шәкірті болып жүресің.

## БАЛҚАШТАҒЫ ТЕБІРЕНІС

Қыз-Балқаш жатыр жайнап, толқынданып,  
Толқынды толқын қуды тоқым қағып.  
Жағаға өрен жетті асау толқын,  
Сарғайтқан сағыныштан солқыл қағып.

Қыз-Балқаш, сұлу Балқаш, ару Балқаш,  
Жұмақтай құмға біткен дәру Балқаш.  
Жетсеңші жағасына жалғыз ғана  
Көрмеген көптен бері зәру қалқаш.

Көгілдір, көк теңіздей шалқар айдын,  
Өтпекші көл төресін байкамай кім.  
Баяғы құштар күндер еске түсіп,  
Атыңды үнсіз ғана қайталаймын.

Тау жақтан Іле келіп, сүйгіледі,  
Мың рақат, тәтті ләззат күйді лебі.  
Өзенді құшағына қысып алған  
Қыз-Балқаш ет-жүректі күйдіреді.

Шағала ақ толқынды айқара алмай,  
Шаңқ етті асау желді тойтара алмай.  
Тебіренген көл шетінде маған келді  
Жүзімнен жүз сағыныш байқағандай.

Секілді су бетінде торғын бөрік,  
Не деген «Көкаралда» жойқын көрік.  
Ішінде сен жүргендей мені тосып,  
Бір сүңгіп жеткім келді толқын болып.

2000

## КӨКШЕДЕГІ КЕЗДЕСУ

Көкшетау қарсы алғанда ән-күйменен  
Пәк сезім қандай ғажап жан билеген.  
Туған жер сый-құрметін көріп қайттым,  
Анамдай ақ бесікте әлдилеген.

Қарсы алды інілерім, ағаларым,  
Әр әннен есті құштар самал ағын.



Аккудай қарындастар «Гәккулетсе»,  
Қыз-шабыт жан талабын жаңаладым.

Күрсінткен өмір жүгі қайда қалдың,  
Сол кеште ауылым қонған Айға бардым.  
Желбіреп аппақ шашым жыр оқысам,  
Қайтадан қайрат-жігер қайрап алдым.

Інілер әнімді айтса гитарлатып,  
Домбыра бұлт аунатты ырғай шалқып.  
Оркестр сексен көлді мың толқытса,  
Бой жаздым сағынышты бір тарқатып.

Қалқаның болып жүрген көркі қайғы,  
Иран сал шырқап салды «Бөркің-айды».  
Толқыса «Ақ тырналар», «Аққу жеткен»,  
Шыбын жан қалай ғана толқымайды.

Кездестім бірге оқыған дос-жаранмен,  
Сахнадан жыр арнадым, оспақ әнмен.  
Бетінен Зейнікештің бір сүйгенде  
Балқыдым бал тосқандай тостағанмен.

Ашылса мектептестің кең жүрегі,  
Көрінді тіл қатысқан ем-тілегі.  
Жанары баяғыдай жарқ еткенде  
Мен түгіл, бәйбішем де елжіреді.

Құттықтап жыр төгілткен талабымды,  
Неғметжан татымды сөз таба білді.  
Мың рет шақырсаң да қайтып келмес  
Еріксіз елестетті бала күнді.

Туған ел, сен шақырсаң, самғап жеттім,  
Бір кешті сан жылға азық, ардақты еттің.  
Қайтадан көріскенше күн жақсы деп,  
Мың алғыс бәріңізге арнап кеттім.

2000

\*\*\*

Бұлт сүйіп тұр Көкшетаудың төбесін,  
Бір карап қал, қызық сурет көресің.

Еміп жатқан елестейді ақ бота  
Ақша бұлттар арасында енесін.

Тірі құбылыс бұлт шөккен тау мұнары,  
Ғаламатқа қанады адам құмары.  
Буырқанды «Ақ бура» тау сілкініп,  
Қол жеткізбей аспандағы сыңары.

Көшкен бұлттар кете барды желбіреп,  
Қала берді көгілдір тау мөлдiреп.  
Кербез Көкше көк шымылдық жамылды  
Анасымен қоштасқандай елжіреп.

Жалғастырып табиғат пен адамды,  
Сан толғаныс тербетеді сананды.  
Ақ шудаға қарай бердім мен дағы  
Бұлт ішінен көргеңдей өз анамды.

# Інжу-сезім

*Ақындықтың бір тамаша сыры бар –  
Сұлулықты жырлай-жырлай өледі...*

## ТУРАМ КІРІП МЕТРОНЫҢ ІШІНЕ

Ойда жоқта  
Кірді бүгін ес маған.  
Метроны көріп, сені еске алам.  
Тос деуші едің метроның алдында,  
Сертке мерт кез,  
Бұлжымаушы ем бес қадам.

Болжаулы жер,  
Қарсы алдында сағаттын  
Жыл тоссам да  
Жылжымауды жараттым.  
Қыстың күні.  
Бәтеңкешен студент,  
Жүрек ыстық,  
Бойға аяз тараттым.

Не амал бар махаббаттың күшіне,  
Ол өктем ғой  
Тәжірибесіз кісіге.  
Енді мені кездесуге шақырсаң,  
Турам кіріп метроның ішіне.

1975

## БІР АЛМАНЫ ЕКІГЕ БӨЛМЕЙІКШІ

Жалғыз алма,  
Япырмай, жалғыз алма,  
Қызыққанға құмарлық жанғызар ма,  
Қаққа бөлу қолыңнан келмей қалып,  
Тиесіден бір сөгіс алғызар ма.

Адам-ата, Хауа-ана табиғаттан  
Алма арқылы біздерге тәлім артқан.  
Бір алманың бөлісі сәтсіз болып,  
Қуғын-сүргін алғашқы дәмін татқан.

Дін-аңызға, бәйбіше, сенбейікші,  
Бірақ шатақ дегенді көрмейікші.  
Өзін-ақ же,  
Тәттілеу болармысын,  
Бір алманы екіге бөлмейікші.

1975

## МОДА ЖӘНЕ МОДЕЛЬЕР

Кұлшындық,  
Мода көріп бәріміз де,  
Ер-әйел, жасымыз да, кәріміз де.  
Ұмысндық,  
Келер-ау деп қайсысы лайық,  
Кұрбыны қызықтырар сәнімізге.

Жұтынып жұрт тігілген жаңа бөзге,  
Жалтақтап жанарлары жанады өзге.  
Тек қана  
Мен отырмын талмай қарап,  
Мода емес, модельер қаракөзге.

Келді ғой  
Кейде орнымнан тұрып кеткім,  
Келді ғой  
Қасына еріп жүріп кеткім.  
Монтиған момақан қыз, айтшы қалай  
Өзіңді модадан да қылықты еттің.

Ой, Алла-ай!  
Адам ба екен, ауа ма екен,  
Жүзінен шапағат нұр жауады екен.  
Қыпша бел сен көрмесең үзілердей  
Назарың наз қимылға ауады екен.

Әшекей,  
Егіз сызық қас тамаша,  
Жарайды-ау бір бүлікке бастамаса.  
Сынық сым, жарты шеңбер кірпіктері,  
Керілмес көз қиығын тастамаса.

Кұбылып,  
Сикыр кербез күледі екен,  
Жылылық келбетінде жүреді екен.

Қос жанар түнде жанған қос шырақтай  
Жарқ етсе,  
жүрек басын тіледі екен.

Екі иық сыланыңқы,  
Майқы тайпак,  
Құшаққа шақ құйылған,  
Қалдым байқап.  
Ақ тамақ тіл қатардай бүлк етеді,  
Теңселсе аққу мойын басты шайқап.

Қолаң шаш қасақана төгілгендей,  
Қос анар  
Қолдан жатық егілгендей.  
Кіл таза,  
Мінсіз нәзік екі бетке  
Екі мең әдей ғана себілгендей.

Еріндер – еңлік гүл жапырағы,  
Шәрбатын ауа арқылы татырады.  
Қос балтыр жолды кескен жезкиіктей  
Көз арбап, ерсіл-қарсыл қатынады.  
Керімсал құлын білек,  
Жайлы құшақ,  
Мазасыз махаббатқа сайлы құшақ.  
Сырт бүтін, ішің түтін, телміресің  
Қызыққан ханшайымға жарлығы ұқсап.

Сұлулық!  
Қайда мені жетеледің,  
Өзгеден неге орғаш жекеледің?  
Қарама, тау түніндей тұңғыық көз,  
Тынысым тоқтап қалса не етер едің?

Жыр жаздым көкіректі бунаған соң,  
Жоқ жерде тентек жүрек тулаған соң.  
Сен кешір, модельер қыз Корнелия,  
Қайтейін мен Корнет боп тумаған соң.

1975

## ӘКЕЛДІҢ МӘҢГІ СЕРІК САҒЫНЫШТЫ

Сыр шертем  
Мұны қалың естілерше,  
Тізілтем жан самалын кешкі желше.

Қияда соқыр жолдан сокпақ табам,  
Тимеген жүген, құрық бестілерше.

Таусылмас шексіз қиял көп арманым,  
Сенсіз де аз емес қой жоғалғаным.  
Айырылып ата-анадан жас қалғанда  
Ел жебеп,  
Естен кетпес оңалғаным.

Күтпеп ем  
Өзің жақтан қатер, қауіп,  
Өткінші болды аз күн өтер сауық.  
Жүрегің маған құштар жаралса да,  
Кетіпті басқа жайлы пәтер тауып.

Шыдаймын  
Қауласа да жалын ішкі,  
Сау басым болмас бірақ жалынышты.  
Әкелдің екеуімізге мәңгі серік,  
Сарқылмас көз жұмғанша сағынышты.

Қымталар  
Ізгілікпен бүгін іргем,  
Аулақпын тым ойсырап, түңілуден.  
Тас беріш жатар батып жүрегімде,  
Сол артық оқыс құлап, сүрінуден.

Сұм тағдыр бізді мықтап телімеген,  
Әкетті адастырып сені менен.  
Сағыныш көкіректе толқып жатыр,  
Теңіздей мың теңселсе, кемімеген.

1975

\* \* \*

Жырлаймыз, кейде тынбаймыз  
Махаббат таңын суреттеп.  
Зыр жүгірер тіл байғұс  
Бір туралап, бір шеттеп.

Отырсың белді бұғалы,  
Өтем деп түгел тәмамдап.  
Келмей ме жырлап туғалы,  
Сен түгіл, бүкіл адамзат.

Акыным, етпе өкініш,  
Айтылмасқа асықпа.  
Түгенделмес өтініш,  
Өзге түгіл, ғашыққа.

Жаралған нәзік жаны гүл,  
Елбіреп кірер түсіңе.  
Бәрін айтсаң тағы бір,  
Сәуле түсер ішіңе.

1975

## **БІР МІНЕЗІҢ ҰҚСАП ТҮРСЫН ҚЫЗДАРҒА**

Жаксы әйелді  
Еркекке ұқсас атайды.  
Кей еркекті  
Қыз мінез деп мақтайды.  
Кей пірадар  
Әйелденіп қылмиып,  
Кей бикештер  
Мұжық болып қатайды.

О, еркектер!  
Біздер еркек болмасақ,  
Жерді жыртып,  
Егінді ерте ормасақ,  
Жауымыз да  
бізден айыл жимайды,  
Барлық еркек  
әйел болып сорласақ.

Әйелдер-ау,  
Үйіндегі күйеуің  
Нәзігім деп,  
білесің ғой сүйерін.  
Жүрегіңнің жылуына масайрап,  
Түсіне біл басын мәңгі иерін.

Болмай-ақ қой сендер еркек, біз барда,  
Қаңтарларда қалдырмаспыз ызғарға.  
Беу, бәйбішем, қанша жасқа келсең де  
Бір мінезің ұқсап тұрсын қыздарға.

1975



## КЕЗДЕСУ СЫРЫ

Мың сәлемін бір көруден аспайды,  
Сағынышты ұлғайтады, баспайды.  
Бұлттан әрі күн күлімдеп тұрса да,  
Көлеңкеде гүл қауызын ашпайды.

Кездесуден жүз құбылған сыры бар,  
Жанарыңның менсіз жанбас нұры бар.  
Қайта-қайта қинағанша сәлеммен  
Бір кездесіп, жүрегімді жұлып ал.

Кездескенде ынтық зарың канады,  
Махаббаттың сол ғой мәңгі талабы.  
Аз уақытта бар сырыңды айтып қал,  
Қоштасарда уақыт жетпей қалады.

Қандай жақсы аңсап, сусап кездесу,  
Жан талабын, көңіл сырын тез шешу.  
Бәрінен де ең ғажабы сол шығар —  
Қуанышты қайталауға сөз кесу.

1976

## СУРЕТ КӨРІП ТҮРҒАНДА

Жүректі үшке тілген  
Айтайын бүкпе тілмен.  
Көгалда сұлу отыр  
Қос балтыр бүктетілген.

Сақта деп ұрыншақтан,  
Шуақта тыныш жатқан,  
Аумайды ерте туған  
Құбақан құлыншақтан.

Ашқандай таң түндікті,  
Құлпыртты бар тірлікті.  
Қос жанар жарқ еткенде  
Денемде қан дүрлікті.

Тәртіпке қаталдайсың,  
Жұртқа еріп, қатарлайсың,  
Тірі көз көреді ғой,  
Көрді деп ақы алмайсың.

Екі бет манаураған,  
Қуаньш танаулаған.  
Тап сондай жүзі жылы  
Кездесер санаулы адам.

Жымиып күлді неден,  
Бір сезім білді менен.  
Қозғалып кетті білем  
Еріндер үлбіреген.

Көркемдік күдірет қой,  
Қасиетін біліп ек қой.  
Бөйбіше, сатып әпер,  
Ғажайып сурет қой.

1976

## БІР ҚИЯН

(Романс)

Жанарың жүрек өртеп, жарқыраған,  
Біз пенде, сіз періште хал сұраған.  
Көзге көз түйіскенде дәт шыдамай,  
Кейпімді сезесің бе қалжыраған.

Сескентпей қасымызда топыр қауым,  
Маужырап қызық екен отырғаның.  
Ескермей елігемін өзім дағы,  
Көрсем де көз алдымда көпір барын.

Құпия, жан сезбейтін тетік тауып,  
Отырам жетіп барып, кетіп қалып.  
Үңіліп жүрегіңнен жыр оқимын,  
Үстімен сол көпірдің өтіп барып.

Бір қиян, жұмақ екен қарсы алғаның,  
Азайтып көңіл жүгін, жан салмағын.  
Шабытты, сәтті шағым шаттандырып,  
– Ризамын өмірге – деп жар салғаның.

Құлшынып, құшақ жайып, қолтағанда,  
Келермін, келеді-ау деп тоспағанда.  
Көрермін дүниенің көп қызығын  
Мөп-мөлдір қос қарақат тостағанда.

1976

## СЕН ЕДІҢ ҒОЙ

Ауыл жаққа құстай ұшып, асығам,  
Көрсем деймін ақ қайыңдар қасынан.  
Сен едің ғой ақ дидары аңсатып,  
Жас жүрекке ғашық өнін тасыған.

Ажарыңнан гүлдей нәзік, балдырған,  
Көз алмаушы ем жасап іштей жан құрбан.  
Сен едің ғой құштар етіп, құлшықтып,  
Ең алғашқы ғашық отын жандырған.

Тарап едік бір мөуелі бұтақтан,  
Дәмі кетпес бал, шекердің бір татқан.  
Сен едің ғой көзден тайсаң, сағынтып,  
Ең алғашқы жыр шумағын тұтатқан.

Шақырады артта қалған гүл көктем,  
Әсем кештер, айлы тандар бірге өткен.  
Сен едің ғой ашық айтып жан сырын,  
Мен білмейтін ғашық тілін үйреткен.

Қиял екен сол ғажайып бір күнім,  
Асылы едің қатар өскен құрбының.  
Сен едің ғой таң мезгілде сайраған,  
Ең алғашқы мен естіген бұлбұлым.

Естен тансам, жан тылсымы үзіліп,  
Шыдатпады қарағаның сызылып.  
Сен едің ғой, әлі де сол, өзіңсін  
Жер бетінде жүрген маған қызығып.

1994

## ТАБЫСЫМ

Сенікі ғой жүрегім де, жаным да,  
Өзіңдікі өзге айтарлық барым да.  
Приватизация ерте жасап алыпсың  
Үкімет пен партияның барында.

Табысым сол – татулықты талғадым,  
Жоғалтқам жоқ махаббаттың бар мәнін.  
Жас тоқалмен жаңа ферма құрмадым,  
Жақсы болды бір өзіңмен қалғаным.

Өзің болдың көп әніме Бас әнім,  
Бас әніме қайта-қайта басамын.  
Саған мәңгі референдум өткізіп,  
Өзге әйелге мораторий жасадым.

1994

### БІР КЕЗДЕСТІМ

Бір кездестім... сәт қанатын жалғадым,  
Тамашаға танданудан талмадым.  
Бір кездестім... Содан кейін ешқашан  
Басқа қызбен кездесуге бармадым.

Махаббатты періштелер қорғайды,  
Жүздесуге көп шақырды жол жайлы.  
Бір кездесіп, ғашық болсам, сөкпеңдер,  
Кездеспеген қызды алуға болмайды.

Бір кездестім... қызды бойда бар жалын,  
Ләззат таттым, айту қиын ар жағын.  
Бір кездестім... Көл қорыған қызғыштай  
Енді қайтып қыр соңынан қалмадым.

Бір кездестім... тағат тапты арманым,  
Дос-жаранға толды төрім, жан-жағым.  
Ең ақылды ісім болды жалғанда  
Ең алғашқы кездесуге барғаным.

1995

### АҚҚУ КЕЛДІ

Аққу келді оралып өскен жерге,  
Еркем келді аңсаған көркем көлге.  
Алғыс айттым қосылып ару құсқа,  
Сырнайлатып сыбызғы ескен желге.

Аққу келді аймаққа, аққу келді,  
Ән толқытты ақ дала, алтын белді.  
Ұмыттырар бір күнім туар ма екен  
Көз ілмеген көп жылдар ақ түндерді.

Аққу келді қос көлге жұбын жазбай,  
Шаттық сепкен жаттаймын үнін наздай.  
Қасарысқан дауыл, жел қаптаса да  
Өтер ме едім қасында биыл жаздай.

Естілді ме тағдырға жалынышым,  
Жер бетінде ризамын барың үшін.  
Екі көзім көрсе де келбетінді,  
Баса алмай тұр жүрегім сағынышын.

1995

\* \* \*

Жаңылыс баспас жорғадай  
Жолыңды тәңірім ондағай.  
Келісті жерде кездессек,  
Кедергі бізге болмағай.

Жанарың өтпес торламай,  
Кірпігің салмас жол қалай.  
Құлап түс екі қолыма,  
Өзінді өзін зорламай.

Шаттықтың селін жимағай,  
Жер-көкке толқып, сыймағай.  
Еркіме менің көне сал,  
Жаныңды бекер қинамай.

Аспанда емес, қолдағы Ай,  
Болатын істі болжағай.  
Етіңе етім тигенде  
Шыдарсың қайтіп қолдамай.

Кетпесін балқып бой қалай,  
Махаббат қайтсін тойламай.  
Рақаттан өліп-өшетін  
Жан зекет мезет орнағай.

1997

\* \* \*

Жанартаумын жалыны бәсендемес,  
Ғашық жайлы көп айтам әсем кеңес.  
Бәрі соның от жүрек жомарттығы,  
Әлі аз емес ат байлап өтер белес.

Әлдекімге мен мейлі,  
Жақпайды екем,  
Мықтылықты арманым сақтау бекем.  
Кеншіліктің оралсам базарынан,  
Ақындықтың өрінен қайтпай өтем.

Тұнык жырым,  
таусылмас тұнык өнім,  
Қосыл, қалқам,  
Мен сонда шынығамын.  
Жүзге қарай жүгіре басқан сайын  
Махаббаттың отына құнығамын.

1997

### ӘН ҚҰШАҒЫ

Қара көз, кірпігіңмен тұсадың ба,  
Екі аяқ жарамай тұр үш адымға.  
Ыстықкөл қайығындай тербетілдім  
Толқыған қырғыз өні құшағыңда.

Назды, ерке, махаббатшыл үн шуақты,  
Үздікпей, құмарланбай кім шыдапты.  
Ей, қалқа, гүлдей нәзік дидарыңа  
Сағыныш салған белгі бір сияқты.

Қанеки, алыстама, қайта келші,  
Бар дертке бір өзіңдей қайда емші.  
Қаз дауыс қазақшылап қосылайын,  
Қырғызша ғашық өнін айта берші.

Қуансам, өнің ғана қалағаным,  
Ұнайды шырқай салып, қарағаның.  
Жасырын бір құпия қалмасын деп,  
Келіп тұр жүрегінді аралағым.

1997

\* \* \*

Сарыағашта – сары күз,  
Кемпіршуақ сәніміз.  
Көп сарғайтпай кездесті  
Сары тоқаш – сары қыз.

Тіл қатса жас балаша,  
Үні қызық тамаша.  
Алтын қасық секілді  
Жүзі әдемі, қараса.

Күздей жылы сары қыз,  
Шипа судай дәрі қыз.  
Болып кетті кең жалған  
Маңайымда бәрі қыз.

Қыз дей салсам межелеп,  
Кім тексерсін ежелеп.  
Сыр алысып тұрғанда  
Бір бала жетті «әже» деп.

Күзгі қайың – сары қыз,  
Естен кетпес балыңыз.  
Түсіп қалмай сұқ көзге,  
Әрең қалды жанымыз.

1998

### А.П. КЕРНГЕ

(А.С. Пушкиннен)

Есімде сол бір ғажап кез,  
Алдымда тұрдың мүлтіксіз,  
Елестей ғайып өткен тез  
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Үмітсіз қасірет мұң артқан,  
Үрейсіз дүрмек ішінде  
Үзілмей үнің құлақтан,  
Баурады бейнең түсімде.

Заулады жылдар дүбірлі,  
Ескі арман естен сейілді.  
Ұмыттым нәзік үніңді,  
Жүзіңді жұлдыз мейірлі.

Қараңғы түкпір жерде жат,  
Жылжыды күндер көңілсіз;  
Көз жасым, шабыт, махаббат,  
Тәңірімсіз және өмірсіз.

Оянған жаным келді кез,  
Алдымда тұрсың мүлтіксіз.  
Елестей ғайып өткен тез  
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Жөндеді жүрек бағытын,  
Ол үшін туды қат-қабат:  
Көз жасым және шабытым,  
Өмірім, тәңірім, махаббат.

1998

## ПУШКИН ЕСКЕРТКІШІ АЛДЫНДА

### 1

Түңіліп тұрсың, үңіліп,  
Қалғандай ойлап әрнені.  
Алдыңнан өтті бүгіліп,  
Бүгінгі тірлік пәрмені.

Ренжіткен өзінді  
Баяғы жалғыз патша емес.  
Сібірге жазған сөзінді  
Бүгін де орыс жат демес.

Сол күйде қалдың есте сен,  
Мүсінші ерен есті екен.  
Жәдігер сырын ашылды.  
Шегі жоқ сенде арманның,  
Мұңы ғой осынау жалғанның  
Көтертпей қойған басыңды.

### 2

Ойланып тұрсың, толғанып,  
Толқу бар бұйра шашыңда.  
Барады тұлған зорланып,  
Ғасырды аттап, ғасырға.

Бауырмал сөзге сенем мен,  
Жеткендей қамқор дүбірін.  
Ақын боп туған кемеңгер,  
Мәңгілік сенің ғұмырың.

Шақ келмес айтар теңеулер,  
Тілегім: жебеп, демеу бер,  
Шуағы шалсын нұрыңның.  
«Тағы тұңғыс» елденді,  
Тәуелсіз болып мен де енді,  
Біразын алдым мұңыңның.



## ҚОС АРБА

Бір көпірден өткен екен қос арба,  
Қос фазтон қарама-қарсы қатарда.  
Наталья Николаевна бірінде,  
Біреуінде Пушкин кетті  
Оқтасатын сапарға.

Дуэль бітті.  
Пушкин өтті өмірден,  
Данышпан сол. Оқтан ғана жеңілген.  
— Ешбір күнәм жоқ еді ғой, —  
Деп жары, —  
Жылап-сықтап егілген.

— Азабын-ай  
Қаза құшқан нәсіптің,  
Одан артық болар маған ғашық кім? —  
Дейді өксіп, — тағдыр жолы осындай,  
Ол дуэльге,  
Мен үйіме асықтым.

Ақын асыл патшадан да тақтағы,  
Әлем білді, ол дуэльден қайтпады.  
Бірақ әлі ғалымдарға беймәлім  
Екінші арба  
Қайдан келе жатқаны...

Бір көпірден өткен екен қос арба,  
Қос фазтон  
Қарама-қарсы қатарда.  
Осы сурет елестейді көзіме,  
Қай көпірде көрсем дағы ат-арба.

1998

## ЭКСПРОМТ

Ақ бетінді күнге тос,  
Күйер деме,  
Піскен жеміс жақсы ғой сүйерге де.  
Ақ төсекте жарқ етсең,  
Қызықтырып,  
Құлдың көзі төңіріне тиер деме.

1998

## НҮРИЕВ МАРАТҚА МАХТАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

Жаралдың сері мінез,  
жарқын ер боп,  
Сыйлаймыз Көкше деген  
алтын ел боп.  
Алпыста ардагер деп  
жұрт атаса,  
Шошыма,  
ардагерге контроль жоқ.

1998

### БҮГІНГІ ЕРЛІК

Мен дағы кешегіден қыздым бүгін,  
Мың-мың сан бишілердің үздім жігін.  
Өзгеден бұрынырақ жетіп барып,  
Әпердім жерге түскен қыздың гүлін.

1998

\* \* \*

*«Аллаға шын гашықтар пырақ мініп,  
Шырқырар құштарлығын шырақ қылып».*

Қожа Ахмет Йасауи.

Сұлу көрсе,  
ақын қалмас үндемей,  
Шыдай алмас  
бүлкілдеген бұл көмей.  
Беттен сүйсем,  
Жақсылыққа жорыңдар,  
Беу, арулар! Өзгелерің күндемей.

Бір ауыз сөз арнамасам сұлуға,  
Жарамас ем  
Сауық-сайран құруға.  
Беу, қаракөз! Жасқанбашы,  
Жарқ етіп,  
Бермен қарай нұр жүзінді бұруға.

Тула жүрек  
Жас кезімдей тулаған,  
Өтер-кетер дүние-дүрмек, шулы ағын.

Қос ерінге  
Қызыл тілмен жазайын  
Айтылмаған ғашық өлең шумағын.

1998

## БІР СҮЮ

*«Еллідеп, нәпсіге еріп, күнінбе құр,  
Көз ілмей, ішпей-жемей жүгін де жүр».*

Қожа Ахмет Йасауи.

Сүйісуден ернім менің кеппейді,  
Ғашық мезет сүйеу болып, септейді.  
Жер-жаһанның бар қызығы біз білген  
Бір сүюдің рақатына жетпейді.

Ақ бетіңнен алғашқы рет сүймесем,  
Осынау күнде сен қасымда жүрмес ең.  
Өпкен сайын өзім де елтіп қаламын,  
Күннен-күнге жасарғандай гүлдесем.

Сен сүйгенде шырақ жанды жүрекке,  
Қанат бітті бозбалалық тілекке.  
Бір сүймесен, жетпес едім ешқашан  
Құшақтасып, құрсау салған білекке.

Бір сүймесен махаббатқа бөлер кім,  
Онсыз біздің не болмақшы көрер күн.  
Көз жұмарда ақырғы рет сүйісіп,  
Тіршілікке алғыс айтып, сөнермін.

2000

## НАЗҚОҢЫР

Қалқаның кербез еді сымбат, сәні,  
Бір көру қол жеткізбей, қымбаттады.  
Көңілден кетсе дағы көзден кетпей,  
Назқоңыр ән толқыны сырғақтады.

Ақжарқын, еске түсіп кең жүрегі,  
Сағыныш салған өуре жеңді мені.  
Балкұндақ бала күнде салған өні,  
Жансая көкірек кернеп, келді лебі.

Ажары атқан танның алауындай,  
Дауысы сандуғаштай қалар тынбай.  
Тал бойы құба талдай елестейді,  
Махаббат ел шетінде жалауындай.

Назқоңыр, жаңа туған әнім бе едің,  
От па едің, лаулап тұрған жалын ба едің.  
Ырғағын тоғыз толқын толғандырып,  
Айтылмас бар сырымды мөлімдедің.

2000

## ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Есілге қонды аққу, қаз  
Ақ қанат сылқым сусылдап.  
Жағада тұрып болдым мөз,  
Аңсаған әннен сусындап.

Айдынның беті жайнады,  
Естіліп ерке саңқылдар.  
Жүрекке жалау байлады  
Есілге қонған аққулар.

Қызығып асау Есілге,  
Аз емес ойға түйгенім.  
Есімде ауыл кешінде  
Бетіңнен алғаш сүйгенім.

Толқытып құстар оралған,  
Құба тал кетті желбіреп.  
Оянды сезім жоғалған,  
Сағынған жүрек елжіреп.

Жанарың қонды жанарға,  
«Гөккуге» салса аққу, қаз.  
Өзіңнен жеткен хабарға  
Жалғанды жаным, айтып наз.

Қарағай, қайын желпінді,  
Құстарға қарап анталап.  
Биледі менің еркімді  
Жер-көкке қонған махаббат.

Ән туды еркін төгіліп,  
Тулады жүрек бір демде.  
Ажарың кетті көрініп,  
Аққуды аққу сүйгенде.

2000

### СҮЙІСУДІҢ ҚЫЗЫҒЫ

Сүйдім де, сүйіп жүрмін, сүйемін мен.  
Махаббат маусым шағы сүйе білген.  
Кел бері, бір сүйейін, тұла бойды  
Қыздырып жылу өтсін сүйегімнен.

Көргенде ақ жүзінді түледім мен,  
Сүймесем, адасармын тірегімнен.  
Еске алып бала күнгі бал сезімді,  
Сүйейін ернім емес, жүрегімнен.

Мың сүйсем, есім кетіп таңданып ем,  
Сүйіп ем ұзақ кеште жан-тәніммен.  
Қызығы сүйісудің шексіз екен,  
Ояндым сүйгім келіп таң сәріден.

Сүй қайта, өліп-өшіп қызыққандай,  
Тағы да бір сүйюді ұмытқандай.

### АБАЙ ӘНІН ШЫРҚАШЫ

Талай жылдар өтсе жылжып әріге,  
Тындай берер толқып жас пен кәрі де.  
Жан күйігін, көңіл шерін басайын,  
Салшы, қалқам, Абайдың бір әніне.

Сүйіп едім, сүйемін деп жар салам,  
Раушан жүзі көзден кетпей тамсанам.  
«Желсіз түнде жарық айды» басташы,  
Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған.

Бұлақ әні, жел сыбыры мұң артқан,  
Ертелі-кеш кетпей қойды құлақтан.  
Қараңғы түн тіл қатпайды, тау қалғып,  
Шыдатпайды жаным саған құмартқан.

Отты ләззат, тәтті шәрбат құндағын,  
Әнге орашы сағыныштың ырғағын.  
Келіп отыр көз жұмулы, көңіл мас,  
«Айттым сәлем, Қаламқасты» тыңдағым.

2000

## РОМАНС

Сен едің қыз патшасы менің көрген,  
Сый болмас бұдан артық өмір берген.  
Жас жүрек алабұртып,  
шыдатпайтын  
Сүйгім кеп нарттай қызыл еріндерден.

Табылып дертке дауа, есім кеткен,  
Жарқ етсең, арылдың мың қасіреттен.  
Жер шары  
Көз алдымда мың айналды  
Сүйгенде елтіп, балқып екі беттен.

Киіктей тал түбінде белін керген,  
Жан едің әр кимылың жеңіл келген.  
Аңсарым  
ақ тамаққа ауып кетіп,  
Денемді қытықтайтын демің келген.

Түспейді ғашық деген тұзаққа кім,  
Тұзаққа жараспайды ұзақ сарын.  
Сан жылдар сағындырып  
кездескенде  
Келіп тұр баяғыдай құшақтағым.

2000

\* \* \*

Қуаньш селін ағытсаң,  
Орнағаны жұмақтың.  
Кездеспей қатты сағынсаң,  
Тозаққа ұқсар ұзақ түн.

Әр сәтте шексіз бақыт бар,  
Тебіренші, қалқа, толғаншы.  
Әлі де аз-маз уақыт бар,  
Ойланшы, құрбым, ойланшы.

Алайық еске жастықты,  
Ләззаттан өссін мерейің.  
Баяғы көрген шаттықты  
Қайталап саған көрейін.

Жалғасын бізді тәтті үміт,  
Қос жүрек емін табайық.  
Күлшынып, күштар үздігіп,  
Рақаттан күйіп-жанайық.

Құт қонар жылы қасына,  
Махаббат жолы киелі.  
«Кет әрі!» деме досына,  
Ол сені көптен сүйеді.

### ҚҰЛШЫНЫС

Көктемдей қыс көрінер сәт келіссе,  
Жауған қар ұқсап кетер ақ жеміске.  
Алдыма құдай ондап келе қалдың,  
Аққудай алыстағы ақ періште.

Қос қоян ақ төсінде жүгіреді,  
Жауандап пана таппай, түңіледі.  
Сақта деп екі қолды жұмсағандай,  
Екі көз бір қарауға үңіледі.

Жорамал, жат сезімді жояйыншы,  
Қасыңда бір күн жақын болайыншы.  
Еркіме естен танған жібер менің,  
Шөлдеткен шәрбатына тояйыншы.

1976

### ЕЛЕНДЕУ

Толқиды осы күнде көңіл тәуір,  
Үн тосып  
Ашы, тәтті, жеңіл, ауыр.  
Аққудың өні болып естіледі,  
Сағаттың таңертеңгі қоңырауы.

Өзгенің құлағына түк ілінбей,  
Жатыр-ау жүректері жүгірінбей.  
Ұйқымды селдіретті қала шуы,  
Қырдағы көп киіктің дүбіріндей.

Далаға шықсам бәрі ауылымдай,  
Көк орман  
Көкшетаудың бауырындай,  
Көп үйлер көк тіреген Алатаудай,  
Көшелер Ұлытаудың сауырындай.

Өнімде аумай түсер келердей Күн,  
Осылай көрген түске сенердеймін.  
Оянып, қарай-қарай жан-жағыма,  
Жеткендей ел шетіне елеңдеймін.

1976

## ҚЫЗ ЛЕБИ

Әуреге мені салған жоқ  
Бетімнен алғаш сүйгенің.  
Есімнен бірақ қалған жоқ  
Ерніңнің оттай тигені.

Аялап кейде сол сезім,  
Бозбала күннен аумаймын,  
Махаббат, жалын мол кезім  
Оралып келіп, лаулаймын.

Шабытты кезде табады  
Қызуы қайтпас қыз лебі.  
Өлең боп шабыт жағады  
Ерніңнің ескі іздері.

1976

## ЖАҢБЫРҒА

Ей, жаңбыр!  
Нөсер әкел жаусаң маған,  
Қисапсыз молшылықты аңсайды адам.  
Даланы құштарлана ұзақ сүйші,  
Ғашықтай жан інкәрі таусылмаған.

Шақырып аруағын күркіреген,  
Болмай ма күннен ұят сіркіреген.  
Арудай сағыныштан арылсайшы,  
Жүрегін ашып, жайып сілкілеген.



Болады жер бетінде сыйың өктем,  
Жарылқап ағыл-тегіл құйып өтсең.  
Сұлудай бар ләззатын тіліне орап,  
Қымсынбай жұрт көзінше сүйіп өткен.

1976

### ҚҰЛАГЕРГЕ

Беу-беу, шіркін!  
Қайран Құлагерім-ай.  
Терең көл боп,  
Кеппей жатқан терің-ай.

Бүкіл қазақ  
аңыз етіп сақтаған,  
Топырақтағы  
ай таңбалы мөрің-ай.

Оза білген  
Мал да зорлық көріпті,  
Сұлулардай  
Қарғап өткен көрікті.  
Жүректерге жүлде салған  
Жануар,  
Бір сотқардың  
Сойылынан өліпті.

Арқаланып  
ел шуына көтерген,  
Ақырғы рет,  
Мәреге есен жетер ме ең.  
Болсам егер,  
ат айдаушы Бөрібай,  
Сені сақтап,  
Өзім мерт боп кетер ме ем.

1976

\* \* \*

Жолығыппыз екеуміз  
Дос-жаранның алдында.  
Жан-жаққа ертең кетерміз,  
Жақсылап көріп қалдың ба?

Қимастықты сезбес кім  
Қиылып тұрған көзіңнен.

Балдырған күнмен кездестім  
Қалдырған бірге өзіңмен.

Күнгейге шыққан еліктей  
Ойнақтап келді шумақтар.  
Оймақтап қайтем сезімді,  
Тулап қал, жүрек...  
тулап қал.

1976

## ТӨКПЕ КҮЙ

### 1

Күй атаулы ғажайып,  
Сөкпе күйді,  
Шертпе, төкпе  
Екі тал шекке сыйды.  
Үрке қашқан жылқыдай  
Дүркіреген  
Сүйемін мен дүбірлі, төкпе күйді.

Толқып, толқып,  
Толғауын қиындатса,  
Шерлі, зерлі  
Көңілдің сыйын тапса.  
Сағыныш пен қуаныш  
Қатар келіп,  
Әрең-әрең көкірекке сыйып жатса.

Құлагердей құлшынса,  
Құйындатса,  
Мың жүректі  
Бір жерге жиындатса.  
Тасқа тиген тұяқтың жез сыңғыры  
Естілуін алыстан қиындатса.

Алатаудың сел қуған тастарындай  
Буырқанса,  
Бұрылмай, басқарылмай.  
Шошып кетсе  
Найзағай жарқылынан,  
Суға барған сұлу қыз сасқанындай.

Күзде теңіз  
ақ көбік шашқанындай  
Шұбарланса,  
Көк толқын астарындай.  
Қолдан бұғау,  
аяқтан кісен ашса,  
Құрманғазы түрмеден қашқанындай.

2

Сап, сап қимыл,  
Сәлден соң бұлғындаса,  
Бұлт бүркеген жұлдыздай жылмындаса.  
Ақ көйлектің етегі еркеленсе,  
Киіз басқан Айжан қыз қылмындаса.  
Ер салғанда  
Елеңдеп қалтыраған,  
Сәйгүліктей сондайда  
Қарқын алам.  
Еріп кетем, елігем төкпе күйге,  
Сүймес оны  
Сүймесе салқын адам.

Өзін-өзі аяусыз жеккендерге,  
Жерге жеті жақсылық еккендерге,  
Төкпе күйді тындасам,  
Қызығамын  
Түйдек-түйдек төгілтіп өткендерге.

1976

## ГҮЛДЕНДІ ШОҚ ТАЛА АУЛАДА

Бозала тал гүлденді лағылданып,  
Күйбең туды көңілге сағымданып.  
Гүлді талдың қасына шақырғаным,  
Жүрді саған қара көз қабылданып.

Бозала тал құлпырып, гүлдер шықты,  
Еске түсті гүл сыйлау үйреншікті.  
Қайда бүгін барады ұлым менің,  
Күлім қағып, сорайып үйден шықты.

1976

## ӨМІРДІҢ ЖАРТЫ БӨЛШЕГІ

Інінің үйі іркілтер,  
Ізетке күзет келін бар.  
Ағаның үйі серпілтер,  
Женеше деген себің бар.

Қайын атаң үйі – қыл көпір,  
Қайын енең көзі қылыштай.  
Жымиып жылы күл де түр  
Жылтыры қайтпас ыдыстай.

Балдыздың шайы балдай бар,  
Бажаның үйі – базарың.  
Шаттыққа шаттық жалғай бар,  
Қайтады шеккен азабың.

Әрдайым ашық вокзалы,  
Перронда күтер туыстай.  
Құрдастың үйі – абзалы,  
Пейіштен артық тыныстай.

Кіресің бейкам, жатсынбай,  
Жайлауға таныс көз үйір.  
Жиғаныңның жартысындай,  
Досыңның үйі – өз үйің.

Қуаныш толы күлкінің  
Болмайды меже, өлшемі.  
Досыңмен өткен бір күнің –  
Өмірдің жарты өлшемі.

1976

## ЖАҢБЫР

Не пайда қарауытып, қаулағаны,  
Күркіреп, құр даңғаза жаумағаны.  
Кер бие оқыранса, жануар-ай,  
Жеңгемнің шайын қимай, саумағаны.

Телегей қарақұрым кішірейді,  
Табиғат кейде жатық ісі дейді.  
Исінген бұлтқа қарап, бурыл егін  
Желіде құлыншақтай кісінейді.

Е, бәсе! Жетті нөсер дала, кырга,  
Жалғасты зәмзәм алтын сабағына.  
Тамаша!  
Қарай қалшы!  
Жаңбырдан сон  
Туған жер күн ойнаған қабағына.

1976

## ҮМІТ

Үміт деген тілдегі  
Сөз емес жеңіл, жаттанды.  
Жаралы жүрек гүлдері  
Үмітпен ғана сақталды.

Ауыр не тәуір күн, айын  
Болашақ маған баптасын.  
Қашан да бірақ құдайым  
Үмітсіз күннен сақтасын.

Туған ел, ата-ананың  
Сенімі сені жетелер.  
Өшкенше оты сананың  
Үмітті серік ете бер.

Өшпесін сәуле көз көрім,  
Қара аспанды төндірме.  
Өзіңнен күткен өзгенің  
Үмітін сен де сөндірме.

Өтеді барлық тапшылық,  
Арайлы таңдар атады.  
Аспаннан күткен жақсылық  
Алдыңа келіп жатады.

Қиял жетпес ғажапты  
Көкірек көріп, даттайды.  
Арманға меңзеп азапты,  
Үміт пен сенім ақтайды.

Жау алдында сынақта  
Қолымнан тартып, жебемді ал,  
Үмітсіз етпе бірақ та,  
«Үмітсіз сайтан» деген бар.

1976

## ОПТИМИЗМ

Жастык шак,  
Жастык шақ деп қақсап жүрміз.  
Күн батпай не болыпты шаршап күндіз.  
Жіберші көкпарына, қыз қууға,  
Канеки, қай сайыста ақсап жүрміз.

Өзіңмен кетпей қайда қалды шынар,  
Тез тозған, көңілі жүдеу, жарлы шығар.  
Тай жарыс керегі жоқ,  
Тұлпарларға,  
Жаратып қос та мені  
Жанды шығар.

Ішінде қалың орман адаспаймыз,  
Не себеп адасқанға қараспаймыз.  
Саяда биші қайың білек артса,  
Қалайша көңіл жығып, аластаймыз.

Торықпа,  
Құрдасым-ау, жасың жетпей,  
Қорықпа бір жігітке ғасыр көптей.  
Ақ шашты серіге сән мода дейді,  
Мойыма жүректегі асыр кетпей.

1976

## АСЫҒЫСПЫН

Асығыссың дейді ғой,  
Жалғаны жоқ.  
Бұйығып от басында қалғаным жоқ.  
Асығыста жүргенім, уақытым аз,  
Бірақ сені асығыс алғаным жоқ.

Асығыссың дейсің сен,  
Жалғаны жоқ.  
Серігіңнің серті жоқ, арманы көп.  
Асығыста жүргенім, кеш бастадым  
Жұмысымның біткені аз, қалғаны көп.

Асығыссың дейсің бе?  
Жалғаны жоқ.  
Әке ізі – жалғызбын, қалғаны жоқ.

Қалай жүрем асықпай, білесің бе,  
Маған сенген елімнің салмағы көп.

Мен асығам атқан таң арайына,  
Ерте тұрсам, ем табам талайыма.  
Жақсы өлең наз айтса, жабырқанам  
Жарасқандай ақ күміс самайыма.

Асығыссың дей бердің,  
Асығыспын.  
Келмейді ғой дәм-тұзды жатып ішкім.  
Асықпасам қорқамын,  
Өкінем деп,  
Уысында меңіреу қапылыстың.

1976

## СЕЗІМ ГҮЛІН ТУҒАН ЕЛГЕ ҰСЫНАМ

Көшкен бұлтты  
Мен өзімше түсінем.  
Ойымдағым табылады ішінен.  
Аз саңылаудан Күнді құшып төрімде,  
Шаңырақтан айды алдыма түсірем.

Қызып кетем  
Бақытты той-думанға,  
Жел жетелеп, жігіт қызды куғанда,  
Абылайлап қосқан атын ел тосып,  
А, құдайлап балуандар бел буғанда.

Бір күй үшін астымдағы атымды ал,  
Әнші, күйші – маған туыс-жақындар.  
Keң дүние көкірегіме сыяды  
Шарт жүгініп айтысқанда ақындар.

Масайраймын  
Кездескенде достарым,  
Майдай көрем  
Құрдастардың оспағын.  
Бәрің барсың менің көңіл көрмемде,  
Ел тілегі болашаққа жоспарым.

Ағаларға, жеңгелерге еркемін,  
Інілерді игілікке ертемін.

Татулыққа кенші мінез берікпін,  
Егескенге ерік бермес, келтемін.

Мен де талай  
Киындыққа тоғыскам,  
Менің де әкем қаза тапқан соғыста,  
Қолда барды аяп қалар жерім жок,  
Өзіме де бүкіл дүние болысқан.

Соның бәрі толғайды да тербейді,  
Қуаныштар көп күттірмей келмейді.  
Қысқа күнде қырық сұрақ өмірім,  
Шешім табу оңай бола бермейді.

Біткен ісім аз болғанға қысылам,  
Бұлтты еңсеріп,  
Күннің шығам тұсынан.  
Содан барып шабыттанам, шалқимын,  
Сезім гүлін туған елге ұсынам.

1976

\* \* \*

Сұрайды кейде достарым  
Жарыңның жаз деп сипатын.  
Ондайға құлақ тоспадым,  
Сипаттау емес сыркатым.

Жырыма болсаң сыралғы,  
Тербелттім сезім тұнығын.  
Болса да қанша шырайлы,  
Сыйлаймын тәтті қылығын.

Не керек қолда гүлменен  
Біреуді естен тандыру.  
Қажет пе бояп тілменен  
Сұлуды сұлуландыру.

Бейнесі көңіл толғаса,  
Есіркеп, тәтті кеңесем.  
Өзгеден сұлу болмаса,  
Мен оны сүйдім демес ем.

1976



## ЕСКІ ХАТТЫ ОҚЫСАҢ

Оқырсың ескі хатты оңашада,  
Бойында әл-қуатты тонаса да.  
Қыздырар, қызықтырар сенбе оған  
Бүгінгі жоқ құрметке ораса да.

Бұйырып талайыма татыр мекен,  
Суретім күле қарап жатыр ма екен.  
Сан жылдар сарғайтсаң да сақтағаның,  
Әлі де азын-аулақ қадірлі екем.

Махаббат аялаған балғын мекен,  
Байқашы, сурет те қалғыр ма екен.  
Тығылмақ ойнағам жоқ бала жастан,  
Сұрашы қалай жалғыз қалдым екен?!

Қолыма сол да болса тигені деп,  
Жөн емес жүрегіңнің күйгені көп.  
Бейнеме бір кара да, жыртып таста,  
Еш адам одан артық сүймеді деп.

1976

## СЕСКЕНУ

Іздеудің енді реті келмейтіндей,  
Кездесу көңілге сәт бермейтіндей.  
Ауылға барғым келсе, күдікпенем  
Жеңгейлер сен қайда деп тергейтіндей.

Самал жел әуеніне қосыламын,  
Тамаша толғайды екен тосу әнін.  
Сыбырлап сені сұрап оңашада,  
Ол дағы тексерердей шошынамын.

Кездеспей кейбір бейне қалмай ма деп,  
Кімге айтам жақын едік, шалғайда деп.  
Үндемей мен тұрғанда  
Бәрін даттап,  
Қорқамын караторғай сайрай ма деп.

1976

## ТҰЙЫҚТАҒЫ ТҰНЫҚТА

Басынды көз жұмарда шайқамасқа,  
Сырынды жақын тартып, айта баста.  
Үндемей жүрген жаннан тіл шығады,  
Көңіл бөл, терең үңіл байқамасқа.

Тұнық бар кең тұйықта үндемеген,  
Назары жоқ-ау бақта гүлге деген.  
Тыңдашы тым жасырын құпиясын  
Ұйықтатпай көз алдында түнделеген.

Сүйерін айта алмаған, сүйе алмаған,  
Жабулы сандық жүрек қиялдаған.  
Қиналып ол жүргенде рет таппай,  
Бір досы қағып кеткен, ұялмаған.

Сан жылдар заулап жылдам өте қалды,  
Жігіт жүр шегіп іштей жеке зарды.  
Қу досы қызды алмады,  
алдап кетті,  
Бейтаныс жанмен үнсіз кете барды.

Бүгінгі білмейді ғой мекенін де,  
Ол әлде Алатаудың етегінде,  
Әлде ол жақын жүр ме көзге түспей,  
Біреудің тағдыр қосқан жетегінде.

Осы ғой тұнып жатқан зердесінде,  
Сөт түсіп, дос күйігі келді есіме.  
Аташы атын ғана жылылықпен  
Тұйық көл қозғалады кеудесінде.

1976

## ЖҮРЕКТІҢ КӨРМЕЙ ӨТЕМ ЕСКІРГЕНІН

Талай жаз, өтті өмірдің көктемдері,  
Кездеспей кеттік біздер көптен бері.  
Білмедің.  
Жазығың жоқ. Сені әкетті  
Сүйгендеуі демес ем, өктемдеуі.

Менің де шаңырағым өркендеулі,  
Өткеріп келем қызық көктемдерді.  
Сен біздің қиялардан көрінесің,  
Ауылыма ажар берген көркем белгі.

Жұқартып өзінді өзін, салма мұңға,  
Себепсіз сезіктеніп, қалма сынға.  
Шелектеп төгіп-төгіп, толастайды  
Көкірек көктем бұлты далба-дұлба.

Беймаза етпес сырды кеш білгенін,  
Ештен кеш жақсы дейді естігенім.  
Жасырмай ойда барды айта-айта,  
Жүректің көрмей өтем ескіргенін.

1976

## КӨКТЕМНІҢ БҰЛТЫ КӨҢІЛШЕК

Көктемнің бұлты көңілшек,  
Жанасқан желге исінгіш.  
Көктемнің бұлты келіншек,  
Ұмсынған жанға сүйсінгіш.

Көктемнің бұлты жас бала,  
Мезгілсіз дәрет сындырғыш.  
Қылығы көп қой басқа да,  
Күлдіргіш те бүлдіргіш.

Әнекей түйді қабағын,  
Бұлқынды жылжи бүлкілдеп.  
Тыныштық бітті манағы,  
Жөтелге басты күркілдеп.

Жанұшырдык көз жұмып,  
Найзағай оты жарқ етті.  
Құйылма бұлт бос қуық,  
Жиылған барын сарп етті.

Оралған көзге күйіктей  
Жер бетін дауыл тербелтті.  
Жаутандап қашқан киіктей,  
Жалаңаш жаңбыр селдетті.

Әу демде қайта күн шықты,  
Түнектен шапшаң босандық.  
Сандуғаш сайрап, үн шықты,  
Жоғалды біздің осалдық.

Құлпырды дүние, атырап,  
Гауһарын шашты сақтанбай.  
Жарқ етті әрбір жапырақ  
Сәуледен шырақ жаққандай.

Телегей болған тебіндей,  
Тұрсақ та бұлтқа сын артып,  
Нөсерлет тағы дегендей  
Қараймыз көкке құмартып.

1976

## БІР ТАМАША СЫРЫ БАР

Акку құсқа  
Құмармын айдын көлдегі,  
Ардақтап келем  
Жезкиікті өрдегі.  
Мен білсем, дала төсінде жатқан  
Көп жолдар —  
Мазасыз өткен махаббаттардың өрнегі.

Шағалаға  
Шағым айтсам теңізде,  
Сырласам сұлу жүрегі жалғас егізге.  
Елде қалған  
Көгершін көз еліктер,  
Жабыққанда жалғызбын деме, мені ізде.

Іздей білсе,  
Кім құмарын таппайды,  
Түңілмеші,  
Тілекті өмір ақтайды.  
Жалғайды жырдың  
Үзіліп қалған жолдарын,  
Шабыттың селін бәз қалпында сақтайды.

Жұлдыздар да аспандағы сөнеді,  
Көрместі адам көреді де, көнеді.  
Ақындықтың  
Бір тамаша сыры бар —  
Сұлулықты жырлай, жырлай өледі.

1976

## ҚЫЗЫМА ХАТ

Көзіннен айналайын Майрашым-ау,  
Сағынбай сені маған қайда шыдау.  
Жалынам күндіз Күнге сақтай гөр деп,  
Түн келсе, жырмен жазам Айға сұрау.

Сондағы ақ ниетті пәк сұрағым,  
Оқудың сәттілігін тапсырамын.  
Әр ғылым атын емес, затын біліп,  
Бағаның алсаң деймін жақсырағын.

Ерке өскен алақанда балапаным,  
Ұйқым аз, күлкім селдір, ала таңым.  
Сен келер күндерді іздеп, күнтізбені  
Алдыма бір ай бұрын қаратамын.

Әр күнді мамаң жатқа тізімдейді,  
Өзге сыр көкейіне тізілмейді.  
Шай ішіп отырғанда от басында  
Әңгіме өзің жайлы үзілмейді.

Шулатып отырамыз құлағыңды,  
Іздегіш едің ескі тұрағыңды.  
«Папа, сен соғыс жылдар қайда болдың?»  
Деген бір ойға салдық сұрағыңды.

Оянған шағың бүгін сана-сезім,  
Ұғасың ата тілін, ана сөзін.  
Айтайын, соғыс жылда ауылда едім,  
Бастауыш мектептегі бала кезім.

Әжеңнің жалғызы едім қасындағы,  
Отын-шөп менсіз үйге тасылмады.  
Соғысқа кеткен әке сағынышы  
Ешқашан көкіректе басылмады.

Анамның екі көзің көздеріндей,  
Жаралған таңғажайып, өзгерілмей.  
Сен маған еркелесең, үнің таныс,  
Шаршасам, мені аяған сөздеріндей.

Сен барда алдымда ел-ауылым бар,  
Тел өскен, құрбы-құрдас, қауымым бар.  
Жүгірген жалаңаяқ жардан қарғып,  
Салтанат, сөні тозбас сауығым бар.

Көзіңнің айналайын қарасынан,  
Құдайдың берген кенже баласынан.  
Жұмысқа таңнан тұрып, аттанарда  
Бейнеңді қасыма ертіп ала шығам.

1976

## КЫЗ – ДАЛА

Кыз – дала!  
Кыз баладай құбылмалы,  
Кимылың кірпік қакқан ұғылмалы.  
Кызғана сүйіп келем өзгелерден,  
Сырым көп айтпай жүрген, тығылмалы.  
Кыз – дала!  
Сені жүрек сарқа сүйем,  
Үміт, наз, тілек, сенім арта сүйем.  
Күн батып,  
Келбетінді түн жасырса,  
Ақсәуле таңнан тұрып, қайта сүйем.

Жыр жазып отырғам жоқ мұндасуға,  
Жарасаң болды армансыз тыңдасуға.  
Бүгінгі бейнең сенің қалса деймін  
Келешек ұрпақтармен сырласуға.  
Қияда іздемедім ықтан пана,  
Арманым асқар тауға шықпақ қана.  
Бәрібір қайда жүрсем, бір оралып,  
Жатармын омырауыңда ұйықтап қана.

Өтермін жыр төгілтіп далам үшін,  
Атқарып ел жүктеген заман ісін.  
Сонда сен маңдайымнан сипағайсын  
Ақ сүтін кештім деген анам үшін.

1976

## СИПАТ СЫРЫ

Келбетінді келісті кезден алам.  
Ойлы, назды, тұңғыық көзден алам.  
Жүрсең менің қасымда, өзін – өлең,  
Сипат сырын сен айтқан сөзден алам.

Өзін жоқта табиғат қосылады,  
Жан-жағымда теңеулер жосылады.  
Акку көрсем, айдында өлең қағып,  
Осындай деп жүрегім шошынады.

Саған теңеп балауса, ақ қайынды,  
Тұрам ессіз, көргендей патшайымды.  
Күміс көл де өзіндей дыбыс беріп,  
Қамыс, құрақ сыланып, шаш қайырды.



Қызық екен,  
Күздің сондай кей түрі.  
Халық айтқан сөздің болмас бейпілі.  
Қырық жаста онсегізі оралған  
Осы екен ғой «катын күзі» дейтіні.

1976

### ЕГІЗ ШУМАҚ

Махаббат жайлы мен білген  
Ғибрат алар дәріс бар.  
Мен ренжіп, сен күлген  
Күндерде көп-көп мәніс бар.

Жаксы күнде тең жүрген  
Жолдас-жора, таныс бар.  
Сен ренжіп, мен күлген  
Күндерде көп-көп мәніс бар.

1976

### ЭЛЕГИЯ

Түндіктер түрүлі түн еді,  
Жұлдыздар еңкейіп күледі.  
Оянып кетер деп үн-түнсіз  
Шаңыраққа өздерін іледі.

Бір жұлдыз алыстау түнеді,  
Оң болғай деймін ғой тілегі.  
Мезгілсіз сөндірген мен емес,  
Ол неге жүректі тіледі?

1976

### ОСАЛДЫҒЫ СЕНДЕ ЖОҚ

Ақтарылса,  
Ақ жарылса жүрегім,  
Жыр боп туса өкпе-назым, тілегім,  
Сәтсіз өткен махаббатты жыр етсем,  
Өзіңді іздеп жүрген кез деп білемін.

Албырт кездін  
Әуресі көп болмай ма,  
Көңіл бөлме,  
Жан қинама ондайға,



Қиын жолмен кездеспесек сірә да  
Ортамызға жеңіл бақыт орнай ма.

Сен жаздың ғой  
Ескі өкініш жарасын.  
Сен жанымның бар тетігін табасың.  
Мені сүйген аз ба, көп пе — білмеймін,  
Мен сүйгеннің тәңірі сен боп қаласың.

Көңіл сенсіз  
Қуанышқа толар ма,  
Өмір сенсіз шын бақытты болар ма?  
Жерлес қызды еске алсам да мұнайма,  
Сені бірге іздесті ғой олар да.

Мен келемін  
Қызығына кенде боп,  
Сен келесің  
Ақ пейілің менде боп.  
Жақсы қыздар жақсылығы өзінде,  
Ал солардың осалдығы сенде жоқ!

1976

## ЕСКЕ АЛУ

Ақ қайың тұр баяғыдай қырланып,  
Барушы едік қасына біз ұрланып.  
Көрген сайын сұлу әуен еседі,  
Көлеңкеде айтылмаған сыр қалып.

Араладым теңіздер мен кұрлықты,  
Келем шарлап кұтты сапар — тірлікті,  
Табиғатта сенен артық досым жоқ,  
Жанға айтпаған қасиетті «ұрлықты».

Ақ дененде жасыл көйлек ырғалып,  
Өзгермейсің өмір бойы бір қалып.  
Ақсары қыз маң бәйбіше болыпты,  
Мені көріп, бой түзейді нұрланып.

Ұрлап едім, ұрланып ем жасымда,  
Құпияны енді жасыр, жасырма,  
Қолды болып кетем-ау деп қорықпаймын,  
Өз бәйбішем — қорғаным бар қасымда.

1976

## ТЕҢІЗДЕ АЙ СӘУЛЕСІ ҚЫСҚА ЖОЛДАЙ

Ай сәулесі ақ жолақ қаққа жарып,  
Теңіз жатыр жарқырап, қасқаланып.  
Бөріжортас толқындар күні бойғы  
Жуасыпты мінезі басқаланып.

Мен бастадым сол кезде толқығанды,  
Маңайдағы тіршілік олқыланды.  
Ай еңкейіп, мұнайып, қарай қалды,  
Айқасқа жол су емес шолпыланды.

Сөккен жоқпын тез өткен құсты қонбай,  
Қарлы дала – теңіздің нұсқы сондай.  
Бетіндегі көрінді ай сәулесі  
Сырма боран жылжыған қысқы жолдай.

Соғыс жылдар басқарма тепендеткен  
Елестейді қос торы көсем жеккен.  
Қысқы жолдай отыннан таң алдында  
Әжем байғұс екеуміз есен жеткен.

Қысқы жолдай кимылды бәсендеткен,  
Аяз сүйіп, бозқырау әсемдеткен.  
Аппақ болып жатыр-ау осынау жол  
Қысқы жолдай ...  
Майданға әкем кеткен.

1976

## ЖЕТЕРМІН БИІК ЗАҢҒАРҒА

Бойдағы күшті шамалап,  
Жұлдыз жоқ қиял ілмеген.  
Қызықты келем аралап  
Түсіме бұрын кірмеген.

Жалынды сөзде жалған жоқ,  
Сәті бар әрбір істің де.  
Құйғытып келем, арман көп,  
Құйынды шабыс үстінде.

Елігіп досқа ақшуда,  
Көзімше мақтап «ер» деген.  
Қос қолдап уақыт шашуға  
Мінезім бар ермеген.

Мүсіркеп, кербез мүсінге  
Уәде жинап «кел» деген,  
Даңғаза дүрмек ішінде  
Жан емеспін желдеген.

Жетесіз ұсақ кеңестің  
Жетегінен аулақпын.  
Болымсыз бұйғын емеспін,  
Тұйғынымын тау жақтың.

Жетермін биік заңғарға,  
Бірақ та, өмір, серт тында.  
Мәреге тақап қалғанда  
Құлагердей мерт қылма.

1976

\* \* \*

Жоқ еді менің жаным үрей күткен,  
Ойлашы оңай ма екен ренжіткен.  
Кей кезде жадырасам, ойлап қалма  
Дым сезбей күледі деп дүлейліктен.

Таң мен түн меже беріп, бөлінгенде  
Тіршілік орын алдым төрінен де.  
Қуаныш ренішпен алмаспаса,  
Гүл сезім, үкі сезім өрілген бе.

Онаша ойлап бәрін, тербетілем,  
Ат мініп, ауырлықтан ержетіп ем.  
Махаббат сойылымен соғып өткен  
Кей күндер еске түсіп, сендетілем.

1976

### КЕНШІ СЫРЫ

Беу, муза! Ен шабытқа бөледің бе,  
Бармаспын ел сырынан бөлек үнге.  
Ояу сөз, бояуы айқын, дыбысы ашық,  
Терең ой мекендесін өлеңімде.

Әкелер қан майданға ерте кетіп,  
Балалық жіберген жоқ еркелетіп.  
Үйрендік іске обыр, тілге сараң,  
Мың ойлап айтар сөзді келтелетіп.

Кешегім боларлықтай бүгінге сеп,  
Саркылмас заман мұны үнімде көп.  
Кен қаздым кейбір ділмар айтпасын деп,  
Білгені, бітіргені тілінде деп.

Түспесін титім нұксан ар-намысқа,  
Салтым жоқ жан сауғалар қалтарыста.  
Аралдың айқасында шаш ағарды,  
Жүрмей ме нағыз ақын арпалыста.

Қопарған Жезқазғанда жезім өлең,  
Телегей болып кеттім өзім – өлең.  
Қыздырып ішкі намыс, асыл тасқа  
Қараймын ақын-кенші көзіменен.

Талпынсам туған жерден алыс қонып,  
Қуандым Жезқазғанмен таныс болып.  
Шіркін-ай, арман еді, ұқсап қалу  
Дүниеден өтпесем де Қаныш болып.

Осыны демес достар бекер еді,  
Жер тілін білу ынта еселеді.  
Сырым сол: Қаныш аға зор атағы  
Көкшеден Ұлытауға жетеледі.

1976

## ДОС, БЕДЕЛ ДОС

Дос, бедел дос –  
Кемел дос,  
Жаңылмай,  
Жанындай сенер дос.  
Өзгелер сырт айналса,  
Өзгеріп бұлт айналса,  
Сол ғана – соңынан келер дос,  
Қол ұшын қысылмай берер дос.

Дос, бедел дос  
Дара туған.  
Тірлікте  
Бірлікке жаратылған.  
Найзағай түйілгенде,  
Жел дауыл үйіргенде,  
Қолтықтап майысқан қанатыннан,  
Дарытпай от жалынды, ара тұрған.

Дос, бедел дос  
Серіктелген,  
Намыста,  
Жарыста беріктелген.  
Жан тату егіздердей,  
Жалғасқан теңіздердей,  
Дүниеде сен бар деп сеніп келген,  
Бір келіп, бір қайтуға еріп келген.

1976

## КЕМДІК БОЛДЫ ДЕМЕСПІН

Іңкәр көңіл,  
Інжу сезім,  
Бал қызғалдақ дәуренім,  
Жас құрақтай  
Жайсаң кезім,  
Қайта оралып, әуремін.

Саф таза сыр,  
Асыл арман,  
Сыбыр-күбір бітпейді,  
Бүкіл дүние  
Жылжып әрмен,  
Басқа қызық күтпейді.

Айдын көлде  
Құс қалмады,  
Тек аққуым қасымда,  
Өзге сұлу  
Есті алмады,  
Қосты тағдыр асылға.

Ей, дүние!  
Ризамын,  
Қимадың да әуелі,  
Бақыт деген  
Шын мырза күн  
Бердін кейін мәуелі.

Ұмсынтқанға  
Ынтық пенде,  
Сенбеске де сеніппін,  
Енді бүгін

Бастым мен де  
Желін ескі желіктін.

Орап сая  
Мархаббатқа,  
Келсе тәуір кенескін.  
Мені сүйген  
Махаббатта  
Кемдік болды демеспін.

1976

## СОНЕТТЕРДЕН ТАБЫЛАР

Өзің жайлы кідірsem жазбай өлең,  
Сыртым – салқын, ішім – өрт маздай берем.  
Өткінші емес, телегей төгілуге  
Жауар бұлтын жанымның аздай көрем.

Ескі досқа айтқызбас өкпе нені,  
Тілегің жөн, тым қатты сөкпе мені.  
Домбырамның қос ішегі үйлеспей жүр  
Сипаттауға біз тату көктемені.

Жаңа туған бар ғажап ынтық әнім,  
Үнсіз түзеп, әрдайым құлшынамын,  
Тез құлпырар алдыма жеткенінде.  
Шымылдықтан бүркесе лағыл сағым,  
Сонеттерден табылар жадымдағым,  
Жырлай, жырлай өртеніп кеткенімде.

1977

## ҮНЕМІ МАЗАСЫЗ РЕҢІМ

Үнемі мазасыз реңім,  
Тыныштық таппайды жүрегім.  
Жасымда көп ойнап көрмедім,  
Әлі де тым аздау күлемін.

Сол күлкі шықпаса жарылып,  
Кең дүние кетпей ме тарылып.  
Кей-кейде сауықшыл боламын,  
Өскен соң шаттыққа зарығып.

Шабытым — ескі дос жастайғы,  
Даңғаза дүрмектен сақтайды.  
Ойланып отырар жыр жазып,  
Онаша кезімді жақтайды.

Есею тым ерте басталып,  
Еркелік базарын ашпадык.  
Тірегім тірлікте сол шығар,  
Үйрендім өзімді басқарып.

Өзге жүк көңілден тасталып,  
Жаттықсам өзімді басқарып.  
Егесім ел үшін болған соң,  
Көрмедім біреуден жасқанып.

Үнемі мазасыз реңім,  
Үзбеймін көп істің легін.  
Ауырлық аунақшып түссе де,  
Жеңілдік күтпеші, білегім.

1997

## МЕН АҒЫМНАН ЖАРЫЛАМ

Өмір деген ағыл-тегіл арпалыс,  
Арпалыстарда жасамаймын жалтарыс.  
Қалар деме  
Қай қияда жүрсем де  
О, туған ел, тағдырыңнан қалтарыс.

Мен жегулі  
Тері кеппес тайыңмын,  
Бұтағы мол, көлеңкелі қайыңмын.  
Шыңға жібер,  
Тыңға жібер, бәрі бір,  
Қай арысқа салсаң дағы дайынмын.

Сазды, назды,  
Созылмалы сырнаймын,  
Тер төгілмей,  
Еркін шаттық құрмаймын.  
Күні бойғы кен қазудан оралып,  
Түнді ұзартып  
Жігерлене жырлаймын.

Бүлт сөгілсе,  
Жас қыранша көрінем,  
Шахталардан кенің болып төгілем,  
Миллиардтарды аңсап шыққан егісте  
Ақ бидайдың сабағындай өрілем.

Шынымды айтам.  
Мен ағымнан жарылам.  
Туған елді ертелі-кеш сағынам.  
Үйіріме қос та жібер қайтадан,  
Ағалар-ау!  
Айтқан жерден табылам.

1977

### КЕЗДЕСУ

Мың сәлемің бір көруден аспайды,  
Көзден тайса, көңіл жүдей бастайды.  
Ақ ниетпен аңсағаның бар болса,  
Сағыныштың өзі апарып тастайды.

Жүздесудің таңғажайып сыры бар,  
Жанарыңның менсіз жанбас нұры бар.  
Қайта-қайта қинағанша сәлеммен,  
Бір кездесіп, жүрегімді жұлып ал.

Дидарыңнан жаным дәру алады,  
Махаббаттың сол ғой мәңгі талабы.  
Кездескенде бар сырынды айтып қал,  
Қоштасарда уақыт жетпей қалады.

Жыр жетелеп, оралады тұнық өн,  
Ақ жүзіңді елестетіп тынығам.

1977

\* \* \*

*«Ну орман – қыздың жанары  
Бұлбұлдың әні түндегі».*

А.С. Пушкин.

Қара көзің  
Қарақаттай қап-қара,  
Терең тартар қарай қалсаң баптана.



Маған келсең, жезкиіктей жалт кара,  
Тұрма Алтайдың маралындай сактана.

Кел, тыңдайын,  
Сен түрленсең шаттана,  
Аялауға жетпес тәулік, апта да.  
Жан толқытып, ауыл жайлы ән салсаң,  
Шаттық селін,  
Көңіл назын шақтама.

Жыр жазайын  
Кездестім деп мактана,  
Сырласайын жан жайлауын ақтара.  
Аймалайын, ақ тамақтан сүйейін,  
Құшақтайын ақ төсінді айқара.

Жұмақ құсы қонған біздің бақшаға,  
Шырақ болар кара көзің қап-қара.  
Іші өртеніп,  
Сонда маған қызығар  
Президенттер,  
Барлық король, патша да.

1978

## ҰЯЛШАҚ ТАҢДЫ САҒЫНДЫМ

Ауыл кеші... бала кез,  
Елестейді жас күнім.  
Баса алмаушы ек қаракөз  
Құштарлықтың тасқынын.

Ес шыққанша сүйіссек,  
Бір арманды өтеппін.  
Өзге әлем тыныш,  
тек, өні тынбас көкектің.

Өртеуші едің жанымды,  
Сүйсең ернің шолпылдап.  
Сол керемет әнінді,  
Қайталайтын тоқылдақ.

Мың, мың дыбыс аралас,  
Әуендесіп жататын.  
Ләззат алсақ, шала мас  
Таң ұялып ататын.

Сол қызыққа тамсанған  
Естелікке шалындым.  
Ұялшақ қызбен қарсы алған  
Ұялшақ таңды сағындым.

1978

## КҮЙ ӘСЕРІ

Жалғанда жан азығы күй дегенің,  
Ой қозғар сүйгенің мен сүймегенің.  
Ішінен қалың орман әрең шығып,  
Жол тапқан жолаушыдай түрленемін.

Ұмтылған күз-қияға күйшіге еріп,  
Жанымды мұнайтады сыршыл желік.  
Бір тыңдап «Сылқылдағын» Тәттімбеттің,  
Мұнымды тістен шықпас білші келіп.

Қызығам төкпе күйлер намысына,  
Шертпе күй қайран қалам қағысына,  
Әр үннен жусан иісі бұрқырайды.

Құландар жортып өткен сағым далам  
Алдыма күй боп келсе ағындаған,  
Құлшынып, құлын жүрек шұрқырайды.

1978

## ӘН ТУҒАНДА

Әсем әуен оралар ақ тілекке,  
Сызылады сұлу саз үлбіреп те.  
Сол бір кезде ес кетіп, елжіретіп,  
Ләззат кұйып тұрады үн жүрекке.

Жадырамас адамның әнсіз жаны,  
Жер жұмағы – сұлу саз, таң шуағы.  
Ән туғанда қуаныш құлшындырып,  
Мұн мен шерден көңіл тез аршылады.

Ай аспанда толғанып, тебіреніп,  
Күн бой жазып, кетеді жерім кеңіп.  
Ән аққудай айдында саңқыл қақса,  
Жан-жануар тыңдайды мейірленіп.

Ән туғаны – өскені гүл көңілге,  
Келгендеймін сол үшін нұрлы өмірге.

1978

## ТИМЕШІ

Тиме, бұлбұлға,  
еркімен сайрасын,  
Тиме, жұлдызға,  
ерекше жайнасын.  
Тимеші, екі ішек үндессе,  
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме, акқуға,  
үзбесін саңқылын,  
Тиме қыранға,  
бұзбасын қарқынын.  
Тимеші маған да тебіренсем,  
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме, елікке,  
жүрегі бекінсін,  
Тиме, киікке,  
түлегі жетілсін.  
Тимеші маған да ән салсам,  
Көкірегім бір дертін кетірсін.

1979

## АЛҒАШҚЫ НЕМЕРЕМ АРМАНҒА

Сәтті күн жебеген,  
Қуаныш не деген.  
Жар салды әлемге  
Алғашқы немерем.

Би билеп, үйірші,  
Көз тақап, түйілші.  
Берейін, құдағи,  
Ең ғажап сүйінші.

«Іңгөлап» келгенде,  
Әр үнін тергенде  
Ұқсайды біздерге  
Мың сәлем бергенге.

Маңдайы жап-жазық,  
Әуені нәп-нәзік.  
Болашақ келінге  
Жатқандай хат жазып.

Зорайды атағым,  
Мен бүгін Атамын!  
Арнадым үлкенін  
Сәбиге батаның.

Бәйбішем, нұр жайдын,  
Бірге гүл жинаймын.  
«Әже» деп атауға  
Мен сені қимаймын.

Жүрегім тулаған  
Көп аңсап, тынбаған,  
Бақытты күн келді,  
Жайнады бұл ғалам.

Сөз емес сенделген,  
Балалар, сендерден,  
Ыстықтау көрінді,  
Алғашқы немерем.

*1980*

### **АҚҚУ КӨРДІМ**

Аққу көрдім Ыстықкөл айдынында,  
Сағыныш бар тәкаппар айбынында.  
Тау жаңғыртқан ащы әнін су көтерсе,  
Көкірегі ораулы қайғы, мұңға.

Ақ мақтадай күн құштар ақ түсінен,  
Қуанышқа шақырар сәт түсінем.  
Айтар арыз бар еді-ау ару құсқа,  
Сағынғанда самайға ақ түсірген.

Қимастық бар әнінде көкелеген,  
Толқын кешіп, тез жетсем төтеменен.  
Сырын айтты қиял-түс әсем әннің,  
Ырғағына тербелтіп, бөгелеген.

Әр сөзінен жүрегім дәру ішті,  
Тап осындай аққұба, ару-құсты  
Көріп едім Сарыарқа көлдерінен,  
Жүрегімді ол бүгін жарып ұшты.

*1980*

## БАЛДЫРҒАН

Балдырған сұлу көрдім бұрандаған,  
Екі бет құралғандай бір алмадан.  
Қол сілтеп, бұлтқа кірген қос жұлдыздай  
Қос жанар бір шақырып, бір алдаған.

Ақ бұлақ сыңғырындай үзік-үзік,  
Оң болғай «чон» аға дер тілі қызық.  
Қараймын қос анарға ақ төсінде,  
Алардай қолым емес, тілім үзіп.

Көргенім қарақат көз қырғыз құрбы,  
Түсіме түнде түгіл, күндіз кірді.  
Мені ойлап күрсінгенде жаңғырыққан  
Тау іші мекен-жайын білгіздірді.

Есімін «Балдырған» деп атап жүрмін,  
Кездеспей, көптен бері ақап жүрмін.  
Таңертең Алатауды аттап өтіп,  
Кетуге іздеп қана тақап жүрмін.

1976

## ҚЫРҒЫЗ ЭЛЕГИЯСЫ

Жүректі жүрегіңе жетелетем,  
Еске алып сағынышты еселетем.  
Өзіңе арызым көп айтылмаған,  
Қай күні Алатауға жетер екем.

Лебіңнен таттым нәзік, үзім үнді,  
Қуаныш неге шапшаң үзілінді.  
Бойымда қан дүркіреп, мазалайды,  
Молайтсам жарар еді қызығыңды.

Жанымда құпия бар сезілмеген,  
Сыр айтам шымқай таза сезімменен.  
Әніннің әр дыбысы есік қағып,  
Түндерді көбейтеді-ау көз ілмеген.

Таппадым ешбір теңеу келбетіңе,  
Сен көрік бергендейсің жер бетіне.  
Жол тосып мойыл көздер томсарғаны  
Апарар мені іздетіп, ел шетіне.

1980

## ӘНШІ ГҮЛ

(Қайыргүл Сартбаеваға)

Гүлді жұлмай, жүруші едім жұлғызбай,  
Бір гүл көрдім жерде жанған жұлдыздай.  
Акқұбақан, моп-момақан болған соң,  
Қайыргүл деп қойыпты атын қырғыздар.

Сипап өтсе Ыстықкөлдің самалы,  
Сырласпауға таусылғандай амалы  
Ашық бояу, ғашық тілмен сөйлейді.  
Гүлден дыбыс, гүлден әуен тамады.

Сүйсіндіргіш, жанға жайлы бар әні,  
Сазды әуендер бойға жылдам тарады.  
Қыр басында өткен ғажап бір күнді  
Бір ғасырға теңегім кеп барады.

Нәзік үннен Алатаулар балқыды,  
Ғажап екен гүлдің жүрек тартымы.  
Шыдай алмай ән жалғады айдында  
Аққу, қаздың сырнай-керней саңқылы.

Жұлмай өттім, жақын барып тілдестім,  
Жасамадым озбырлығын білместім.  
Қоштасарда тән бірлігін ойламай,  
Жан бірлігі көбейгендей үндестім.

Гүл тергенде аралап тау беткейді,  
Өзге гүлдің құлаққа үні жетпейді.  
Алатауды алты айналсам табам ба?  
Сол әнші гүл көз алдымнан кетпейді.

1980

## ТӨРЕГЕЛДІГЕ ХАТ

Төрегелді, күрт қимылдар келді күн,  
Евней сырқат ...  
Жасар артық емді кім.  
Министрге төтенше хат жазғаным –  
Білдіргенім дос ниеттің кеңдігін.

Бөйге өрінде тежегендей құр атты,  
Жүрек дейді құрған оқыс тұзақты.  
Барынды сал,  
Ізбасары Қаныштын  
Құлап түсіп, кешіп жатыр сынақты.

Дүмше заман салмас дейсің кімге азап,  
«Шіркін...» дейміз, көкірек шетін зіл қажап.  
Әрі ғалым, ұстаз,  
Үлкен қаламгер,  
Адал терін төгілтіп жүр бұл қазақ.

Хабар жетіп, қалдым үнсіз мәңгіріп,  
Атақ, даңқын айтпақ едім ән қылып.  
Қазақ үшін  
аса қажет кемеңгер,  
Кетпесінші өмірді ерте қалдырып.

Не де болса есен-аман сақтағай,  
Сұқбаттасар тусын сәтті шақ талай.  
Қапияда көзден ғайып болмасын,  
Аққан жұлдыз сияқты бір тоқтамай.

Ел үмітін арашала көдіктен,  
Аулақ жүрсін оқыс ажал дәнiккен.  
Мерт болды ғой талай тарлан ағамыз  
Жағрапиясы жарамаған өріптен.

Емде досты.  
Менен сәлем айтарсың,  
Таң қалдырды теңселгені асқар шың.  
Бірақ, шіркін,  
Оған тиген соққыны  
Өз басыңа жеткен күні байқарсың.

1980

## МАДАМ БАТЕРФЛЯЙҒА

(К. Сартбаеваға)

Қайыргүл, құтты болсын өрлегенің,  
Ұлғайттың өнерпаздық төр көлемің.  
Қанжарды байқап ұста, шошып кеттім,  
Қырғызға керек болар өлмегенің.

Өзгелер салса ойды сан күдікке,  
Қалды ғой бүгін басқа сән кіріп те.  
Сұлусың Батерфляйдің дәл өзіндей,  
Таң қалды Мәскеу нәзік әншілікке.

Жүрекке осы шығар ем дегенің,  
Сендірдің махаббатқа сенбегенің.  
Пинкертон келмей қалса, ренжіме,  
Орнына Алатаудан мен келемін.

1981

### МӘСКЕУДЕГІ «ПРАГА»

Мәскеудегі «Прага» дәмханасы –  
Алтын сарай, асыл төр, жан панасы.  
Ас келгенше би билеп, денең балқып,  
Дертті жүрек басылар бар жарасы.

Алтын жиһаз,  
жайнап тұр жиғаны да,  
Алтын ырғақ тоясың күйлі ағынға.  
Жата қалғың келеді  
Тар бөлмеде  
Сары алтынға малшынған диванына.

Сурет қандай,  
ашқандай таң жөргегін,  
Алтын сайда салыпты аң желгенін.  
Келтіріпті  
мылтықтың басуына  
Қасынуы маралдың дәл келгенін.

Алтын ыдыс  
адамның мауқын басып,  
Жан алқынып кетеді, зауқың тасып.  
Сылдыры мен сынғыры таң қалдырар  
Ыстық шайға кіргенде алтын қасық.

Алтын айна  
жайнаса пейіл кеңіп,  
Қарсы алдында билейсің мейірленіп.  
Алтын сөтті орадым алтын жырға,  
«Злата, Прага, мың рақмет!» дегім келіп.

1982



## КӨРІМДІККЕ, ҚҰДАҒИ, НЕ БЕРЕСІҢ?

Дана деген ак бөпе, алтын қалқам,  
Туған күні аяқты бастық тарпан.  
Алматыдан құдағи ұшып жетті,  
Дүбірлеттік шілделік салтын дарқан.

Осындайда қызыққа кенелесің,  
Көргісі кеп отыр ғой немересің.  
– Қуанышқа ортақпыз, – дедім сонда, –  
Көрімдікке, құдағи, не бересің?

Тірліктегі бұл да зор белең бе еді,  
Шаттық кернеп, ақжарқын елендеді.  
– Көрсетіндер тезірек,  
Көрімдікке  
Не сұрасаң, мен соны берем, – деді.

Түйіндесем өзімше себебімді,  
Сақтап келем құдалық беделімді.  
Әлі күнге ұялып, айтпай жүрмін  
Құдағидан сұрайтын керегімді.

1982

### ӘЖІМ СЫРЫ

(Шәкен Аймановқа)

Жаксыны айтсам,  
жан баурап жыр туады,  
Жакындайды тіршілік нұр шуағы.  
Ынтығамын сырласып отыруға  
Есті адаммен үйлескен ынтымағы.

Достарымды көрмеген көптен бергі,  
Көксеп кетем бергендей көктем белгі.  
Кейде аңсайтың кезім бар  
Аймановтай  
Жазатайым көз жұмып кеткендерді.

Елендетсе бейнесі қазір мені,  
Тірі сурет пәк сезім әзірледі:  
Кең далада  
көп жолдай қатпар-қатпар  
Шәкен аға бетінде әжімдері.

Апарардай бәйгі төр алаңына,  
Ерік берсем жыр сауған қаламыма.  
Әр әжімнен

өдемі із табамын.

Жомарт өнер жол салған талабына.

О, қазақтың сұңғыла тұңғыштары!  
Күләштармен бақытқа бірге ұшқаны!  
Шөкен аға жатыр ғой мандайында,  
Өмір салған құтты жол қыртыстары.

Тармақ-тармақ  
әжімді қалдым шолып,  
Келбетіне қалыпты тағдыр қонып.  
Исатайша өжеттік өткірлесе,  
Тасқындайтын кейде ақын Жамбыл болып.

Баурап алғыш адамды, көпшіл еді,  
Өзін де өрге  
жеткізді көп тілегі.  
Махаббаттың ұлғайтты-ау у мен балын  
Отелло боп булығып, өксігені.

Еске салса әжімдер, өлкем, сені,  
Көңіл-толқын толғағын көркемдеді.  
Қандай еді...  
Құлагер мерт болғанда  
Ақан сері сияқты өртенгені.

Үйір-үйір әжімдер көп легі,  
Әр тармағы ақиқат өмір еді.  
Кей сызықтан майданға әкем кеткен  
Жеңіс жолы желбіреп көрінеді.

Әкелгендей ертеңге озар елес,  
Кей әжімі ой салар қозғар кеңес.  
«Қасым салған қасқа жол» айқын жатыр,  
«Есім салған ескі жол» тозар емес.

Өткендерді еске алмай көктемек кім,  
Жөптемекпін  
бәрін де көп деректің.  
Даналардың әжімі – тағдыр ізі,  
Әжімде өскен өзім де бәйтерекпін.

1984

Жол таба алмай бірлікке,  
Жоғалтқандар асылын  
Жабығар қалған тірлікте,  
Жегі жеп іштен жасырын.

Сондайға күйреп, күйінсек,  
Сау тамтық қалмас жүректен.  
Жанына батқан түйіншек  
Кетпей ме бірге сүйекпен.

Кетеді құпия, кетеді  
Демеске қанша хақым бар.  
Жасырмай бірақ өтеді  
Шаттығын, мұнын ақындар.

Шумактар сәтті жұпталса,  
Мақтанды деме жарқырап.  
Құрсаудан көктем құтқарса,  
Ақпай ма өзен сарқырап.

Аптапка қызған күн бойы,  
Жапырақ сырын біл толық:  
Бойдағы жалын түн бойы,  
Шықпай ма мөлдір шық болып.

Ажарын байқар асыл тас,  
Десеңдер қайда жыр мәні.  
Құпиясын жасырмас  
Ақындар – сезім құрбаны.

1983

## АҚЫННЫҢ АҚЫН ДОСЫ ӘРҚАШАН ДА

Жараспас дарындыға тарыншылық,  
Кетпей ме оқыс оттан жалын шығып.  
Ақынға тіл тигізген ақын көріп,  
Қиналдым кетердей-ақ жаным шығып.

Сұм жалған келді кезі кеселденген,  
Естіні туды заман есер жеңген.

Барады кей қаламгер желе жортып,  
Қу жылпос, су жұқтырмас «шешендермен».

Берердей сау адамға ақыл-дәрі,  
Бір айтқыр талай әнтек тақылдады.  
Әрине, саясатшыл сумақайды  
Түлкілер «төрге шық» деп мақұлдады.

Байғұсқа қару сілтеп жатыр деме,  
Құрайын жыртық қосқа шатыр неге.  
Ақынның ақын досы әрқашан да,  
Ол сөзді ұқпағанды ақын деме.

1989

## МЕН СҮЙГЕНДІ ЕЛ СҮЙДІ

(Мәриямға)

Ақындық кеншілікпен тел табысқан,  
Қос өнер – қос қанатым, ел қонысқан.  
Әрі жар,  
Әрі сепшіл,  
Сен ортақсың  
Менде бар қуат, жігер, ар-намысқа.

Аралдық болып кеттік кеңгірліктер.  
Құйды нұр жүрегіме ел бірлікпен.  
Қызықты,  
Қиындықты тең бөліскен,  
Табар ма ем  
Сенсіз бақыт мен тірліктен.

Теңеуші ем  
Киікке де, маралға да,  
Жоқ емес айтар сөзім табар жаңа.  
Сарыарқа келінім деп сыйлап еді,  
Жарасты жеңгелігің Аралға да.

1989

## БІРЕУІ ҒАНА КЕЛМЕДІ

Кездесу туған жердегі  
Қисапсыз қызық ертегі.  
Ертегі сырын айтайын,  
Кең екен біздің жер тегі.

Талай сыр толкып, желдеді,  
Елестер өткен селдеді.  
Құрбы, дос естіп жүгірсе,  
Біреуі ғана келмеді.

Төгілді өлең термелі,  
Көркейді сауық көрмелі.  
Жүздесіп өтті мың таныс,  
Біреуі неге ермеді.

Өкініш қаулап өрмелі,  
Сағыныш көкірек кернеді.  
Дос-жаран түгел жолықса,  
Біреуі ғана келмеді.

Домбыра заулап пернелі,  
Әсем өн қанат сермеді.  
Жүз түрлі әуен қосылды,  
Бір дыбыс хабар бермеді.

Оралып күндер сернелі,  
Кездесу жүрек емдеді.  
Көп сұлу аңсап жеткенде  
Бір сұлу неге келмеді?!

1990

\* \* \*

Адам сүйер өзінше әр баласын,  
Айтпау қиын көп қызық байқағасын.  
Көктемім мен күзім бе деп қаламын,  
Немерем мен ұлымның тайталасын.

Жерге жеті аспаннан не түскені,  
Белгілі ғой бөліспен жетіскені.  
Ойыншыққа таластан басталатын,  
Ұлым менен қызымның шекіскені.

Қызға ықылас көбірек бұрмаланса,  
Ұл түсетін жасында мұңға қанша.  
Бүгін олар асығар қолда барын  
Бір-біріне құрметпен сыйлағанша.

Тастай салып қасында жас өкесін,  
Немереңнің келгенін әс етесің.  
Айтпаса да алыстан андап қалам  
Немерелер өзара бәсекесін.

Аяз ата секілді көрмедегі  
Немерелер ораса төрде мені.  
Бөйбішемнің жанары жарқ етеді,  
Ол «шалымды өзіме бер» дегені.

1990

## СОРАҚЫҒА СОЙЫЛШЫ БОЛА АЛМАДЫМ

Елді ойламай ақынның таңы атқан ба,  
Сырымды оқы мейірбан қабақтан да.  
Жүрегімнің бір шетін үзіп берем  
Қазағыма жақсылық таратқанға.

Күн сәулесі, Ай нұры оранғаным,  
Менің де бар дауылды борандарым.  
Сүріндір деп дүлдүлді сауал артқан  
Сорақыға сойылшы бола алмадым.

Қазағымның ірісі, ұсағы да,  
Есегі де, тұлпары, ұшағы да,  
Тентегі мен телмірген осалы да,  
Тегіс сыйып тұрады құшағыма.

Елге – жігіт, жігітке елі тірек,  
Содан болар сөз айтам сеніңкіреп.  
Қазағымның данасы, баласы да,  
Шаласы да  
Кетті ғой менікі боп.

1986

## ҒАШЫҚ СЫРЫ

Тағдыр ісі махаббат жеңгендігі,  
Қайран жүрек сол таңда терген гүлі.  
Үнсіз құшып, ұялшақ рақат тапса,  
Ол – арудың біржола сенгендігі.

Жан еркесі жаралған еренғайып,  
Дей көрмеші ең ғажап дегенді айып.  
Бота көзі мөлт етіп, бой балкытып,  
Күштарланса кетпей ме өлем байып.

Мауқын басып қос жүрек бірлескені,  
Қас қағымдай сәт екен түн кешкені.  
Мың дастанға сыйғызу мүмкін емес  
Зәру, ынтық жан тойын бір кештегі.

Құс айналған секілді қара суды,  
Тіл білмейді ернінен адасуды.  
Ақ төсекте жатыр ғой ақ келіншек  
Гауһар тастай жайнатып қара түнді.

1991

### РАУШАНГҮЛ

Раушангүлдің алқызыл жанғанын-ай,  
Нұрлы рауан төгіп тұр жанға құдай.  
Қызыл ішік жамылған қызыл кеште,  
Сұлу қыздай құлпыра қалғанын-ай.

Шыдатпайды жан баурап қызарғаны,  
Талықсып тұр талмаурап ізгі арманы.  
Гүл желбезек бүлдіршін жүз құбылды,  
Жүзі жайнап әп-сәтте жүз арбады.

Көз үйренген көңілдің қызылшылы-ай,  
Қояр емес қызыл гүл қызықтырмай.  
Біздің ауыл бір қызы сондай еді,  
Қан ойнаған жүзінде қызыл шырай.

Көкірек жарды иісі аңқып құлпырғаны,  
Дірілдеп тұр үлпікер сылқым тәні.  
Үн шыққандай қызара бөрткенін-ай,  
Құлшынтқандай құшаққа ынтық жаны.

Жаулағандай құпия сыр көңілді,  
Талмау сәтте тамылжып жыр төгілді.  
Қылпылдадым жел жұлып әкетердей,  
Құлыншақтай қыршын жас гүл-өмірді.

2002

## КӨКЕЙКЕСТІ

Асылды асыл сағынар,  
Атына сырттай сүйініп.  
Көкірегі тұман жамылар.  
Мерт болса досы күйініп.

Тәттімбет те кең барлап,  
Кенесары өмірін.  
Қайғылы күнге кетті арнап,  
«Көкейкесті» өрімін.

Бір қуаныш, бір қауіп,  
Сұм жалған жұмбақ емес пе.  
Домбыра жатық тіл тауып,  
Күмбірлеп бастар кеңеске.

Шер, шемен қаулап көңілім,  
Артады бойға ақ міндет.  
Хан Кененің өлімін,  
Естірткендей Тәттімбет.

Көңілім ояу, бойым мас,  
Тындаймын ойға қамалып.  
Өкініш, сенім аралас,  
«Көкейкесті» даналық.



Қалың ел-  
тәңгі жасын  
қарағайым...

Шексіз болсын тәуелсіздік ғұмыры,  
Мығымасын Қазақстан тұғыры !

## АРАЛДЫҢ ЖАН ТЫНЫСЫ

Акпа-төкпе замана,  
Аз ба, көп пе – бағала.  
Арал маңы – қалың ел,  
Не боларын шамала.

Күйзелгеннен күй шықты,  
Ашынғаннан үн шықты.  
Теңіз құрғап, су таппай,  
Ауыр жара ушықты.

Акпа-төкпе жарықтық,  
Аз ба, көп пе – дәл ұқтық.  
Үн шығармай талай жыл  
Сыр бермей де зарықтық.

Қайдан келсін тыныштық,  
Сырқат ауа тым ыстық.  
«Ақ тұз» басты аймақты,  
Қайда әділет, дұрыстық.

Түбі бірге туыстай  
Өсіп, өндік суыспай.  
Кел, Аралды сақтайық,  
Бөлісіп суды уыстай!

Атты азынап ақ таңдар,  
Қайда елді баққандар.  
Аралды кетті құрытып,  
Көп жұлдыз төске таққандар.

1991

## ЖАН ТІЛЕГІ

Нарыққа бара жатқан жалаң аяқ  
Кетеді кей нашарды адам аяп.  
Жете алсақ жақсы күнге жарар еді-ау  
Біріміз бірімізді таламай-ақ.

Босқындар ойлап жатыр қоныс қампын,  
Көз көрді сан қиындық тоғысқанын.  
Келмеске кешегіні жібергенде  
Көрмейік ел мен елдің соғысқанын.

### ҚУАНЫШ

Осы екен ғой көп аңсатып туған күн,  
Құты қашты өңі тозған тулардын.  
Күні туды бодандықтан бұлқынып,  
Құтылуға белін бекем буғанның.

Жаксылыққа жаным ғашық пендемін,  
Жолым ашық.  
Туған ел — бар сенгенім.  
Күннен күнге дербестігім нығайып,  
Тез алсыншы жанталасқан ел демін.

Жүруші едім туған елден тым алыс,  
Көз алдымда қанат жайды ұлан іс.  
Қазақстан дербес ел боп шалқыса,  
Көкірегімді кернеп кетті қуаныш.

1992

### АБАЙЫМ АҚЫНДЫҚТЫҢ ПАЙҒАМБАРЫ

Ақындық пайғамбары Абай ата,  
Айтқаны ақыл-кеңес әрі бата.  
Қарт Жамбыл дәл осылай бағалапты  
Сыр шертіп, жыр төккенде ағындата.

Шын бақыт ойлағаны қазағына,  
Түспесін дейді тағдыр мазағына.  
Алысқан мыңмен жалғыз кемеңгердің  
Терең сөз, таң қаламын ғажабына.

Шыңғыстау келсе өмірге бауырында,  
Кең дала мінезі бар тау ұлында.  
Бар қазақ бір Абайды иемденер  
Ет жақын атасындай ауылында.

Нұрлы сөз жан баураған арайы бар,  
Болмассың сәулесіне қалай құмар.  
Қазағым шын бақытты ел екен ғой,  
Атасы ақындықтың Абайы бар.

Ішкі жау сыртқы жаумен алысканы,  
Ғашығы, дос-дұшпаны таныс бөрі.  
Шіркін-ай, ғаламат қой әлі күнге  
Бір өзі барша ақынмен жарысқаны.

Пушкинді, Гетені де кемітті елі,  
Белгілі өзгелерге жеңілткені.  
Қазағым Абай десе, тік тұрады,  
Барша ақын бір Абайға еліктеді.

Кетті ақын ғасырларға жария боп,  
Жыр-өзен ақты шалқар дария боп.  
Әнші, ақын болмаса да  
заты қазақ,  
Абайдың өнін салмас жанұя жоқ.

Өзімен, өмірімен, өлеңімен,  
Байқалар әркімге өз керегімен.  
Көрінер қай қиядан қарасаң да  
Ақындық құзарт биік белеңінен.

Өтсе де шың басынан қарай-қарай,  
Сыр шертер сан ұрпаққа Абай талай.  
Өйткені бар қазақтың бір ақыны  
Абайға жүр ғой әлі маңайламай.

Өлеңдей кара сөзі жарасымды,  
Терең ой өтті кешіп сан асуды.  
Білмейді заты қазақ өнерпаздар  
Абайлық дана жолдан адасуды.

Қазақтың ұстаз тұтса тарландары,  
Аз емес кемеңгерден алған нөрі.  
Ем тапқан байтақ елдің қасіретіне  
Абайым ақындықтың пайғамбары.

1992

## КІМНЕН ТУДЫМ?

### 1-өлең

«О, қазағым, кімнен тудың?» дегенде  
Кезек беріп көңілде көп елеңге,  
«Күннен тудым,  
Гуннен тудым», – депті дана Мағжан,  
Ой жүгіртіп шері қалың тереңге.

«Кімнен тудың?» деп сұраса менен де,  
Мағжан айтқан жөн сілтеймін беленге.  
«Күннен, Гуннен,  
Үннен тудым» деп шалқып,  
Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Үннен тусам,  
Қорқыт ата мұң-зары,  
Оны Жер, Күн,  
Тірі пенде тындады.  
Құрманғазы, Тәттібеттер ұлғайтып,  
Дина апайлар, Ықыластар шындады.

«Сарыжайлау» мен «Сылқылдақты» тындашы,  
Әр қағысқа сыйып жатыр бір ғасыр.  
Ар-намысқа толы нақыш шым-шымдап,  
Баяндап тұр «Тәтті бабам» тұлғасын.

Құлақ салшы  
«Сарыарқа» мен «Серперге»,  
Нағыз дана аз ауылмен шектер ме.  
Күйындады Құрманғазы, күйғытты  
Кұбылмалы заман сырын шертерде.

Күйдің ғажап  
Сиқыр күші болғасын  
Сұр жылан да тастап шығар ордасын.  
«Қайран шешем» зарын төксе Күй-ата,  
Жыртқыштың да мөлдіретті көз жасын.

Кімнің қандай дауы болар осыған,  
Үннен тудым,  
Тәтті әуенге қосылам.  
Үнің шықпас тіршіліктен сақтай гөр,  
Домбырасы жоқ отаудан шошынам.

## 2-өлең

«Кімнен тудың?» деп сұраса менен де,  
Мағжан айтқан жөн сілтеймін беленге.  
Күннен,  
Гуннен,  
Үннен, жырдан тудым деп,  
Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Жырдан тудым  
десем шындық бұл дағы.  
Барлық казак — ақындардың жұрнағы.  
Бұқар жырау бұрқыратса жыр селін,  
Өзге түгіл Абылай да тыңдады.

«Тұрымтайдай ұл едің», — деп  
байқашы сен бастыққа,  
Ұрынарсың  
Өле-өлгенше арылмастай қастыққа.  
Түн ұйқыңды төрт бөлер ең өкініп,  
Жар басыңды тигізе алмай  
Үйде мамық жастыққа.

Деген сөзден «Ай, Абылай, Абылай»,  
Байқалып тұр  
Ақындық зор жағыдай.  
«Ай» демей-ақ,  
«Әй» деп көрші ауылдағы дөкейге  
Кетер едің ел-жұртыңды танымай.

«Момын елге бек болдың» деп Бұқарым  
Дәлдеп айтты.  
Ол емес сөз жұтарын.  
Абылай ханды  
ауыздықтар жырменен,  
О, данышпан! Тапты сөздің ұтарын.

Болса дағы байтақ елге тым қатал,  
Абылайда үн жоқ сонда тіл қатар.  
Шамданбайды ол,  
асылығын тастайды,  
Пай, пай, шіркін!  
Ондай мінез кімде бар?!

Жырдан тудым —  
Бұқар жырау, Абайлар,  
Махамбеттер желбіреткен ақ айдар.  
Мағжандар түбі бірді түгендеп,  
Ағындатса, өзге ағайын қарайлар.

«Жырдан тудым» десем шолып маңайды,  
Бойға қуат, ойға сәуле тарайды.  
«Ленинградтық өрендерін» еске алшы,

Жамбылды іздеп, Балтық толқып,  
Нева бізге қарайды.

Күннен,  
Гүннен.  
Үннен,  
Жырдан тудым мен,  
Түп-тамырдың затын солар білдірген.  
Біздің қазақ  
Қиналғанда күй тартып,  
Аталы сөз деген туын ілдірген.

1993

## ТУҒАН ЖЕРДІ САҒЫНДЫМ

Құрбы-құрдас, бауырласты сағындым,  
Жаны қонырау қаққандай.  
Мәңгі сырлас ауылдасты сағындым  
Арасында ақ маңдай.  
Кіндік кескен,  
туып-өскен Жалғызтауды сағындым.

Сылқым, кербез биіктерді сағындым,  
Көкке өрлеген көсіліп.  
Балдыз, бажа, іліктерді сағындым,  
Аңсау, сусау қосылып.  
Ғашық көктем,  
Бауырында өткен Сырымбетті сағындым.

Асыл қалқа, есімінді сағындым,  
Еске түссең көз ілмей.  
Жасыл жайлау Есілімді сағындым,  
Күрке талы боз үйдей.  
Ызғары жоқ,  
Қыздары көп Қызылжарды сағындым.

Ақ қайындар, самалынды сағындым,  
Боз қарағай нәрлі еткен.  
Көрші қызы, жанарынды сағындым,  
Бұл өмірді сәнді еткен.  
Айдын шалқар,  
Жүзі гауһар Саумалкөлді сағындым.

Құрбым айтқан әзіл, назды сағындым,  
Қыз-қырқынға шабандап.  
«Гәккулеткен» аққу, қазды сағындым,  
Көкшіл мұнар,  
Жаным құмар Көкшетауды сағындым.

1992

## ҮЛКЕНІ СОЛ ТІЛЕГЕН ҮМІТІМНІҢ

Жегіл жөндеп, Әшербек, жегілгесін,  
Баста, баста, бүгінгі өмір көшін.  
Түлкі заман қуланса,  
Қыран боп шал,  
Шырақ жакқан періштең шегінбесін.

Құнанбаев дегеннің бәрі мықты,  
Нарық түгіл игерді-ау, қажылықты.  
Сен білекті сыбанып,  
тез кірістің,  
Кей жалқаулар «биіктен» өмір күтті.

Пәк игілік тілімен кеңесемін,  
Тек арпалыс аңдап қал кең есебін.  
Елге қажет бір затты игере алсаң,  
Төрге тартар бақытты келешегің.

Жарып өтер көк тұман, сағым белді,  
Ерлік қылар құс қанат шағың келді.  
Тағын берді демеймін,  
бабың келді,  
Бәсеке мен тайталас заңын берді.

Ұлан-ғайыр еліңе олжа салсаң,  
Мінген атың жорғалап басады алшаң.  
Мыңғырған миллионер осы дейміз,  
Рокфеллері қазақтың бола қалсаң.

Ағыны зор ағалық үгітімнің,  
Қостау тапсын ақтұйғын жігіт үлгің.  
Королі бол нарықтың  
халқым сүйген,  
үлкені сол тілеген үмітімнің.

1993



## ЖЕТІСУ МЕН КӨКШЕДЕЙ

Тамсантқан алтын арай таңыменен,  
Сүйсінткен жан баураған сәніменен.  
Көкшетау Жетісумен жалғасып тұр,  
Біржан сал, ақын Сара әніменен.

Балқаштың ғашық болып ақ түніне,  
Іленің әуен қосып тәтті үніне.  
Оралған сексен көлден аққу, қаздар  
Салады Үкілі Ыбырай «Гәккуіне».

Тойлы ауыл Сырымбеттің саласында,  
Көз салсаң оза тартқан қарасынға.  
Құлагер шауып жүрген секілденер  
Көкше мен Жетісудың арасында.

Жаңғырса Ақан сері арман-әні,  
Есінен бар қазақтың қалмағаны.  
Ақындық Құлагері Ілиястың  
Дарысын ел мен елді жалғағаны.

1993

## АҚАН СЕРІ КІМ ДЕСЕҢ...

Кім десең аты әйгі Ақан сері,  
Өнердің ол сексен көл – аққан селі.  
Құс қанат Құлагері пырақ болған  
Әншілік әлемінің ақтангері.

Бұйығып қай заманда жатыр дана,  
Бұйырды қыран мінез Ақанға да.  
Ол тұр ғой ән атасы Біржан салмен  
Айыртау қос шыңындай қатарлана.

Көкшетау көтермелеп ерке арманы,  
Ән болып байтақ елді кең шарлады.  
Қымсынтып қия басқан хан, төрені,  
Атанды Ақан аға ел тарланы.

Кер заман көре білді мың ағысын,  
Қыранның сүйді ақиық қырағысын.  
Самғатты Сырымбеттен ғашық әнін  
Жүректің мәңгі сөнбес шырағы үшін.

Қапа, наз «Кең ащыдай» анық бәрі,  
Қайғысын қалың елге танытты әні.  
Жарқырап қанатынан тамған маржан,  
Аспанда «Қараторғай» калықтады.

Арманы шексіз еді бұлан ердің,  
Қыл көпір аз болмады сынағы елдің.  
Жүргенде ұмыта алмай Ақтоқтысын,  
Өлімі өрттей тиді Құлагердің.

Кім сілтеп жіберсе де ант атқырды,  
Көшкен ел, соққан желді зар қақтырды.  
Тұйғыны тұяқтының бәйге өрінде  
Өзгеден озғаны үшін жан тапсырды.

Қайғырды сонда Алтай, Еділ, Жайық,  
Қаратау тұрды бетін жаспен шайып.  
Ұлытау Көкшетауға көңіл айтты,  
Алатау бата оқыды қолын жайып.

Толқытты қазақтың кең даласын да,  
Баласын, Ілиястай данасын да.  
Құлагер әлі жүйткіп жүр деп қалам  
Көкше мен Жетісудың арасында.

Калықтап ну орманға дала жақтан,  
Құс көрсем көз ұшында дара аққан,  
Көзіме қараторғай елестейді  
Есілден «Жалғызтауға» бара жатқан.

Шыдармын қайтіп кейде қақ-соқтыға,  
Құмармын дүлдүл туған, жаны оттыға.  
Мен көрген қыздардың да ең сұлуы  
Қашан да ұқсап тұрар Ақтоқтыға.

Қияда көп сусындап білім кеңін,  
Қатарға ақын-кенші ілінгенім,  
Жез қазып, өлең жазып, саз төгілтсем,  
Жасымнан Ақан сері пірім менің.

Өтсе өмір үйелмелі-сүйелмелі,  
Аруақ сол сырттай жебеп жүрер мені.  
Шіркін-ай, ат айдаушы өзім болсам,  
Құлагер әлі ойнақтап жүрер ме еді.

Дүддүлі мерт болған соң,  
атсыз жүрген  
жері жоқ.  
Дәм татса да сәтсіз күннен.  
Жарандар! Ақан сері кім десеңдер,  
Серілік атасы еді таксыз жүрген.

Асыл ер торқа болсын топырағы,  
Бейітін күтсін Көкше тотылары.  
Ақсарбас атап қазақ ас бергенде  
Тағына Ақан бүгін отырады.

1993

## БІРЛІГІМНЕН БАҚЫТ ТАБАР ТІРЛІГІМ

Құлаш ұрсақ ақ тілекке алыста,  
Тасқындасын десек құтты табыс та,  
Тәуелсіздік ақ қайнары ақжолтай  
Тұнып жатыр ұлттық ішкі намыста.

Өркенді іске бұрсақ жойқын кемемді,  
Озықтармен құрсақ көркі тең елді,  
Сыртқы жаудан,  
ішкі даудан сақтанып,  
Мен жөптеймін ел бірлігі дегенді.

Кемел күнді күтсек асыл арманнан,  
Не тындырар құр есінеп, таң қалған.  
Өзімізді асырай алмай өзіміз,  
Дым бермейді сыртқа қарап жалманған.

Кешегіні көксемей-ақ безеріп,  
Жаналыққа берсек бүгін көп ерік.  
Адал термен нардың жүгін көтерсек,  
Кетер едік нарыққа да кенеліп.

Жат түсінбей,  
Айтқанымды дос тындар,  
Жыпырлап тұр кедергілі тосқындар.  
Тез көбейді  
Тұмсық тығар іс таппай,  
Қайыршылар, қаңғыбастар, босқындар.

Жер бетінде туып жатыр ұлы істер,  
Мысал да бар ұшар қанат дұрыс дер.  
Алға шықса озық елдер әлемде,  
Бүкіл халқы намыскер һәм жұмыскер.

«Не керек?» деп сұрай қалсаң,  
ол үшін  
өз күшімнен орын тапсын жөн ісім.  
Арман сол ғой,  
Асыра білсек қажетке  
Барша халық ақыл-ой һәм мол күшін.

Кең ашқанда тәуелсіздік түндігін,  
Сәт тіледі,  
ел қуанды, күлді Күн,  
Түрлі гүлден жасағандай гүл шоғын,  
Бірлігімнен бақыт табар тірлігім.

1993

### ЖЕР ҰРАНЫ – ҰЛЫТАУ

Құлагердей тұрған өрде тынығып,  
Қарапайым көрінеді ұлылық.  
Кең даланың қақ төсінде тау жатыр,  
Атын айтсаң кетер жаның жылынып.

Өр тұлғасы маңғаз, кербез, сымбатты,  
Ұларлы жер баба сырын тыңдатты.  
Бар қазаққа орда болған ақжолтай  
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты.

Баурайында Қорқыт үні еседі,  
Абылай – ұран, Ағыбай – дүбір көшеді.  
Ақын Тайжан сырнайлатып ән салса,  
Тілдеседі Қаныш аға кешегі.

Киелі тау ел қиялын телітті,  
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.  
Бабаларым басын қосып үш жүздің,  
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Қаракенгір, Сарыкенгір, көп Кеңгір,  
Көсем таудың етек-жеңі көктеңбіл.  
Осынау жерде көрінеді ерекше,  
Күн жарықтық жер бетіне төккен нұр.

Кең төскейде бір көтеріп көңілді,  
Алаша хан кесенесі көрінді.  
Арғы бетте Жошы ханның мазары  
Қос нықтап көтеріп тұр өңірді.

Сандыбаймен, Кәдір, Шегір, Бабырды  
Еске салып Ерден жатыр сабырлы.  
«Төрт босаға» – төрткүл дүние елестеп,  
Бола түсті бүкіл аймақ қадірлі.

Ер Едіге асыл рухын қолдаңыз,  
Көш құрастық ел боларлық жолда біз.  
Қарт Ұлытау – кіндік төрі қазақтың,  
hәм табиғи, hәм тарихи ордамыз.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,  
Жаралыпты тау бірлікшіл батадан.  
Ұлытауды жөн болады ардақтап,  
Қазағымның жер ұраны атаған.

1993

## ЕСІМІН СӘТБАЕВТЫҢ ЖАРҚЫРАТТЫҢ

Аз болса бұл жалғанда тынысымыз,  
Елеусіз қалмас ертең бір ісіміз.  
Ризамын, Сәрсекеев Медеу, саған,  
Қаныш пен Евнейдің інісіміз.

Мен кенші,  
Сен металлург – қанаттаспыз,  
Көтерер биіктерге қалам тақсыз.  
Әйтеуір ақ жүрекпен  
бізді сүйген  
Қазақты біз де жерге қаратпаспыз.

Тым ауыр  
Туған елге сынақ кіріп,  
Жүрмеспіз жұрт қиналса, шуақ қуып.  
Қаныштың арман еткен сырын айтсақ,  
Жамиғат алғыс айтар құлақ түріп.

Шақырса Баянауыл бөктерлері,  
Есіп тұр қоңыр күзде көктем лебі.

Жақсылық келер күнге тілеп келем,  
Еске алып  
Кем-кетікті өткендегі.

Ризамын  
Сен жасыңнан тасқын аттың,  
Жиналып Жезқазғанда бас құраттың.  
Жол бөгеп төрдегілер қикайса да,  
Есімін Сәтбаевтың жарқыраттың.

1994

## КҮЙ-АТАНЫҢ БАСЫНДА

Беу, ағайын!  
Қаумаламай тұра тұр,  
Күй жұлқынсын басын көпке бұратын.  
«Адайлатсын», «Серперлетсін» тағы да,  
Даулы күнде дауыл жиған сұрапыл.

«Ақыл – жастан, асыл – тастан»,  
Күй ойлыдан туады,  
Күйді оятты  
бұл жалғанның бұрқасыны, шуағы.  
Тығырықтап, тіл бұғанда замана  
Күй кеменгер көкірегіне тұнады.

Күй – «аттаншыл» ата-баба ұраны,  
Ол – жүректің сазды, назды шырағы.  
Күйші деген құладың күс емес қой,  
Ол – ақиқат қырқып түсер қыраны.  
Ақындарға таңсық екен қашан да,  
Қырандардың тұрағы.

Құрманғазы десең жүрек шыр алған,  
Өр қиялдан біздің арман құралған.  
Беу, Күй-ата! Келдік бүгін басыңа,  
Шаттық кернеп,  
Шығайық деп құмардан.

Сөз құдайы Абайымдай сергек тіл,  
Саз құдайы болдың асау өрнекшіл.  
Қарт Каспийден  
аумайды екен мінезің,  
Күні-түні дамыл таппай, дөңбекшір.

Кемең де бар,  
ат-арбадай қайығың,  
Еділ, Жайық – қосарланған бай үнін.  
Атырауға алғашқы рет  
Мейман боп,  
Күйге қандым  
Тапқан шексіз жайылым.

Алатауды, Қаратауды білесің,  
Ұлан-ғайыр рухани үлесің.  
Бірге жылап, елмен бірге күлесің.  
Сенің күйін жебеп, демеп, құлшынты,  
Желтоқсаншыл батырлардың күресін,

Сен дегенде  
Тәттімбетті шығармайды ел естен,  
Халқым сүйген  
дүлдүлсіңдер тел өскен.  
Екі ішекке ақыл-ойды жиысып,  
Қандай ғажап төкпе, шертпе кеңескен.

Күйге құмар елде жас пен көрі де  
Бірлік туын алар күйден әлі де.  
«Сарыарқалап», «Саржайлаулап»  
Жетеміз,  
Қай заманда «Көкейкескен» әріге.

О, Күй-ата! Заулат, күйғыт, бас күйге,  
Егемен ел  
Қосар екпін жас күнде.  
Дауылпазсың қайнатқанда ыза-кек  
Қара жардан  
Қарғып түскен Каспийге.

1993

## ҚАРАШЛІК

Сәлем ал, киелі жер, Қарашілік,  
Жүрегім лүпілдеп тұр, аласұрып.  
Түрлентіп Сәкен аға салтанатын,  
Арман не жыр төгілтсем дара шығып.

Думан-той, көнсе жолым үкіміне,  
Жер көрдім ұқсас Сәкен бітіміне.

Ақсұңқар, арыс тұлға  
ақын туған  
Бас ием ауыл-аймақ түтініне.

Самғасам қарқын қосып қарқыныма,  
Қанықтым Өртау, Аба таң нұрына.  
Жас Сәкен көкірегіне ұялаған  
Бас ием көлде аккумулятор, қаз қаңқылына.

Арнайы жетсем тойлы хабарыңа,  
Сарыарқа бір шомылдым самалыңа.  
Тебіреніп асыл аға жырлап өткен  
Құмарттым қырда киік жанарына.

Себеп көп мен толғанып, жүгінерге,  
Аңғардым бірін көлде, бірін жерде.  
Белімді бес бүгілтіп, тәжім етем  
Сәкенді көзі көрген тірілерге.

Құлындай қос биені бірдей емген,  
Еркемін Көкше, Ұлытау іргеленген.  
Жаттадым Сәкен аға талай әнің,  
Күндерде ел есімін білмей келген.

Отты өлең келсе еркін құрай бергім,  
Көзіме, Қарашілік, ұнай бердің.  
Жазықсыз дүлдүліңді оққа қиған  
Кер заман кешірімін сұрай келдім.

Ушықса оқ дарыған сана бүгін,  
Өзім де «Жезкиіктей» жаралымын.  
Тілеймін, Қарашілік, ұл-қызыңа  
Сәкеннің сұлулығын, даналығын.

Өзгерді дербес ел боп ұран бүгін,  
Әйтпесе дәл осылай шығар ма үнім.  
Елім деп еңіреп туған ұланыңа  
Сәкеннің берсін алғыр қырандығын.

Бауырыңнан өр, дауылпаз дана шығып,  
Атыңды айғақ етті, алаш ұғып.  
Сәкеннің кіндік қаны тамған жері –  
Есен бол, қасиетті Қарашілік.



## ЖЕЛБІРЕДІ ЕЛ БІРІГЕР ТУ БОЛЫП

Жүз жыл өтті ...  
Қалдым неге ойлана?!  
Кек пен шаттық қатар келді бойға да.  
Сәкен, Ілияс, Бейімбетке арналған,  
Беу, ағайын! Ұлы тоймен ойнама.

Талай жылдар айтар сөзім түн қатты,  
Бүгін шалқар ел айбыны жырлатты.  
Аунап түсіп  
Ұйқыдағы үш дүлдүл,  
Той дүбірін жауына да тыңдатты.

Олар кетсе...  
ақымақтар есірді,  
Олар кетсе,  
Ел жүрегі тесілді.  
Атылғанда Сәкен, Ілияс, Бейімбет  
Ұлттың басы кеңірдектен кесілді.

Дүрліккенде Жетісу мен Қостанай,  
Жезқазған да қалсын неге қостамай.  
Атырау, Алтай, Алатауым тебіренсе,  
Тойламайтын жер табам деп тоспағай.

Қанша күттік бұл ардақты сағатты,  
Ана дидар,  
Дана мейір таң атты.  
Үш арысым ел алдында жайнады,  
Болсам бүгін ұшқан құстай қанатты.

Бүгінгінің, келешектің жаршысы,  
Көпке оралды үш сұңқардың барша ісі.  
Қуанышта жүз лықсып тоқталды,  
Жүрек жарған көздің ыстық тамшысы.

Жүз жылдық той – бар қазақтың жемісі,  
Бабын тапты дауыл дүние желісі.  
Желбіреді ел бірігер ту болып,  
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің жеңісі.

## ТҮМАНДЫ САҒЫМДАР

Көзімнен кетпейді шырайлы ағындар,  
Ақша да, көкше де шағылдар.  
Жезкиік жарқ етсе,  
сексеуіл секілді  
Селк етіп, құлшынар шағым бар.

Ел-жұртты жайлады ашқылтым ағындар,  
Ағындар оятқан таңым бар.  
Қарағай секілді,  
Аяздан жасарған,  
Тағдырға қасарған шағым бар.

Қалалар, қалалар! Қалталы жауың бар,  
Асқына бастаған дауың бар.  
Қазағым қиналып,  
Азабым көбейіп,  
Көп кесел татты ғой ауылдар.

Қырсығып барады құйынды дауылдар,  
Ашылмай қалатын жағың бар.  
Жүт жылдам тарады,  
Құт қайтып барады,  
Токтатар амалын табындар.

Сансырап қалыпты сан түрлі дарындар,  
Естілер, қоңырау қағындар!  
Ол тойып, кекірді,  
Сен тоңып, секірдің,  
Бір шығып, бір кірген жаның бар.

Әйтеуір санамда ортаймас арым бар,  
Шошынты талапай сарындар.  
Ертеңді барлайық,  
Адасып қалмайық,  
Ашылсын тұманды сағымдар.

1994

## ӨЗІМ ЖАЙЛЫ

Жебеп мені жырдың дүлдүл Парнасы,  
Өлең-дария ашылды кең арнасы.

«Осы қазақ кім?» десендер,  
Мен болам  
Сәкен, Мағжан, Лияс акын жалғасы.

Құлагердің дүбірінен жаралдым,  
Ақан, Біржан, Ыбырайдан нәр алдым.  
Абай атам ақындыққа шақырса,  
Бірге қосып Қаныш жолын таба алдым.

Дарқан өмір жасқаншағы емеспін,  
Тура қара келсе айқын кеңескің.  
Ақыным де,  
Әкімім де,  
Кеншім де,  
Елді үшке бөлді демес мені ешкім.

Өзін ойлап,  
Бізді онша елемес  
Жарымеспен жасап өттім ерегес.  
Кен қопардым, Арал үшін айқассам,  
Шен-шекпенді қиялдаушың мен емес.

Туған елім акын-кенші атаған,  
Көңілі қаяу сенгендерден хат алам.  
Жойқын Каспий топан суын тежесем,  
Бекет-ата аруағынан бата алам.

Ақындығым емес жеке ермегім,  
Тым көп тарттым дүние жалған кермегің.  
Төгіп келем қара терді аянбай,  
Қатар қазып жер кені мен сөз кенін.

Өмірбаян шет жағасын қоса алам,  
Гүл терсем де көп жабысты ошаған.  
Ұйықтап жатыр  
Есіл жақта қос әкем,  
Жалғызтаудың етегінде қос анам.

Жер төресі атамекен киелім.  
Жезқазғанды дәл өзіңдей сүйемін.  
Ата-баба аруағы дарыған  
Ұлытау мен Кеңгірге бас иемін.

Алыстардан есен жеттім еліме,  
Дүбір костым дербестіктің деміне.  
Алатауды Көкшетаудай сыйлаймын,  
Жаным күштар Сарыарқанын желіне.

1994

## ОҢБАЙДЫ АҚЫНДЫ АТҚАНДАР

Қыранға оқ жұмсау қатерлі,  
Жұмсаған.. шын сұмдық өкелді.  
Қай мөнгүрт қиды екен ажалға  
Адамзат сұнқары Сәкенді.  
Аз емес дауылпаз тартқан зар,  
Тар кезең, көк тайғақ шатқалдар,  
Аққуды атқандар сияқты  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар.

Сұм тағдыр сұқ көзі қадалды,  
Тағы бір өр қазақ қамалды.  
Қай сатқын атты екен Мағжандай  
Жондағы жолбарыс-адамды.  
Ел үшін, жер үшін сақтандар,  
Ақынға жаман ат тақпандар.  
Тұраның, ұраның сол еді,  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар.

Қарақшы қалт етпес, сақ па екен,  
Қамығып қалды ғой шат мекен.  
Қазақтың құлагер-ақыны  
Ілиясты қай сотқар атты екен.  
Мерт болды тым оза шапқандар,  
Тез сөнді шамшырақ жаққандар.  
Тұлпарды соққыға жыққандай  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар.

Ақтарсам көкіректе бар дертті,  
Шырайлы шындықтан әл кетті.  
Бейімбет, Міржакып, Жүсіпбек  
Аз болып, өкетті Ахметті.

Ауылдың иті боп қапқандар,  
Сендерден тарқады тартқан зар.  
Дүлдүлге өшіккен дүлейдей  
Оңбайды ақынды атқандар,  
Оңбайды ақынды сатқандар.

1994

## ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚОҢЫРАУ

Жөнін білмей, нарықтың зарын татып,  
Кей кеселді алдық-ау қалындатып.  
Жидебаймен іргелес бір ауылда  
Дым қалмапты  
Қант-шайға малын сатып.

Мал бар еді  
Жететін қанша жылға,  
Үфит-сүфит  
Кетті ғой қармағында.  
Ұят болды-ау, әлемге хабар жайып,  
Абай тойы деп атой салғанымда.

Ақ жарылсам телегей тасытып сыр,  
Суық хабар бой билеп, жасытып тұр.  
Семейдегі Олжабай жүдеу күйі  
Ыза кернеп, жанымды ашытып тұр.

Дауыл қандай,  
жел қандай,  
сағым қандай?!  
Сасып қалдым,  
Сөйлер ем жағым талмай.  
Зәрем ұшты,  
Жабылған полигонда  
Үнсіз жатқан  
Бір бомбы жарылғандай.

Күйын соқты,  
бөйтерек мың жайқалды,  
Терең теңіз шарасы шын шайқалды.  
Момын қазақ  
Нарыққа тез кірісер,  
Жанталастың белгісі бір байқалды.

Беу, ағайын! Ел сенген әкімдерім,  
«Мерседеспен» заулатқан атың керім.  
Мәстек мініп барсаң да Олжабайға,  
Обал етпе,  
Көмекке батыл беріл.

Құт оралмас бос қаққан омырауға,  
Абыройын ел-жұрттың төгіп алма.  
Барлық әкім, құлақ сал,  
Олжабайдан  
дабыл қаққан алғашқы қоңырауға.

1994

## БЕУ, МЫРЗАЛАР, ТИІСПЕНДЕР СӘКЕНГЕ

«Сәкен деген кім?» десендер, айтайын,  
Бір емес-ау, мың жауабым дап-дайын.  
Ол – сақ қыран  
Тірі жанды тамсантаң,  
Бірдей құштар Атырау, Көкше, Алтайым.

Мейлің, мырза, сен өзіңше ұққан боп,  
Қара күйе жағамын деп сұқтан көп.  
Айтарым сол, ол аққудай киелі,  
Ел алдында намыс туын жыққан жоқ.

Ол – ақсұңқар,  
Сайын дала қонағы,  
Ақ бөкенін қорғап, жырға орады.  
Айдын көлдің аққуымен сырласты,  
Кең жалғанды сол пәктікпен шолады.

Атын білмей жүріп қанша наз ұқтық,  
«Көкшетауын» кеттік жанға азық қып.  
«Тау ішінде» салған өнін тыңдашы,  
Төбіреңпей ме мөлдір, таза нәзіктік.

Келбет қандай –  
Сұлу, маңғаз, сал, керім,  
Іші күйген алды-ау дұшпан бар кегін.  
Дауылпаздың тоқтата алмас еш бөгет  
Асқақ жырын, інжу-маржан әндерін.

Жыр патшасын тындағандай ырым ғып,  
Оқыған жан тапты қанша жылулық.  
Өлеңінен, өзінен де аңқып тұр  
Жер бетінде қайталанбас сұлулық.

Мәңгі тынбас өлең сөздің жарысы,  
Орнын табар, өз паркынша бәрісі.  
Сәкен төрде ...  
Сұңқар рухын есікке  
Тарту деген шын адасқан жан ісі.

Айтқанымды мейлін, бұрыс, дұрыс де,  
Бірақ, мырза, жалған жала үйіспе.  
Сәкен аға жазаланды жазықсыз,  
Атылып кетті...  
Тыныш жатсын, тиіспе.

1994

## КӨҢІЛІМ

Тасқын едім, заңғарда жүріп те едім,  
Осы күні көңілім сынық менің.  
Беу, тағдырым! Табайын қай бабыңды,  
Қол берсем де жол қосып, бірікпедің.

Арпалысқа үйірмін құлын күннен,  
Кейде алмасып кетеді күнім түнмен.  
Есерлердің сақтай гөр саяғынан,  
Есті тентек жолықсын сырын білген.

Дос қылығы батады дұшпаннан да,  
Зәру болдым мұнымды ұққан жанға.  
Қара бастың өркім жүр қамын ойлап,  
Сескенемін алдамшы құшқаннан да.

Қайран, муза! Кел, қосыл, алаңдама,  
Сыр бұғу жоқ жалғанда саған ғана.  
Шеккен қасірет меншікті еншім емес.  
Талай тарлан іздеп жүр табар пана.

Күннен-күнге қарыштап үдеулі едім,  
Кілт тоқтадым алғандай біреу кегін.  
Ел қабағы тезірек ашылса екен,  
Сонда күйім түзелер жүдеу менің.

1994

## ЖАМБЫЛ АТА

Жамбыл десе, жасымнан елендедім,  
Қорғаушы еді жанымның терең шерін.  
Соғыс жылғы балалар – біз де сенің  
Ленинградпен тағдырлас өрендерін.

Уытты сөз адамға берер сенім,  
Ел толғағын тебіреніп кең екшедің.  
Алғадайдың азасын тиіп жетті  
Мұңға толы мұхитқа кемең сенің.

Асыл толғау, отты сөз, асыл үнсің,  
Бұлт төсінде жарқ еткен жасынымсың.  
Алатауды Невамен жалғап кеткен  
Әлемге әйгі өзің бір ғасырымсың.

Өкініш пен өксікті кезектеткен,  
Мұң тасқынын өлеңмен тежеп кеткен,  
Қос дәуірдің куәсі, Жамбыл ата,  
Бақыт құшқан тағдырың ғажап неткен!

Атыңды айтса кәрі, жас етер елең,  
Асау ғасыр құрметтеп, мәпелеген.  
Абыз ата, ардақты болып өттің,  
Мұхтар, Сәбит, Күләштар «төтелеген».

Мақтан етіп сыйласақ атыңды асыл,  
Қаныш аға қашан да қасындасың.  
Беу, қазағым! Көгілдір ту көтерген,  
Жамбыл десем, шабысың қарқындасын.

1995

## КҮЙ-АҒА – НҮРҒИСА

Сазгерлік әлемінің сәні де сен,  
Сарбазы, саңлағысың, әрі көсем.  
Нұр аға, жер бетінде есен жүрген  
Тәттімбет, Құрманғазы, бәрі де сен.

Нұр аға! Атаң түрік асылысың,  
Ән мен күй, асау толқын ғасырысың.  
Әулие Қорқыт ата ұранысың,  
Әлемге әйгі сиқыр, тың ағысың.



«Отырар сазы» болып жалын атқан,  
Бабалар жағып кеткен шырағысың.

Нұр аға! Атаң түрік асылысың,  
Ән мен күй, асау толқын ғасырысың.  
Күн күліп, жан толқытқан таң самалы  
Секілді естіген жан тамсанады.  
Нұрғиса деген сөзден күй төгіліп,  
Нұрғиса деген сөзден ән тамады.  
Нұр аға! Атаң түрік асылысың,  
Ән мен күй, асау толқын ғасырысың.

1995

## АҚ ТІЛЕК

О, тағдырым! Бергім келіп мол өнім,  
Әр сөзіме өмір нұрын төгемін.  
Мен ғашықпын самғауына Сәкеннің,  
Құс қанат бер,  
Тік шырқауға көнемін.

Дей көрмеспін  
«О, тағдырым тыным бер!  
Шөкәрімнің сан салалы мұңын бер.  
Шал ақынның өзілінен бір жонып,  
Махамбеттің жау жасқантар қырын бер».

Бір сөз үшін жерден жеті теремін,  
Мың толғанам, іздеп ойдың тереңін.  
Не де болса мәрттігін бер Мағжанның,  
Ал, содан соң жетегіңе еремін.

Ақын Қасым дабылы бар санамда,  
Ол дес келді біздің бодаң заманға.  
Құлагершіл, кең далашыл жаралған  
Ілияс ақын дүбірін бер маған да.

Жарысқанды кара шаңға көмілтіп,  
Құйындатып бір өтейін төгілтіп.  
Біржан салдың екпінін бер,  
Бірақ та  
Поштабайдан жасқандырма, шегінтіп.

Менің дағы көп аңсатқан ақ гүлім  
Жер-жаһанға «Жезкиік» боп тапты үнін.  
Ақан болып аққу құсқа ән қоссам,  
Құлагердей ұрып жықпа тап бүгін.

Тасқындасам  
бұлағы боп ән-жырдың,  
Есесін бер қапы кеткен сан жылдың.  
Он қабағым ашылардай  
бір үзім  
Бақытын бер жыр атасы Жамбылдың.

Әне, сонда  
дер едім мен күштімін,  
Көп бітірер өлеңім де іс, тыным.  
Тілегімнің ең үлкенін айтайын,  
Сыйла тағдыр абайлықтың ұшқынын.

1995

## ӨМІР – АРМАН

Тағдырым, ғұмыр берме алаңсыз ғып,  
Сөзге де пәрмен берер табам тұздық.  
Бастай бер үміт үзбей жақсы күнге,  
Қу заман көрсетсе де жаман сұмдық.

Болардай жас ұрпаққа алтын қазық,  
Келемін жақсылықтың салтын жазып.  
Төрт бөліп түн ұйқымды толғанамын,  
Күйзеліп кетпесін деп халқым азып.

Бастай бер жақсы күнге өмір-арман,  
Көргенім көз бояғыш, көбі жалған.  
Молайсын ортайғаным деп тілеймін,  
Күндерде қолда барды төгіп алған.

Кемітсең келешекті тыңдамаймын,  
Үмітпен атар таңға мың караймын,  
Туған ел дербестігін қорғай алсақ,  
Татқан зар, шеккен мұнды бұлдамаймын.

1995

## ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Домбырам, ата мирас, егізімсің,  
Мен барда екі шегің неге үзілсін.  
«Жезкиік» жер бетінде жүйткіп жүрсе,  
Жан сырын ұқпаған жан өзі білсін.

Барады жылдар өтіп ағындаған,  
Қарады жаутаң қағып сағым-далам.  
Ақиық айсыз түнде қайда барсын  
Тал түсте қонар пана табылмаған.

Домбырам – көк желкені ақ кеменің,  
Өткелде жол бастасаң сеп беремін.  
Досына ауыр күнде серік болып,  
Көңілдің қаусап тұрған басшы елеңін.

Домбырам, қолымда ерке құралайым,  
Мен де бір сен сияқты құба қайың.  
Бір-бірлеп ел тілегін күмбірлетші,  
Мен сенен басқа сауал сұрамаймын.  
Естідің ауыл сырын, мен де естідім,

Өзге жыр көкейіме келмес бүгін.  
Күйге қос,  
Энге байла тілек арнап,  
Қазағым тез нығайтар дербестігін.

1995

## БОЛАШАҚҚА СЕНИМІМ

Мен емеспін басы ауырса, ыңырсып,  
Сауын айтып,  
Сауда жасар мың ыршып.  
Шығыршыққа салып қойса не дейін  
Ауылдарда ауа райы тымырсық.

Хан базарда зар қақсап ән салды кім,  
Қайыршы ғой  
нансыз кешкен жарлы күн,  
Сейфуллиннің көшесінде сенделген  
Жұмыссыздар көрдім мүшкіл тағдырын.

Күлкісін-ай шет елдіктің күміс өн,  
Сол «қамқоршың»  
ауыр халді білісер.  
Қолын салып,  
Жолын тауып, шалқып тұр,  
Ол пайдасыз жерге неге кірісер?!

Тар кезеңді көтерісер елдегі,  
Қаныш аға,  
Ол – сен ашқан жер кені.  
Дербестікті бірге қорғап келесің,  
Алтын мен жез  
асыл етіп теңгені.

Бір ашар деп елдің жүдеу шырайын,  
Санап жүрміз  
сәтті жылдар күн, айын.  
Үмітім бар жүректе шамшырақтай,  
Ол – сен ашқан көмір, темір, мұнайың.

Ел ырысын ен байлыққа телідін,  
Қасиетті әр кеніңнің тегі құн.  
Мың жылғы азық ашып беріп кетіпсің,  
Сол жиһазың – болашаққа сенімім.

1995

## ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАЛАЛАРЫ

Жердің асыл адамдай бар төресі,  
Оны көрсең, гүлденер жан белесі.  
Ең алғашқы астана болған қала,  
Төрткүл ғажап бұл елдің нар төбесі.

Қилы күнде жаралған басқа бәсі,  
Нүкіс көркем – қазіргі астанасы.  
Шымбай сыйлы көнекөз қарт секілді,  
Қарақалпақ ұлтының бас қаласы.

Қоңыраттан кең қолтық көрдік дала,  
Маңғыт жатыр суы мол, белдікті ала.  
Данам десең, Қожелі бой көрсетер,  
Бабам десең, жарқ етер Еллік қала.

Тақтакөпір, Қараөзек – белестерің,  
Кегейлі де бөтенім емес менің.  
Шоманайда естіп ем «Жезкиікті»,  
Түрікмендердің қазақша кеңескенің.

Аралды іздеп адасқан ақ інгендей,  
Мойнақты айтсам, мұңаям, бабым келмей.  
Селк етемін қалқайып, қаңсып қалған  
Құм ішінде кемелер көрінгендей.

Көнетозы, ескісі, жаңалары –  
Бәрі ыстық көрінер маған әлі.  
Қыз-нарықты қымсынбай құшақтаған  
Қарақалпақ жайнай бер қалалары.

1995

## ҚОРҚАМЫН

Шаш ағарып,  
Жас ұлғайса, шошыған,  
Мен емеспін зар қағатын, қосып ән.  
Қорқағыным... қайран қазақ тағдыры –  
Түтіні пәс шығып тұрған қосынан.

Ел тонағыш  
есерлерден қорқамын,  
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.  
Ойдан, кырдан ойран салған төріме  
Қара ниет, кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес  
Жұмбақ сөздің жортағын,  
Екі көзім көрген істі қорытамын.  
Бүкіл қазақ болмасын деп осындай,  
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Болжамаған тар өткелдің сортаңын,  
Жолықпасын қайран елге сор қалың.  
Заты қазақ зәре-құтын қашырған  
Сайқымазақ, даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған аландардан қорқамын,  
Құлқы тоймас сарандардан қорқамын.  
Үшке бөлгіш бар қазақты бейсана  
Залым, кесел, арамзадан қорқамын.

Пайда сайлап түрленгеннен қорқамын,  
Тайралаңдап жүргендерден қорқамын.  
Асыл арман дербестігім жасқантып,  
Күле кіріп күңіренгеннен қорқамын.

Дәмін татқан нарық берген сорпаның,  
Шығарады майлы ауыздар шорқақ үн.  
Шырылдаған шындық сырын айтпауға,  
Абай ата, аруағыңнан қорқамын.

1995

## ТІЛІҢДІ ҚОРҒА, ҚАЗАҒЫМ!

(Толғау)

Тіл – ұлымның жүрегі  
Лүпілін Алла қолдаған.  
Тіл – елдіктің тірегі  
Ежелден тағдыр жолдаған.

Тіл – Қорқыттың арманы,  
Асанқайғы шерлі еткен.  
Тіл – сұлу сөз орманы,  
Ғасырлар бөлеп тербеткен.

Тіл – Абайды тудырған  
Білсін деп бізді бар ғалам.  
Тіл – Жамбылды ту қылған  
Жеткенше жүзге сайраған.

Тіл – Абылай ұраны  
Қалың жауға бастаған.  
Тіл – Біржан сал бір әні  
Ақан сері қостаған.

Тіл – «Сарыарқа», «Сарыжайлау»,  
Құрманғазы, Тәттімбет.  
Тіл – туған жер, ақ жайлау,  
Аруақ қолдар ақ міндет.

Орадың терең сөзіңе,  
Тіршілік талай азабың.  
Өз қолың жетсе өзіңе,  
Тіліңді қорға, қазағым.

Тіл – ұлтымның анасы  
Ақ сүттей бойға татынған.  
Тіл – бар қазақ санасы  
Елдікке дербес шақырған.

Тіл – артында мұрагер  
Өлгенде жоқтау арнаған.  
Тіл – «шаппай бер» Құлагер  
Алдына өнер салмаған.

Тіл – Төлеген ажалы  
Намысы барды күрсінткен.  
Тіл – Қыз Жібек ажары  
Ақындар жырлап, сүйсінткен.

Тіл – үзілмес өз үнім,  
«Жезкиік» құмар қандырған.  
Тіл – Ләйлі, біз – Мәжнүн,  
Махаббат естен тандырған.

Түскенде көзі көзіңе  
Шеккендей ғашық азабын.  
Түсірмей кіршік сөзіңе,  
Тілінді қорға, қазағым.

1995

## ӨЗГЕРІС

«Ішпендер» – деп бастықтарым зарлады,  
Тәртіп сақтау – саясаттың бар мәні.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ,  
бірақ та  
Туған елді талапайға салмады.

«Ішпендер» – деп «дөкейлерім» қақсады,  
Адал еді алдындағы ақ дәмі.  
Ал, өздері аз ішкен жоқ,  
бірақ та  
Ел байлығын ерсіл-қарсыл сатпады.

Қиямет еді ол заманның жолдары,  
Қатал бастық, қатал тәртіп қорғады.  
Лебінен аңқыса да ашы иіс,  
Қия баспас,  
таза болды қолдары.

Ал, қазір ше? Байқап созар көмейді,  
Ішпей ғана, көп жейтіндер көбейді.  
Өзгеріс сол: ішу аздау,  
бірақ та  
Қанша жесең, “Токтатыңдар!” демейді.

1996

\* \* \*

Өлеңнің бағы жанбас сөз төселмей,  
Сескенем осал жері көз тесердей.  
Ой – толқын, жаным – теңіз,  
мың толғанам,  
Бір сөзім бүкіл елмен кездесердей.

Жазбауға қоймас жүрек ерік бермей,  
Мезетке қалам қайтсын серіктенбей.  
Ащы шер, нұрлы мұным бой балқытар,  
Күншуақ қалың қарды еріткендей.

Адамның адамдығын көтерем деп,  
Өмірім бара жатыр ақ өлең боп.  
Туған ел,  
Қайда жүр деп қапаланба,  
Қайсармын, жатып қалмас көтерем боп.

Сырымды ұқ.  
Болсын әділ білгендігің,  
Дәл мендей бекітеді іргенді кім.  
Бір емес, екі күнге есептелсін  
Аралдың айқасында жүрген күнім.

1996

## **ПІЛТЕ ШАМДЫ ӨЗІРЛЕ**

Жеті айналсаң,  
Жер бетінде шындық жоқ  
Дегенге, дос, қамықпа.  
Ес кеткеннен  
елде үлкен сұмдық жоқ.  
Қолда барды анықта.

Тірі пенде  
Жасай білер жантәсіл,



Көңілі толы күдікке.  
Көкке қара,  
Жердегіге көрсетіп,  
шындық болса биікте.

Көзінді аш,  
Өңің бе, әлде түсің бе?  
Кім, қалайша қарғады?  
Таң қаласың.  
Хан базардың ішінде  
Шам сатқыштар зарлады.

Айқындасам  
Сөздің ащы тұздығын,  
Артта қалды бар аңыз.  
Кешегіні  
Ұрыса, ұрыса, біз бүгін  
Баяғыға барамыз.

«Ильич» шамын  
Сан тәлкекке салып ек.  
Теліп тексіз әзілге.  
Атасаң да  
Қай бастықтың шамы деп,  
Пілте шамды әзірле.

1996

## ЕСІЛДЕГІ АСТАНА

Қоштасып қарт Алатау астанамен,  
Көш тартты Сарыарқаға басты мәрем.  
Ақ орда – мәртебелі Ақмолаға  
Сәт тілеп, байтақ елім айтты сәлем.

Бұл күнде бүкіл әлем таныс маған,  
Көшіме көлік қосты ғарыш-ғалам.  
Қалықтап қанат жайды ақ арманым,  
Азаттық ақ жолында қарыштаған.

Бастасам асыл әнді ақ жүректен,  
Ақмола, нұрың жансын ақ тілектен.  
Көгілдір туым жайнап, желбірей бер,  
Қазақты жер шарымен тату еткен.

1997

## ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕН ЕЛ

Жерімнің сәні – Алатау,  
Еділ мен Жайық – егізі.  
Қазақтың мұңы – Қаратау,  
Сарыарқа – елдің негізі.

Көкшетау – кербез ажарым,  
Ұлытау – ата ұраным.  
Алтайым – алтын базарым,  
Ақмола – жаңа қыраным.

Каспийім – ашық маңдайым,  
Арал, Балқаш – қос жанар.  
Есілім – бұлбұл таңдайым,  
Теміртау – төрім төс қағар.

Қарағанды – түндігім,  
Жезқазған – жер кіндігім,  
Байқоңырым – қанатым,  
Қостанай – асау дүлдүлім,  
Жетісу – торғын жаннатым.

Баяным – сезім тұнығы,  
Шығыста туым – Шыңғыстау.  
Алматым – аруақ тұғыры,  
Меккеміз біздің – Түркістан.

Егемен туы үр жаңа,  
Бір көрсең жаның кенелер.  
Осының бәрі бір ғана  
Қазақстан деген ел.

1997

## САҒЫНДЫҚ КЕНЖЕБАЕВТЫҢ СӨЗІ

Біреу ерте, кейбіреу кеш біледі,  
Кей ұғымдар өзгеріп, ескіреді.  
Бергені ғой құдайдың  
жүре, жүре  
Кей дөңгелек дораққа ес кіреді.

Кеше үйінде жасаса іргелі той,  
Жүре, жүре ақылы кіргені ғой.

Ертеңіне көмекші бола қалды,  
Бастығына жағына білгені ғой.

Талай жорға мініп жүр көк аланы,  
Байып қалды, өмірге жоқ аланы.  
Жалақыны баяғы «Генсектерден»  
Осы күнгі көмекші көп алады.

Қызғанбаймын, біз бүгін қалдық неден,  
Сеңгіріне сексеннің тартып келем.  
Генеральный бәйбішем қасымда отыр,  
Мың тоқалдан мен оны артық көрем.

1997

### **ЖОЛДАҒЫ КӨРГЕН ЖОРАЛҒЫ**

Келеміз Алматыдан Орынбекке,  
Той-думан көтереміз төрін көкке.  
Шымкенттің отарбасын отарладық,  
Жолға жай, жылы төсек, орын көпте.

Тоқтадық Жамбыл ата қаласына,  
Көк базар кіріп кеттім арасына.  
Нарықтың әкелгенін карандаршы  
Қазақтың сауда білмес баласына.

Сусынға жолаушылар жармасады,  
Долларға теңге, тиын алмасады.  
Қара көз, кара мойыл  
Жап-жас қыздар  
Сатып жүр күшақ-күшақ колбасаны.

– Алыңыз, – деді қыздар қолдағысын,  
Молайтпақ қалта қағып, зор табысын.  
– Өзімде сүр қазы бар,  
бұдан артық, –  
Дедім мен қысып кетіп өр намысым.

Түскендей жүздеріне нала-қайғы,  
Көрсетіп колбасасын ала майлы.  
– Сіздікі, – деді бір қыз, – ағатайым,  
Сатуға хан базарда жарамайды.

– Сақтай гөр асыл дәмнің киесінен,  
Қалмаймын құдай берген тиесіден.  
Жарайды бәрін алам, –  
дедім сонда,  
Күн білер өжет, сұлу иесімен.

Селк етпей, серттескенде ақын жаны,  
Әлгі қыз әу-дем сәтте мақұлдады.  
Поездың ысқырғанын не қылайын,  
Естілді бәйбішемнің шақырғаны.

1997

## СИЫНАР ПІРІМ – АБЫЛАЙ

Басқарып қазақ баласын,  
Хандардың ханы атанған.  
Айнала жаудан даласын  
Қорғаумен озған қатардан.

Аруақты кетпе танымай,  
Білмесең атын анықта.  
Сиынар пірің – Абылай  
Төнгенде қатер халыққа.

Елдігін сақтап қазақтың,  
Ордалы өрге ту тіккен.  
Аңсаған мәңгі азат күн  
Береке, бақыт, бірлікпен.

Бәйгеге жүйрік қосқанда  
Саятта қыран құс ілген.  
Белдесер жауды тосқанда  
Айтып жүр атын ішіңнен.

Аруақты кетпе танымай,  
Жасанған жауға жасыма.  
Сиынар пірің – Абылай  
Төнгенде қатер басыңа.

Іргелес ел боп теңдестік,  
Әлемге атым самғады.  
Бүгінгі біздің дербестік –  
Абылай ханның арманы.

1997

## АЛПЫСҚА КЕЛГЕН ІНІЛЕРІМЕ

Айтып жүрген  
беу, ағайын, алпысын –  
Бесін емес, ымырт емес, талтүсім.  
Елуімнен айырмасы көп емес,  
Әлі талай арпалысқа бар күшім.

Алпыс деген шуак күзде тың алаң,  
Қыран жасы  
құс ілетін қиядан.  
Сексендегі ағаларды көргенде  
Өз жасымды айтуға да ұялам.

Есті сұлу  
Кәрі демес мендейді,  
Көңіл жықпас ақ ниетпен емдейді.  
Пайғамбардың келсем дағы жасына,  
Құдашалар оңашада сенбейді.

Алпыс жаста  
Кәрілік күтіп тұр деме,  
Көп өзгеріс енбес өң мен түрге де.  
Пенсионер дегендердің бәрі де  
Етегіне намаз оқып жүр деме.

Қанша қызық  
Көрер ме едім әл кетсе,  
Ұры емеспін алақұйын, баукеспе.  
Талай жылдар кездеспеген бір құрбым  
Жастық шақтың от-жалынын салды еске.

Алпыс келсе,  
Жасқанамыз біз неге,  
Құрбыларға «күдерінді үз» деме.  
Бұл алпысын кәрі де емес, жас та емес,  
Екі ортада әрі-сәрі бірдеме.

Өзіңді өзің жас жігітке балайсың,  
Келіншектің кербезіне қарайсың.  
Қырып-жойып кетпесен де алпыста,  
Сен әлі де бір кәдеге жарайсың.

Бір күн бұрыс,  
Жүре салсаң бір күн тік,

Жеңіп кетпес жеңіл-желпі сылқымдық.  
Осыған да зар боларсың,  
Сілтеп қал,  
Алпыс деген ең ақырғы мүмкіндік.

1997

## ТУҒАН КҮНІҢ, АСТАНА, ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қоспай жүрмін өлеңге Вашингтонды,  
Менсіз де оның қойнына жақұт толды.  
Алматымды  
Көп жырлап, әнге орасам,  
Бір мен емес,  
Бір ғасыр ғашық болды.

Көкшетауды көп айтсам,  
Жан құмартты,  
Жырға бөлеп, балауса өн тұтатты.  
Жезқазғанды паш етсем,  
«Жезкиікті»  
Көптен көрмей, сағыныш қалжыратты.

Астана деп атасақ Ақмоланы,  
Жуастанар ақпанда ақ бораны.  
Жаңа заман  
ол – жаңа ақ ордасы,  
Тақ орнаса, ортаймас бақ қонады.

Әлдеқалай түспейді адасып нұр,  
Астанаға сұлу тәж жарасып тұр.  
Жаңа қала, жас қала әлемдегі  
Көнелермен бой түзеп, таласып тұр.

Сал бойына сай пешпент киіп жатыр,  
Жаңа ғасыр жасауы білінді ақыр.  
Астананы ерке Есіл бөлеп, тербеп,  
Сарыарқаның самалы сүйіп жатыр.

Жас Астана есімі елендетіп,  
Еңсем биік,  
Ұмтылдым өрем бекіп.  
Ол – кең дала, киелі ақ күмбезі,  
Көп үнілсем, тарихқа терең кетіп.

Дабылынан азатшыл жаңғырықтың  
Қайта туды қазаққа  
Жаңғырып күн.  
Бас қаланың ардақты есімін де  
Ата-рәміз  
деп атап, заң қылыппын.

Президентім бекіткен Жарлықпенен  
Сол күн туды, сөйлейін дәлдікпенен.  
Жырмен шашу шашайын ұлы тойда,  
Тұсаукесер жасайтын таң күткен ем.

### МАҒАН ЕЛСІҢ

Ерке Есіл бесікке тең,  
Көкшетаумен ортақсың  
Несіпке сен.  
Атамекен көрінер көз ұшында,  
Құшағыңа  
Мен де ертең көшіп кетем.

Көп қарайлап,  
Жүрмін ғой қия алмай да,  
Төбіреніс көп шабытшыл құмар жайда.  
Әкетер ем арқалап Алатауды,  
Болады ғой қиянат Тұманбайға.

Осал жерге  
Ортаймас бақ қона ма?!  
Ел көңілі толмаса тақ қона ма.  
Келер күндер,  
бере гөр құт-береке  
Елдің төрі, қасиетті Астанама.

Беу, Астана!  
Ардақты ақ қаласың,  
Жасап жатыр  
туған ел салт, жорасын.  
Тұсаукесер қуаныш құтты болсын!  
Атар тандар ақжолтай баққа орасын!

## ТІЛЕКТЕС КӨЗБЕН ҚАРАЙМЫН

«Көк бөрінің» елінде,  
Асатаяқ ұстадым.  
Тектілік көріп тегінде,  
Тілектес жігер ұштадым.

Ыстамбұлға жиғандай  
Мешітін бүкіл әлемнің.  
Санама әрең сыйғандай  
Тамсана бердім пәлен күн.

Күрсінген маған қосылар,  
Сарайлар зәулім қаулаған.  
Түседі еске Жошылар  
Қазаққа қала салмаған.

Ата жұртпен қоштасып,  
Көрінді түрік өткендей,  
Су кешіп, кейде от басып,  
Қақ төрге шығып кеткендей.

Тәуекелге бел буып,  
«Көк бөрі» шеру шеккендей.  
Тегі бір, бізбен тең туып,  
Биікке ерте жеткендей.

Теңізге берсем сәлемді,  
Шағала-шаттық үн қандай!  
Босфорымен әлемді  
Қылқындырып тұрғандай!

Жағалай жұтаң шөл емес,  
Миуалы бақша, жеміс қой.  
Тартылып қалар көл емес,  
Теңіздің аты теңіз ғой.

Білгенге бүгін, кеше де,  
Кемелі елде бар айбын.  
Тектесім жеткен межеге  
Тілектес көзбен қараймын.

1997



## СӘЛЕМ, САҒАН ЫСТАМБҰЛ!

Ассалаумағаләйкүм, Ыстамбұлым,  
Аңсаған бір көруге түсті-ау жолым.  
Қос теңіз құшақтаған қала екенсің,  
Еуропа мен Азия – оң мен солың.

Келіп тұр Абай елі, Жамбыл елі,  
Жадымда сәлемі құт ән-жыр селі.  
Даярмын діндесіммен бірлесуге,  
Шын қосса  
құтты жолда тағдыр мені.

Келіп тұр Мұхтар елі, Қаныш елі,  
Олар да саған қымбат, таныс еді.  
Тілегі тілдес елдер теңізденсе,  
Табылмас одан артық табыс кені,  
Қозғамас одан үлкен намыс мені.

Толқытсаң көне түрік бас қаласы,  
Ешкімнің туыстыққа жоқ таласы.  
Әкелдім Мағжан аға жыр ұшқынын,  
Түрікшіл, түркістаншыл бастамасы.

Қызықты білсе бүгін ғарыш-ғалам,  
Ертеден Ататүрік таныс маған.  
Аруағы Абылай ханның жебегендей,  
Келіп тұр барыс мінген Алтын адам.

Біз келдік Ақан, Біржан әніменен,  
Қозғаймыз бүгінгіні әріменен.  
Мен бүгін құшақ жайып, төс қағысам,  
Қауымдас, тілдес елдер – бәріменен.

Келіп тұр Тәттімбет пен Құрманғазы,  
Төгілер домбырадан күй маңғазы.  
«Сарыжайлау», «Сарыарқалар» тебірентеді,  
Толқындай ой түбінде тұнған назы.

Шалқыса өлең үдеп,  
Жалғанып ән,  
Алаулар – азат жолда жанған ұран.  
Көрінер сонда көзге қазақ елі –  
Тұлкіні қия белде шалған қыран.

Қасында талай қырғын қызған жорық,  
Жүруші ем келбетінді күстай шолып.  
Көріндің Қара теңіз жағасында  
Алтын шаш, көзі гауһар қыздай болып.

Құтты төр кездестірсе арай таңың,  
Паң, кербез аруға да наз айтамын.  
Шашымның ағарғаны сөз болып па,  
Жасымның артық жерін азайтамын.

Менің көп бүгін бойда қуанышым,  
Сен десем, жылып қана тұрады ішім.  
Қожа Ахмет Йасауи мен Сұлтан Ахмет,  
Жебеді Тұран деген ұран үшін.

1997

### ҚИЯЛ-ҚАЛА

Қарт Ыстамбұл –  
Әр мұсылман қиялы,  
Жүз марапат,  
мың мақтауға сыяды.  
Анталаған Еуропа мен Азия,  
Су ішінде  
Көрдім «алтын ұяны».

Аспандатқан  
зәулім үйлер жүйелі,  
қала қандай!  
Ел орнатқан түйелі.  
Бас шаһары түркі тектес елдердің,  
Көне тарих сырын түйген, киелі.

Күн сүйіп тұр  
Сансыз сұлу мешітті,  
Минареттер  
Бұлт төсіне көшіпті.  
Көрікті екен суда тұрған көп кеме,  
Беріпті Алла түрікке зор несіпті.

Бірге келген  
Көп жігіттер зиялы,  
Көріп, білген ғаламатты жияды.  
Баяндайды  
Қашан, қалай жеткенін,  
Ыстамбұлға сөйгүліктер тұяғы.

Еуразия атқан кезде ак таңы,  
Жасыл көктем  
Жатты естіліп төтті әні.  
«Жер бетіне нұр беремін, күн берем» –  
Деп жеткендей Мағжан аға айтқаны.

Ғимараттар көрдік жұлдыз-үркерін,  
Көп мұраны көкірегіме тіркедім.  
Шын тандандық  
алдымызға жайнатса,  
Гауһар тастың әлемде ең үлкенін.

Зал тым-тырыс...  
Дыбыс бермес тылсым үн,  
Сол киелі мезет сыры біл шынын.  
Тағзым етіп,  
Көрдік сонда Мұхаммед  
Пайғамбардың мұртының тал қылшығын.

Есімдері ер-түрік боп жатталған  
Елес берді сұлтандар да тақты алған.  
Ең киелі қызығы сол ғажайып –  
Пайғамбардың басқан ізі сақталған.

«Бісімлә», – деп ғибадатпен карап та,  
Көз саласың ғайып ерен, ғажапқа.  
Құм шетіне  
түскендей боп ап-айқын,  
Құтты ізі жатыр жұқа алтын табақта.

Бір қарасаң,  
Жетіп жатыр көп көрмей,  
Ғауыс-ғаяс қырық шілтен өпкендей.  
Алтын табак жатты жайнап,  
Мұхаммед  
Жаңа ғана үнсіз жүріп өткендей.

О, ғаламат! Жатыр ізде алыс мән,  
Ой мен сезім туды мезет табысқан.  
Жан мен төнің  
арылғандай күнөдан,  
Алла төкті нұр шапағат ғарыштан.

Сауап-сая көлеңкелі үзім тал,  
Желі аяттай  
Жылылық көп біз ұғар.  
Ыстамбұлды кіші Мекке деу дұрыс,  
Пайғамбардың мәңгі өшпес ізі бар.

1997

## ТАНСУ ЧИЛЛЕР ҚҰРЫЛТАЙДА СӨЙЛЕДІ

Дүр сілкінтсе дүлдүл сөздің өрнегі,  
Қызу қолдап, жастар залды кернеді.  
Саф алтындай  
Жұлдыз қызы Шығыстың  
Тансу Чиллер топ алдында өрледі.

Аты мәшһүр,  
Арай жүзі – таң атқан,  
Ақыл қандай!  
Айтқан сөзін санатқан.  
Ақ дидары тік қарауға жасқантар,  
Ару екен Алла артықша жаратқан.

Мағлұм істі марапаттап сызылмай,  
Маңызы мол айтты нешік қызық жай.  
Қызыл шырай  
Қызған сайын құлшынып,  
Қарқындады Атилланың қызындай.

Біздің елдер егемендік алғанын,  
«Атамекен» деп тебіrentті назды ағын.  
Түрік жерін «Анамекен» атаса,  
Туыстыққа қанды разы, мөз жаным.

Құйғытқандай ұшқыр ойдан құлын-жыр,  
Көркін ашты көмескі мен бұлыңғыр.  
Қожа Ахмет Йасауиді паш еткен  
Қазағымды қастерледі үзім сыр.

Пенде түгіл теңіз үнсіз тыңдардай,  
Балғын лебіз,  
Шағала шалку, үн қандай!  
Қарай берем Ыстамбұл жаққа елеңдеп,  
Тансу ханым өлі сөйлеп тұрғандай.

1997

## ЖЕКЕ БАТЫР

Жеке батыр  
Жеке жатыр ұйықтап,  
Бұйырған жер мәңгі-бақи тынықлақ.  
Кейде маған  
ол тірі боп көрінер  
Келбетіне зейін салсам дұрыстап.

Кейпі кербез,  
Өңі маңғаз, жігерлі,  
Ол күзетіп жатыр дербес бір елді.  
Күн шығарда жалғыз келіп көз салсам,  
Көкке қарап, қасын керіп жіберді.

Жылдам сезіп қас қимылын,  
селк еттім,  
Жүрексініп, сескенбеуге серт еттім.  
Еріндері бірдеме деп жатқандай,  
Сырын ұқтым мәрт көңілде мөлтектің.

Тірі жатыр.  
Сыбырлаған үн бітті,  
Сұрша бұлтты төніп келген сырғытты.  
Көкке қарап,  
Күңіреніп жатыр ол  
Айнакөлге байқап төнген сұмдықты.

Тірі жатыр,  
Көзге жеңіл еленбей,  
Мен үңілем келбетіне тереңдей.  
Киелі көлге лай суды төктіріп,  
Жұмақ төрін бүлдірдіңдер дегендей.

Келбетіне  
қарап таулы мүсіннің,  
Маңдай тершіп өз-өзімнен қысылдым.  
Табиғатты құрттыңдар деп,  
Қас қағып,  
Батыр баба күрсінгенін түсіндім.

Жеке батыр  
Жатыр мәңгі ұйықтап,  
Деме, достым, бекер сөзді тұйықтап.

Тәні үнсіз,  
Рухы дамыл бермейді,  
Адамдарға бара жатқан сұйықтап.

Жеке батыр  
Жеке жатыр тыныстап,  
Ол – данагөй,  
Сөйлер үнсіз дыбыстап.  
Беу, мырзалар! Аруақ атпай тұрғанда  
Табиғатқа қамқоршы бол дұрыстап.

\* \* \*

Әз жаным жаралғандай ойлы өлеңнен,  
Ұзақ жыр алмасады шақ көлеммен.  
Сыбырын көкіректің дәл айтамын,  
Найзағай түссе дағы қақ төбемнен.

Нарыққа бара жатқан қайыр сұрап,  
Жүректі теседі екен арық-тұрақ.  
Ауылдың бағы ашылса жарар еді,  
Қолында құрып кетпей айыр-тұяқ.

Шындықты шын жөптеймін Бірлік деген,  
Үмітсіз адам болмас нұр күтпеген.  
Аш-арық тез азайса жарар еді,  
Құлазып, күдер үзбес, тірлік, сенен.

Түзелер елдің сиқы сәтін шолып,  
Паш етер ақ тілекті хақым толық.  
Ауылдың ауыр күйін жиі айтамын,  
Әйтпесе неге керек ақын болып.

1997

## ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТИҢ СӨЗІ

Әдептен әнтек асырмай,  
Ақиқат ексем жасырмай.  
Ақ қағаз жетпей бұл күнде  
Көп кітап жатыр басылмай.

Басқаша дым жоқ оқырлық,  
«Караван» ашып шошындық.  
Жалаңаш өйел төніне,  
Қарай, қарай «шоқындық».

Төгілтсем ойшыл көпке наз,  
Емес те айтар өкпем наз.  
Қозы құйрық – қос емшек,  
Май бөксе жұтты-ау көп қағаз.

Ақиқат көзін ашайық,  
Бірігіп қаумет жасайық.  
Жалаңаш әйел не керек,  
Кітапты көптеу басайық.

1997

\* \* \*

Сарыағаш-ау, сенімен  
Нұр жұмақтай достастым.  
Сары күзде келіп ем,  
Қоңыр күзде қоштастым.

Жылда келіп тұрармын,  
Сағынбандар, арулар.  
Мың құмардан шығармын,  
Сұлулар бар, дәру бар.

Шабыттан бағыт сұрайын  
Төгілген жыр мен әніме.  
Сәт тілеймін дәйім  
Қонақтардың бәріне.

\* \* \*

Қимылында пәрмен бар әңгүдіктің,  
Үміті көп көңілде әр күдіктің.  
Бұлтартқызбас  
дәл келген жазымыштай  
Кездейсоқ пен айқасы заңдылықтың.

Тау суындай арнасы жылғалатқан,  
Жасырғандай жан сырын мұңға батқан;  
Бара жатыр байтақ ел шана болып,  
Үлкен күртік еріксіз сырғанатқан.

Кейде көрсек өмірден тірі қорлық,  
Кеше ғана демейміз «ірі» болдық.  
Дауыл жұтқан теңізде кемелердей  
Доллар жеңген дәуірдің құлы болдық.

Ете білсек өткелде шыдамдылық,  
Жасамады демендер қыран-қылық.  
Тәуелсіздік – аңсаған ел арманы,  
Келем бәрін сол үшін құрбан қылып.

1998

\* \* \*

Өлең деген тіршіліктің тірегі,  
Іші толы жақсы адамдар нұр-өңі.  
Толғағында қос шумақтың жатады  
Қыз бен жігіт лүпілдеген жүрегі.

Сөз сарасы – білсең, нағыз ашықтық,  
Қойды ақынды тамашаға ғашық қып.  
Гауһар тастың жарқ еткенін,  
Қарақат  
Мәлт еткенін сипаттауға асықтық.

Әр күн ғажап тіршілікте мен үшін,  
Кең жүрегім,  
Кең тілегім, кең ішім.  
Жер мен көктің сағынышын жалғаймын  
Көзім шалса Жезкиктің желісін.

Орынды сөз тисе ыстық шоқтай боп,  
Сезім селі толқынына тоқтау жоқ.  
Шырақ жағар жүрегіңе  
Жақсы өлең,  
Сыммен тартып,  
Шамға жеткен тоқтай боп.

Сурет те, мүсін де үнсіз тынып тұр,  
Булығып тұр, тілдесе алмай тұнық сыр.  
Өлең ғана  
Өз білгенін наз етіп,  
Тірі жанмен тірі кеңес құрып тұр.

1998

### **АҚЖАРДАН КЕЛГЕН АҚПАРАТ**

Сарыағашта шалдар тобы жиналды,  
Кемпірлерсіз сары кеңес ширалды.  
Сапырылды сары кымыз – саясат,  
Ағындаттық көкірекке сыйғанды.



Сонда бір қарт сөзді бөліп, сес етті,  
– Тоқтатындар! – деді, – сары өсекті.  
Сараптайық, – деді дағы оқыды  
Қолындағы сарғылт тартқан газетті.

Ташкент жақтан Шымкент барар жолдағы,  
Ауыл жайлы әңгіме екен сондағы.  
Кеше Тельман ұжымы еді шалқыған,  
Жиырма екі үзім болды қолдағы.

«Степной» боп аты сан жыл самғады,  
«Ақжар» дейміз ел дербестік алғалы.  
Кеше ғажап, жан толқытқан сөнді жер  
Бүгін көрсен, сау-тамтығы қалмады.

Қирап қалды мәдениет сарайы,  
«Достық» атты тозды дүкен арайы.  
«Дос»-ы кетіп, «тық» калыпты  
ырсиып,  
Мандайшада үш әріп түр қалайы.

«Тұрмыс үйі», кинотеатр дегендер,  
«Балабақша», пошта жетім елендер.  
Терезелері соқырайып калыпты,  
Емхананы басты айықпас шемен шер.

Жүзім суы беруші еді көп пайда,  
Шұжық, шарап шығаратын цех қайда?  
Бұрын жұмақ көрінетін ауылдан  
Көшіп жатыр... жұмыссыз ел тоқтай ма?!

Кино, концерт – құрып кетті салтанат,  
Карта ойыны, арақ ішу бар талант.  
Оқып-оқып сұрақ қойды ақсақал:  
– Айтшы ақыным, осыны кім байқамақ?

Мен не дейін,  
Бар шындықты айтқан жөн,  
Өз аулым да сол сұмдықты татқан соң.  
– Тәуелсіздік текке келе бермейді, –  
Дедім қария сөзі жанға батқан соң.

Еске түсті «шұбырынды ақ табан»,  
Отыз екінші жылдар ел-жұрт қақсаған.

– Сақта жұттан қазағымды, – дедім мен, –  
Кеше қырғын соғыста да сақтаған.

Түсірмейік бар қуатын еңсенің,  
Тәуекелге етіп отыр ел сенім.  
Тек жиырма екі деген бөліс шошытты,  
Бір қазақты үшке бөлме деуші едім.

1998

## ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН БІЗ БАС ТАРТТЫҚ

Бейбітшілік белгісіндей тас қақтық,  
Біл, жұртшылық, болмас бізде асқақтық.  
Ұлағатты ұлы жолда  
Ұрынбай,  
Ядролық қарудан да бас тарттық.

Дербестігім бой көрсетер туды күн,  
Мейірбандық жалау еттік нұрлы үнін.  
«Полигоны Семейдің» деп аталған  
Тамұқ жолы кештік тірлік сұмдығын.

Хиросима, Нагасаки секілді  
Өткерді өлке масқараны не түрлі.  
Мешеу, мылқау, мүгедектер көбейіп,  
Қазақтың да құтын «атом» кетірді.

Көп сыр ұқтық көкіректі шер тілгенде.  
Ақыл қосты  
«Атом» зарын білген де.  
Империя құрамында тұтылсақ,  
Тез құтылдық қолға билік тигенде.

1998

\* \* \*

Адал жарың – бірге соққан жүрегің,  
Жақсы ұлың – жер бетінде тірегің.  
Жақсы қызың – мәңгі сөнбес шырағың,  
Немерелер – көш көркейтер легің.

Адал досың – жолда қамал, қорғаның,  
Асыл інің – күнде қажет қолдағың.  
Қарындасың – жанашырың жалғанда,  
Ағайының – саясы құт орманың.

Жаксы келін – өзіннің бір баландай,  
Кұдағыың – жазғы кеште самалдай.  
Жаксы құдаң – ен ардақты жұрағат,  
Жас құдаша – алма іздетпес анардай.

Балдыздарың – жасыл жайлау өркенің,  
Бажаларың – тату-тәтті, кең төрін.  
Жаксы жеңген – бағып-қаққан анандай,  
Жаксы ағаң – өрде жалау, желкенің.

Кәсіптестер – нәсібі ортақ ауылдай,  
Студент достар – бірге туған бауырдай.  
Мектептестер – қайта оралмас көктемің,  
Құрдастарың – сокпай өтпес дауылдай.

Ата-анаң – Алла барын төккені,  
Туған жерің – бұл жалғанның көркемі.  
Шәкірттерің – ақ тілекті жалғасың,  
Ұстаздарың – жарқын жұлдыз көктегі.

1998

## КОЙШЫ АҒАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

### 1

Өмір жылжып барады тоқтамастан,  
Жүйріктер жоқ баяғы топтан асқан.  
Мен де жүрмін  
Біреуді беттен сүймей,  
Не былшитып,  
болбырды боқтамастан.

Енді қанша біліппін жасарымды,  
Тәрдегілер ұмытты осы ауылды.  
Түнде шам жоқ,  
Қамалдым қараңғыда,  
Бәйбішем де қырсыққа қоса ауырды.

Мал азайды,  
Баяғы несіп кетті,  
Асау нарық жалыны есіп жетті.  
Көрші ауылда  
бар еді көңілдесім,  
Қызылжарға ол кеше көшіп кетті.

Бір жақсылық сезгендей көз көрімде,  
Үміт үзбей жүрсін-ау өздерін де.  
Мен көшпеймін,  
Дәл бүгін құлап түссем,  
Ұйықтап қана жатармын өз жерімде.

## 2

Ертең бізге туардай заман ақыр,  
Неге ниет тарылып бара жатыр.  
Үш жүз қайда...  
Үйді-үйге бөлінісіп,  
Күңіреніп, күрсініп дала жатыр.

Шежіреші шеруі кетті ұласып,  
Бөлектенді  
бөліскер бетін ашып.  
Ру-жыру көбейсе ел шетінде,  
Ай толқыды кара бұлт бетін басып.

Жығылғанға жұдырық жолығады,  
Басы айналды ауылдың соры қалың.  
Елді талап,  
есерлер табыс тапса,  
Естілері үйде үнсіз торығады.

Басшы болар иесі шығасыға,  
Бөліскерді құдайым құрасын ба?!  
Үш ауыл боп,  
бір ауыл сырт айналсақ,  
Күн де ұялып батты ғой ұясына.

## 3

Білдім өмір азды-көп қанағатын,  
Ел, жұртыма  
Шыққан жоқ жаман атым.  
Дертім ауыр,  
Мен енді сауықласпын,  
Арттағыға қалсын сөз — аманатым.

Президенттің бағыты дұрысталды,  
Ел бірлігін  
ұран ғып, шын ұстанды.  
Бәрі дұрыс, Нүреке,  
қолпаштаймын,  
Бірлік деген білейік дін ұстауды.

Берсін Алла бірігер жақсы жолды,  
Өйтпегенде табысу тапшы болды.  
Бас құрармыз,  
Әйтеуір астананың  
Ақмолаға көшкені жақсы болды.

1998

## БОШАЙ КІТАПБАЕВТЫҢ АЙТҚАНЫ

### 1

Сайран етсем Жетісу мен Алтайды,  
Арпалыстар тірлігімді ақтайды.  
Жеңгелерің жұрт көзінше сынаса,  
Онашада өте қатты мақтайды.

Бір аяқты беріп едім соғысқа,  
Бар байлықты досқа төгем жолықса.  
Кең үйлерді заманында көрдік қой,  
Көңіл толды Алматыда коньсқа.

Жеңгелерің қатты сөзге кимайды,  
Әулетіме сәулет, дәулет, нұр жайды.  
Қайтпасын деп қартайғанда қайратым,  
Онашада өте қатты сыйлайды.

### 2

Ауылымды мақтай беру артық тым,  
Ақка тойды, ен дәулетке шалқыттым.  
Сиырларға «Жезкиікті» тындатып,  
Сай-сүйегін сұлу сазбен балқыттым.

Ән сарыны өңменінен өтетін,  
Мал да болса емшегі иіп кететін.  
Өзіме де себеп болды фермаға  
Сиыр сауған мезетте іздеп жететін.

Міне, осындай ынтық әуен мың сыры,  
Ет-жүректі балқытты ән сылқымы.  
«Жезкиіктей» бұл жалғанда ән қайда,  
Аңсап тұрар тірі жанның құлқыны.

1998

## САҒАДАТ НҰРМАҒАМБЕТОВТЫҢ СӨЗІ

Сөйлеп түр генерал Сағадат,  
Тыңдадык тіл қатпай жамағат.  
Арнап түр Бәйкенге бар сөзін,  
Әскери ұғымда бағалап.

Деді ол: «Кей дөкей аты ірі,  
Қай күні өмірі тоқтады  
Сол күні алысы, жақыны  
Сыртынан сыпыра боқтады.

Сау қалған осындай жазадан,  
Әшімов – ғажайып, таза адам.  
Суворов секілді сөз ермес,  
Біз көріп, білетін аз адам.

Ар-намыс тұғырын жықпады,  
Қадамын ел бірге құптады.  
Ол – берік қолбасшы, мызғымас,  
Алғы шеп отынан шықпады.

Ол мықты тәртіпке сенім мен,  
Жері жоқ дұшпаннан жеңілген.  
Жүгі ауыр, төсінде жұлдыз да  
Мандай тер селіне берілген».

1998

## АҚҚУ ҚАЛА – АСТАНА

Есімін Ай-өлемге тұрақталып,  
Келіпсің Сарыарқаға жұмақты алып.  
Көзіме көрінерсің, жас Астана,  
Есілге қонған аққу сияқтанып.

Орнаса айдыныма алтын маусым,  
Ақ қанат, ашық қабак жарқылдайсың.  
Саңқылың туған елді таңдандырып,  
Құлпырып, күннен-күнге қарқындайсың.

Қуансам, айналама жар салғандай,  
Ерекше өзгеріпсің тамсанғандай.  
Көргенде көз кенеліп, масайрадым  
Баяғы ғашықтарым қарсы алғандай.

1998

## АСТАНА АСЫЛ ТОЙЫ АШЫЛҒАНДА

Өрінде жаңа заман Астанамыз,  
Ол біздің аруақ қонған Бас қаламыз.  
Меймандар, қош келдіңіз!  
Ел төрінде  
Ақ жүрек лүпілімен қарсы аламыз.

Біріміз бірімізге ғашық жанға  
Ұқсармыз гүлмен шашу шашылғанда.  
Бар қазақ қарсы аламыз  
Тұсаукесер,  
Астана салтанаты ашылғанда.

Тойласақ тәй-тәй басқан баланы да,  
Ораймыз зор думанға қаланы да.  
Ежелден салтым осы,  
Қуаньшпен  
Жамаймыз ескі ауыр жараны да.

Көз салып кейінгіге, ертеңіме,  
Қараймыз өркениет көркеміне.  
Әлемде барлық елмен сыйласамыз,  
Бағыттас жел тілеген желкеніме.

Кел, төрлет,  
Меймандарым, көңілді бір,  
Көтерсін қызу бәйге, еркін дүбір.  
Серілер серке тартып,  
«қыз қуамыз»,  
Қара көз, қуып жетсем, бетінді бұр.

Күй толқып, домбырадан әндетеміз,  
Сарыарқа арай таңын сәнді етеміз.  
Ерке Есіл  
Ақ толқыны аялайды,  
Кездесу әр мезетін мәңгі етеміз.

Келгендер алыстан да, жақыннан да  
Ұқсайық дария толқып, тасынғанға.  
Айнымас дос боп кетер  
Кездескендер,  
Астана асыл тойы ашылғанда.

## БИБИГҮЛ – ҚАЗАҚ ЖҮЛДЫЗЫ

Жарқ еткен ерке нұр жүзі,  
Ертістің ғажап құндызы.  
Күміс көмей, құс таңдай  
Бибігүл – қазақ жұлдызы.

Мезетте еркін сайраған,  
Құштарлық оты қайнаған.  
Екі бетін қызартар  
Қыз күніндей жайнаған.

Шабытты, сергек тынысы,  
Ақ марал маң-маң жүрісі.  
Жүректі жайлап өтпей ме  
Үзімтал, өргек дыбысы.

Бір қуаньш, бір қайғы  
Әндетіп қанша сыр жайды.  
Өз жаны нәзік болған соң,  
Мөп-мөлдір нәзік шырқайды.

Әсем ән тылсым дірілі,  
Заяға кетпес бір үні.  
Өлгенді қайта тірілтіп,  
Талдырар жаны тіріні.

Жанары шырақ жаққандай,  
Үзілткен әнді сәт қандай.  
Сыңарын іздеп сандуғаш  
Талықсып әрен тапқандай.

1999

\* \* \*

Мен келемін баяу басып, ақырын,  
Ел бірлігін сақтау – жеткен ақылым.  
Арқалылар баяғыдай сыйлайды,  
Қалталылар болып кетті жақыным.

Тағзым етсем жаратқанға сиынып,  
Отыр деме өз-өзінен бұйығып.  
Көкіректі тесіп қана шығады  
Өлең шіркін, ағыл-тегіл құйылып.



Шуак берсе дербес елде жылы күн,  
Өзіме де оғаш кейбір қылығым.  
Жақтамаймын өткен ғасыр байлығын,  
Боқтамаймын бүгінгі күн былығын.

Келемін ғой саспай, сабыр сақтаумен,  
Жарғы мен заң әділ сөзін жақтау жөн.  
Тынысым жоқ шындық сырын іздеумен,  
Жұмысым жоқ талапайды мақтаумен.

Еліктірмес бос айғайшыл тобыр нық,  
Желіктірмес қырсық-қиғаш содырлық.  
Әр нәрсенің затын ойлап келемін,  
Үндемесем жеңді деме момындық.

1999

## ЖҮЛДЫЗЫҢ ЖАНСЫН, АСТАНА

Әлемнің құтты көшінде,  
Қонғандай аққу Есілге.  
Қанатын жайды астана  
Сарыарқа алтын төсінде.

Асылын әннің арнаймын,  
Басылды ескі бар қайғым.  
Баянды бақыт орнасып,  
Аруағы қолдап Абылайдың.

Жайнатсақ бүгін жолды азат,  
Әлі де талай бар ғажап.  
Жұлдызың жансын, Ақмола,  
Қарап тұр саған бар қазақ.

Алыста жүрген бауырлар,  
Жақында сансыз ауылдар,  
Тілегі келіп бәрінің,  
Тез өтсін қарсы дауылдар.

Ақ Орда дәулет құрайды,  
Сәулетің болсын шырайлы.  
Өркенің өссін, Ақмола,  
Бар әлем сені сынайды.

Көңілім ада күдіктен,  
Қараймын сөнбес үмітпен.  
Бекітіп елдің іргесін,  
Жалғайық қанат бірлікпен.

1998

## ҚАСЫМҒА

Поэзия әлемінде асыл шын,  
Ақын Қасым,  
Хан Қасымдай батылсың.  
Қатал күнде қайрат шеккен шендіге  
Қасқа жолы  
Жайнап жатқан асылсың.

Ел қанықты  
Өлеңіңе, әніңе,  
Есте қалды қара пальто сәні де.  
Сені әлі де  
аз ардақтап жүр едік,  
Міне, бүгін  
бетін бүрды бәрі де.

Заманында  
Асау, асқақ шырқаған,  
Кім бар еді қатарласар бір саған.  
Ақын Мағжан  
Жақын тұрса Абайға,  
Сен Мағжанға  
Жақын тұрсың бір табан.

2001

## ШӘКІРГЕ

Жетпіске, Шәкір, жылдам келіп қалдың,  
Егделік есік-төрін көріп қалдым.  
Алпыста алшаң басып жүре тұрмай,  
Жетпіске  
қалай ғана көніп қалдың?

Біз емес жалт бұрылып, шегіншектер,  
Жетпістің қайда апарар жерін тексер.  
Жетпіске сен келді деп естігенде  
Көз таныс  
киналады-ау келіншектер.

Жүруші ек бірге оқыған бала болып,  
Бұл жетпіс салды саған дара жорық.  
Дәуірдің тәуірі өтті ауырына,  
Жетермін  
мен де ертең ара қонып.

Ахау, арман...  
Дүние жалған.  
Жастық шак – «Жезкигім»  
Қайда қалған?  
Білдік жұлдыз теруді,  
Көрдік талай шеруді,  
Көксетпейді жиырма бес,  
Сағынармыз елуді.

1999

### ЕСКЕРТУ

Саясат деген сайқал бар –  
Әлемнің кызыл түлкісі.  
Беу, достым, аңдап байқау сал,  
Құбылып тұр ғой түр-түсі.

Пысықсып, әнтек елжіреп,  
Саудаға түсіп арымен.  
Саясат қуар кейбіреу  
Қара бастың қамымен.

Нарықтың буы көтеріп,  
Біреулер алшаң басып жүр.  
Байлыққа шексіз еті өліп,  
Долларын сыртқа тасып жүр.

Беу, мырза, зерле, байыпта,  
Оңбайды отпен ойнаған.  
Тізгінің сенің халықта,  
Құлқынды байқар тоймаған.

Тер төгіп, адал кәсіп ет,  
Болардай ұшқан құс құмар.  
Арам ас – ауыр қасірет,  
Желкеңнен түйіп, құстырар.

Ары мол, текті жүйрік бар  
Мыңменен жалғыз жарысқан.  
Тәуекел деген бұйрық бар,  
Табысар сәтті алыстан.

Саясат деген қашан да  
Азулы елдер жарысы.  
Шаш ал десе, бас алма,  
Әркімнің бар ғой намысы.

1999

## ӨТТІ ҒАСЫР

Өтті ғасыр...  
Атомшыл сауал салып,  
Бітті Одақтың ғұмыры тәмәмдалып.  
Өтті Семей сілкініп «полигонын»,  
Қан қақсатты тал түсте Аралды алып.

Өтті ғасыр...  
Өлексе арандадық,  
Арыстарды әкетті қамауға алып.  
Отыз екінші жыл жұтса...  
Соғыс келіп.  
Батыс жаққа жаутандап, аландадық.

Ел тозғанда талықсып «Жеңіс» келді,  
Намыс жеңді  
Фашистік немістерді.  
Жетім-жесір көбейді ауылымда,  
Бітеу жара тым баяу тегістелді.

Адасқандай аңсатқан мол арманы,  
Анамның да тұрмысы оңалмады.  
Көршіміздің оралса бәрі түгел,  
Біздің үйден үш арыс оралмады.

Тойлар келсе...  
Ел шалқып, ән тасыған,  
Біз шошыдық  
Құмалақ әр тасынан.  
«Қара қағаз» дегенді  
Өтті анам  
Қамзолының шығармай қалтасынан.

Өтті ғасыр...  
Бақ құсы анық келді,  
«Қазақ» деген атымды алып берді.  
Желтоқсанның желіне ере келген  
Егемендік қызығын халық көрді.

Көксегені осы ғой Абылайдың,  
Көш түзедік,  
Шаттыққа туды сай күн.  
Дербестікке қанықты қайран қазақ,  
Келместікке кеткендей күллі қайғым.

Өтті ғасыр...  
Қолында барды ақтарып,  
Мағжан аға оралды ардақталып.  
Сәкен, Ілияс, Бейімбет қайта туды,  
Түркістанның негізін салмақтадық.

Өтті ғасыр...  
Алып түр өмір демін,  
Дербестігім тарқатты көңіл шерін.  
Бірақ, шіркін,  
біле алмай елеңдеймін  
Үкілі Ыбырай қай жерге көмілгенін.

Ахметтей  
туған ел сағынғандар,  
Орнын тапты аттары аңыз жандар.  
Бірақ, кешірім өткенге еткізбеді  
Шәкәрімдей құдықтан табылғандар.

Өтті ғасыр...  
толқимын қаламды алып,  
Мұң мен шерге қалыппын қамауланып.  
Қос ғасырдың куәсі —  
осы күнге  
Жеттік талай апаттан аман қалып.

Барға разы толқытса сезім өлең,  
Алға ұмтылам болашақ көзіменен.  
Өткен ғасыр  
сактайық жақсылығын,  
Жамандығы кетсінші өзіменен.

2000

## ТОҒЫСҚАНДА ҚОС ҒАСЫР

Құтты болсын Жаңа жылың, ағайын,  
Жаңа ғасыр төксін жаңа арайын.  
Көз алдында тоғысып тұр қос ғасыр,  
Шыршасына жырдан шырақ жағайын.

«Жезкиікті» домбыраға қосайын,  
«Гәккулетсем» тусын көкте қос Айым.  
«Ар жағынан келген ару Алтайдың»  
Сені Есілдің жағасында тосайын.

Есіркесін өткен ескі ғасырым,  
Жаңа дәуір жайсын алға асылын.  
Жарылқасын осы жылдан бастап-ақ,  
Тар кезеңнен тапсын өту тәсілін.

Үстем қоссын пенсияға, айлыққа,  
Беу, кәсіпкер! Сен де өрле, қаймықпа!  
Немерелер алаңдамай, ер жетсін,  
Балаларды бөлеп тағдыр байлыққа.

Ақмоладан жасағандай Астана  
Жайнай түссін ауыл төрі, басқа да.  
Тәуелсіз ел мал мен басы көбейсін,  
Қазынада алтыны мен ақша да.

Тілек осы келіп тұрса өрлегім,  
Тез молайсын  
жерден жеті тергенім.  
Жерінді ойла, кенінді ойла, қазағым,  
Рәсуа қылмай бір құдайдың бергенін.

Жер бетіне жаңа қазық қададың,  
Әр таңыңды бақыт нұры санадым.  
Отанымды шапағатқа малшындыр,  
Жаңа ғасыр, құтты болсын қадамың!

2000

## ҚАРАСАЙ МЕН АҒЫНТАЙ БАБАЛАРЫМ

Ассалаумағаләйкүм, көрікті өлкем,  
Тарихқа таңба салды күнің көркем.  
Қарасай, Ағынтайдың кесенесі  
Сарыарқа бір шетінде құрды желкен.

Ескерткіш

Барша қазақ қолдап салған.

Сан ғасыр қиял еткен орнатты арман.

Қос батыр, қос жолбарыс ұйықтап жатыр

Жоңғардан ел намысын қорғап қалған.

Тағдырдың тура тандап берген жері,

Бұйырған белдеу осы сөнген демі.

Қазақтың

Шекарасын межелеп тұр

Қос ноян шалғай шепте жерленгені.

Бұйрығын туған елдің орындаумен

Бұрадай бұлқысқан жер қалың жаумен.

Құлшынбай төбесінде тыныс тапты

Шалқартау жалғас кезең Айыртаумен.

Төрт ғасыр әр кезеңін санағанда

Ой салар құбылыс көп әр адамға.

Қос батыр көз алдында елестейді

Айыртау қос шыңына қарағанда.

Қос өркеш Эльбурстай ақшыл түсі,

Біреуі – Қарасайдың сак сүнгісі,

Біреуі – Ағынтайдың ақ жебесі,

Қиядан қиял қозғар жақсы үлгісі.

Кербез тау әлмисактан сүйікті еді,

Жан баурар екі көзді үйірткені.

Қарасай, Ағынтайдың арқасында

Айыртау бұрынғыдан биіктеді.

Жансебіл қырғын елдің есіндегі,

Ізі айқын Ұлытауда, Есілдегі.

Қызылжар қаласында қолаланды

Қос батыр бір тұғырда есімдері.

Түсінсең соның бәрін мәнді етемін,

Толқытам күй күмбірі, ән жетегін.

Ел білсін,

дос сүйсінсін, дұшпан ұқсын

Тұғыры Қазақстан әлді екенін.

Қарқындап, екпіндетем дабылымды,

Паш етем әлі талай бар ірімді.

Қарасай, Ағынтаймен танытып тұр  
Тарихта менің терең тамырымды.

Кесене кең далаға қарқын сайлап,  
Көркіне жігер қосты барқын аймақ.  
Белгі осы  
бүкіл қазақ бірлігіне,  
Ырымдап ел орнатқан алтын айғақ.

Бабасын қадір тұтпас жаңылады,  
Жаңылса,  
Құт пен сәтке зарығады.  
Көтерген кесенені кім болса да  
Қолдасын қос батырдың аруағы.

Қаскелең үлесі мол той салтында,  
Жетісу көшіп келді сол қалпында.  
Қарсы алды қошеметтеп Есіл, Көкше  
Ақ ниет, тілек қосып мол қарқынға.

Қалың ел — мәңгі жасыл қарағайым,  
Қарсы алды дән толқыған дала дайын.  
Алладан не тілесек, соны берсін,  
Ас пен той  
Құтты болсын, бар ағайын!

1999

## ҚАНЫШ ТОЙЫ ПАРИЖДЕ

Сәлем, Париж — әлемдік биік төрім,  
Салтанатқа дәл осы үмітті едім.  
ЮНЕСКО Сәтбаев тойын атап,  
Ардақтады қазақтың білікті ерін.

Қазақстан құлашы кең екенін,  
Барлық елмен терезем тең екенін  
Бір көрсетті  
дүбірлі Қаныш тойы,  
Көгілдір ту сәні боп мерекенің.

Нұрлы бейне ұлтымды тәмамдетті,  
Дала мандай той төрін мәнерлі етті.  
Қаныш аға күншуақ күлкісімен,  
Қара Ертістен Сенаға Сәлем жетті.



Бар ғаламға танытқан Қаныш елін,  
Қасымда жүр Талғатым – ғарышкерім.  
Қаны қызу қаламгер Медеу де бар,  
Сәтбаевтың көркейткен намыс төрін.

Аманжол бар айтарын жайлап табар,  
Қонаевтың жиені Қайрат та бар.  
Абдуллин бар шәкірті Сәтбаевтың,  
Жиені Нұрлан бір сөз жалғап қалар.

Қанат жайып Алатау шың құзынан,  
Ұшып жеткен аумадық жыл құсынан.  
Қазақстан құрметтеп тойлы көшін,  
Аунап түсті Наполеон ұйқысынан.

Айғақтасак Қаныштай ағаны асыл,  
Білді Париж мерейтой мағынасын.  
Жүз жылдық той мерейлі дүбірімен  
Бір теңселттік Эйфельдің бағанасын.

1999

## ТҮРКІСТАНҒА ТАҒЗЫМ

*«Түркістан – екі дүние есігі ғой,  
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой».*

Мағжан Жұмабаев.

Қасиетті есік ашылды,  
Тамсантты жаңа ғасырды,  
Түркістаным – «Кіші Мекке» атанған.  
Даналар зират тапқан жер,  
Әзірет Сұлтан жатқан жер,  
Жеті жаста әулиеден бата алған.

Әлемге әйгі есімің,  
Киелі алтын бесігім.  
Құт байлансын сенің асыл даңқына.  
Ер түрік белін буғанда,  
Ер қазақ қайта туғанда  
Рухани астанам боп жарқыра.

Көшуге құмар ғұмырын,  
Өзгеріп туды тұғырың,

Көшелермен келді жаңа күт басы.  
Отырардың қасында,  
Жігерлі едің жасында,  
Қазағымның қала мен дала тұтқасы.

Тәңірім төр қып қалаған,  
Құлшынған сендей қаладан  
Өріс тапты білім, ғылым, жаңалық.  
Отыз екі қала бар,  
Бәрінде басшы даналар,  
Сол емес пе өркениет далалық.

Әлдиле, бесік, әлдиле,  
Басайын шаттық ән-күйге,  
Құлшынайын үйірде озық құр аттай.  
Құлаш жайып кең төрден,  
Тіл табысып ертеңмен,  
Дәуір тойы келді аңсаған мұраттай.

Тағдырға тәбділ табылды,  
Халқыма шырақ жағылды,  
Иман бұзбай пәк сенімін сақтаған.  
Егемен бүгін ел болдык,  
Оң мен солды тең шолдык,  
Сол бағытта сыр түйдегін ақтарам.

Тұтанған жалын кеудемде  
Жөн тапты енді сөнбеуге,  
Женді ақиқат бодан күндер жасырған.  
Күйзелген күйім оңалды,  
«Тайқазан» қайта оралды,  
Дәру таптым күйінішке ашынған.

«Қасым салған қасқа жол»,  
«Есім салған ескі жол»  
Жоғалған жоқ жонда ізі мөлдіреп.  
Түркістан зерлеп затынды,  
Таңдайым ғибрат татынды,  
Шарықта тудай төр төбеде желбіреп.

Рухым қайта жетілді,  
Ділім мен дінім бекінді,  
Тілім де ертең баяғыдай шарықтар.  
«Улы дәннен» арылдық,  
Ұлы жолда табылдық  
Өр тұлғанды асыл тойын анықтар.

Күмбезіңе қоныпты,  
Күн көзін де шолыпты  
Туған елдің үміті мен қиялы.  
Сүйсінтіп қадір, маңызын,  
Етеді мәңгі тағзым,  
Түркі тектес елдер ортақ ұялы.

Әйгілі, құтты кесене,  
Күшінді толқыт, еселе,  
Ел-жұртыңды еліктір де қызықтыр.  
Мәңгілікті меңзеткен,  
Естіген жаңды шөддеткен  
Қабырғанда тарих сыры тұнып тұр.

О, қазағым! Бір сүйін,  
Шалқысын сәтті жыр-сыйым,  
Күмбір қаксын мерекенде басқа күй.  
Арыстан бабқа түнейін,  
Мағжанша шалқып, түлейін,  
Аунап түссін Қожа Ахмет Йасауи.

2000

## АЛЛА ӘУЕНІ ӨРІЛСІН

*«Алла әуені гажап үнмен өрілген».*

Қожа Ахмет Йасауи.

Шәйлән деген молда болды елімде,  
Бекзат еді бастар діншіл сенімге.  
Әнге қосып оқушы еді аятты,  
Нұр жауғандай дән байланған егінге.

Сақал-мұрты ақ қаудандай тепсенде,  
Ұқсаушы еді төңірім қолмен еккенге.  
Әуеніне құштар болдым жасымнан,  
Жеті жасқа жаңа ғана жетсем де.

Студент кез елге жетсем қаладан,  
Сәлем бер деп сыбырлайтын жан анам.  
Қуанушы ем ақ батасын ардақтап,  
Ақыл, ғибрат алғандай зор данадан.

Шәйлән десе, ізет етіп сызыла,  
Тік қарауға ұялушы ем қызына.

Қошан атты құрдасыма бұйырды  
Мән бермейтін діннің дәм мен тұзына.

Қызын қойшы, тірі Абайдай өзі еді,  
Адам жанын айтқызбай-ақ сезеді.  
Ауылнай ел Бас молдасы саналған,  
Аймақтағы дін, мұсылман көзі еді.

Мың естісең бір аятты күніне,  
Тез жаттайсың шұлғып әуез үніне.  
Адам жанын шымырлатып кететін  
Жақсы ырғақпен жетер жүрек түбіне.

Миыма көп кірмесе де бар ұғым,  
Назды, сазды, мұнлы әуенге жарыдым.  
Анам менің аттанғанда бақиға  
Жырға қостым Шәйлән ата сарынын.

Көз жасыммен аят үні төгілді,  
Жылай-жылай жүрек қаққа бөлінді.  
Көңілімдегі жалғыз медет сондағы:  
Анам үшін Алла әуені өрілді.

2000

## СЫР-СИПАТЫ ӨЗІ АЙТҚАН

*« Үмбет қып, миграж түні перзентім деп,  
Көркімді көктен таптым жерден тілеп ».*

Қожа Ахмет Йасауи.

Ес білгелі қадір тұтып иманды,  
Бір Алладан әулиелік сыйды алды.  
Құс жолындай ашаң жүзі жұқарып,  
Көкірегіне құран сөзі жиналды.

Лебізінде таңғажайып сиқыр бар,  
Бір тыңдауға болар адам күн-түн зар.  
Қайырымдылық сіңген екен қанына,  
Етпей өтті дүние жинап, құлқын тар.

Туды десе оны мәулет тойында,  
Ешбір күмән мекен тапмас ойымда.  
Жеті жаста бата беріп Арыстан баб,  
Иман жолы жүгіп артты мойынға.

Алла ісінен басқа жаққа баспады,  
Жастық дәурен көп әуресін тастады.  
«Көктен тапты» жерден күткен арманын,  
Қызыр қонды жаратушы жақтады.

Мен ол жайлы ұқтым талай мағлұмат,  
Жақсылығын жұғысты ету бар мұрат.  
Ақиқатшыл сүйдім ашық мінезін,  
Діншілдікпен жүрмесем де қалжырап.

Ғашық кезде іңкәр сөзін жалғап та,  
Елестеттім Қорлығайын жаннатта.  
Махаббатшыл мақамдарын ұғынсам,  
Ол да түсті-ау біз іліккен қармаққа.

«Жер астына қашқандығын» жыр қылып,  
Кетсе көрді-ау жер бетінен мың бүлік.  
Әлі талай айтармын ғой жалғасын,  
Қолда барды дос-жарандар аңдасын.  
Қожа Ахмет Йасауидің сыры көп,  
Толтырардай талай жырдың арбасын.

2000

## АБЫЛАЙ

Есіміне ел сиынған асылым,  
Ала тулы, ала құйын жасыным.  
Абылай хан —  
азаттықтың жаршысы,  
Жасап өткен өз дәуір, өз ғасырын.

Болды өзінің батырлары ардақты,  
Бар қазақтың салмақтысын таңдапты.  
Ақыл қосып, билерімен білікті,  
Ақындарын ақиықтай самғатты.

Ел тонағыш басқыншылар, жымысқы,  
Абылай ханның аруағынан ығысты.  
Қырғын жұттың  
ізі өшіп «ақ табан»,  
Күт жайлады ақ дастарқан ырысты.

Әділдігі таң қалдырды халықты,  
Өзі бастап, ел негізін салыпты.

Ат жалында өскен  
қыран қазақты  
Аждаһа мен ақ аюға танытты.

Жан аямай қорғап байтақ даланы,  
Саңлақ зерде  
оятты ұлттық сананы.  
Ерлікпенен серілікті тең ұстап,  
Әулиедей аты Алашқа тарады.

Азаттықтың Абылай түпкі тірегі,  
Арпалыста жолбарыстай түледі.  
Оған тартқан,  
Еңіреп туған елім деп  
Кейінгі ұрпақ кетті ұласып тілегі.

Мағжан ақын мезетте оқтай атылған  
Медет көріп Абылай рухын шақырған.  
«Абылайлап» жауған оққа кірмесе,  
Тумас еді Бауыржан мен Рахымжан.

Аруақ сыйлар тандайымда бар татым,  
Өсті осылай үрім-бұтақ зәузатым.  
Сын сағатта Абылай ханға табынды  
Күн көшінде Тоқтарым мен Талғатым.

Кеше атына салынса да тыйымдық,  
Титім сәтке ұмытпады дүйім жұрт.  
Қаны қазақ  
қай қияда жүрсек те  
Абылай ханға ант бергендей сиындық.

2000

## ЖОЛДАҒЫ КӨП ХИКАЯ

Түркістанға дәм-түз тартып барғанда  
Зиялылар ой жүгіртті әр маңға.  
Оқыс оспақ,  
қызды әсемпаз әңгіме  
Қармақ салған талай ынтық арманға.

Бір каракөз  
тақасының жарқылын  
Өлең еттім, қосып сырға алтынын.

Уақыт та жоқ,  
Жас та келді біразға,  
Қысылдым ғой келмей ескі қарқыным.

Бұл жалғанның қыр мен сырын өлшетіп,  
Ғалымдық пен серілікті көрші етіп,  
Түнделетті Төрегелді ағамыз,  
Сегізінші ғаламатты көрсетіп.

«Миколай соққан сөлкебайдай әдемі»,  
Шота десек, жайнар сәулет әлемі.  
Алпыс қатын алса да Абылай атасы,  
Қасында жүр жалғыз ғана әйелі.

Көп соққылап есерсоқтау Шортанды,  
Көпен ақын кемшілікке зер салды.  
Рымғали мен Таразиді күлдіріп,  
Камал жүрді жиі мақтап Шерханды.

Көзі күліп, өз күшіне сенгендей,  
Әзіл сөзге әтір қосып, дем бермей,  
Тірі классик  
Әбдіжәміл отырды  
Бефлиемге папа Римский келгендей.

Жолда ілескен жоралғыны қиял қып,  
Қолпаштаған біз алғысты жиі алдық.  
Сертке жетті сексендегі серілер,  
Алпыстағы жастар жағы үялдык.

Сыйластыққа көңіліміз тоқ болды,  
Қырғи мінез қырғын сөз де көп болды.  
Тәуба деймін, құдай оңдап қазақты  
Жүзге бөлу осы жолы жоқ болды.

2000

## АБЫЛАЙ ХАННЫҢ СУРЕТІ

Алдымда түр жаңа салған сурет,  
Көп үңілдім бір емес-ау, мың рет.  
Келтіріпті ұлы ханның келбетін,  
Ұялаған кемеңгерлік құдірет.

Абылай десе, мен сенемін осыған,  
Кітаптағы бейнесіне қосылам.

Қауға сақал қапталына қарасам,  
Жоңғарларды елестетем жосыған.

Мұрт шалғысын салты десек қызыққан,  
Екі көзде мұң тұнып тұр біз ұққан.  
Сол заманның шырғалаңын аңдатар  
Мандайдағы жылғаланған сызықтар.

Оқыс үрей шалдырмаса түсіне,  
Ішкі намыс сенім берді-ау күшіне.  
Қаратаулар бар қайғысы сыйып тұр  
Қара судай қос қарашық ішіне.

Сақ қырандай көп түйілсе сабылып,  
Жойқын ойлар өтіп жатыр ағылып.  
Бір күй тартып  
Сырдың бойын тебіреніп,  
Отырғандай Сарыарқаны сағынып.

Хандығы ұстап, қаһарланып, өрленбей,  
Толғандырды-ау шырмауыққа шер көнбей.  
Қырынан салған суретке де тандандым,  
Сайын дала Сократын көргендей.

Шыр бұзбастай үнсіз ғана күрсінген,  
Үндеседі еренғайып тылсыммен.  
Ұлы жүрек ұласып тұр лүпілі  
Менің шағын кеудемдегі дүрсілмен.

2000

## ҚҰЛПЫТАСЫ АБЫЛАЙДЫҢ

Ұлы ханның қабірінің үстінде  
Белгі көріп, шын тебірене түстім бе?!  
Абылай атты дәлізде тұр құлпытас,  
Айғағындай бірліктің де, күштің де.

Нұрлы жалын, дулығалы құлпытас,  
Сырты сұлу, жүзі жылы, тұрқы жас.  
Ата-баба сан ғасырлық рухымен  
Тәуелсіздік белгісіндей біртұтас.

Ұшар басын айқындапты алтын Ай,  
Қарау қиын оған көңіл толқымай.



Қожа Ахмет Йасауи мен Арыстан баб  
Жебеп тұрған сергек, өргек салты бай.

Дулыға тас көк мұнарға малынған,  
Көз шыдамас жарқылына шалынған.  
Әзірет Сұлтан басындағы көк тастай  
Майкөлдегі бір қазбадан алынған.

Тегін емес терең ойдың арнасы,  
Елестейді сақ пен гүнның жалғасы.  
Үш күлтелі ыдыраған қазақтың  
Жасалыпты басын қосқан таңбасы.

Жермен жалғас жатыр тұғыр – қара тас,  
Қағбадағы қара тастай дара тас.  
Үстіндегі сандықтастан оқыдым  
Мағжан сөзін үміт, сенім аралас.

Ұлы хазірет дарығандай батасы,  
Бекер дейтін жоқ дүдәмөл қатасы.  
Жазылыпты көне шежіре салтымен  
Абылай ханның дәл он алты атасы.

Осы болар рухани төр деген,  
Киелі жер тарих ізін мөрлеген.  
Бұл құлпытас – Елбасының тартуы  
Ұста қолмен бүкіл халық зерлеген.

2000

## **ЖАҚСЫЛЫҒЫН ЖАҚСЫНЫҢ ЖАСЫРМАЙЫҚ**

(Мұрат Жүріновке)

Тірі пенде өлмейді мақтағаннан,  
Мақтандың деп етектен тартпа жалған.  
Жақсылығын жақсының жасырмайық,  
Ар-намысты кіршіксіз сақтай алған.

Сөзі өлмейтін мәңгілік хатта қалып,  
Асыл көп қой ардақтап, ат тағарлық.  
Махамбет пен Мағжанды жалғастырған  
Қасымдарым бір ғасыр бастамалық.

Мұқағали, Евнейді баптап анық,  
Неге жақтап, ел үшін сақтамадық.

Жақсы деуге жақсыны кимағанды  
Заман өзі тастады тақтан алып.

Руласып, бөлісіп, ырымдасып,  
Кулануды білмеген қырын басып,  
Қарағанды қазағы деп ойлаушы ем,  
Мұрат жүрсе, Евнейге сырын ашып.

Сирек талант жүрегі от жағарлық,  
Өріс тапты маңайы бақшаланып.  
Түркістанды түрікпен жалғастырған  
Атын айтып, ардақтап, мақтаналық.

Орда жасар оң істі бастап алды,  
Түн ұйқысын төрт бөліп, тапты амалды.  
Түрік-қазақ түрлентті білім төрі  
Түркістандай рухани астанамды.

Аямасам ақ тілек асыл дастан,  
Ол да елім, бәйгеге атын қосқан.  
Сүйсінемін кемеңгер мінезіне  
Түркі тектес білгірі басын қосқан.

Түрік, қазақ тіл тапса түлегімен,  
Парасатты, пайымды, жүрегі кең.  
Мен қуанам ол шықса сын сағатта  
Елбасы мен туған ел тілегінен.

1992

## **ЕЛ ҚҰПТАЙДЫ КӨТЕРСЕК АБЫЛАЙДЫ**

Түлкі заман, көтерсем сөкпе мүлде,  
Өтер бүгін тарихи өкпе кімге.  
Абылайын туған ел қайта тапты,  
Шек қойдық біз тарихты жек көруге.

Молайтса екен адалдық берекемді,  
Мағжанша мақтадық Кенекемді.  
Егемендік ел-жұртқа қанат байлап,  
Көмекейге оралды «бәрекелді!».

Ел ұмытпас көтерсек Абылайды,  
Ол ханы ғой қазақтың басыбайлы.  
Бағы жанып, төрлетсе жаңа қазақ,  
Дана қазақ ұмытпан Ағыбайды.

Тез жөндейді кираған көпірді кім,  
Қаулады ғой кер заман, нөпір жүгін.  
Абылай де, Ағыбай, «а, құдай» де,  
Ту түбінде қазағым отыр бүгін.

Сынап едің, замана, сынап едің,  
Мал соңында майысқақ шыдады елім.  
Бізге қарай әдейлеп әкеле бер  
Олжа салғыш тарихтың Құлагерін.

1991

## ЗӘРУБАЙ ӘЫЛОВТИҢ АЙТҚАНЫ

Өмір деген өрге тартқан көш екен,  
Түзу көшсіз бүкіл тірлік бос екен.  
Балалық пен жігіттіктің арасын  
Мен өзімше бауыр басқан дос етем.

Жас кезімде сотқар едім атаулы,  
Жұмсартушы ем нелер тентек, қаталды.  
Орыс-қазақ балаларын шықпыртып,  
Сокқылаушы ем бірге қосып татарды.

Атағым зор, салдым ойран-асырға,  
Інім Болат жүрді үнсіз қасымда.  
«Я бғат Зағубая» деп қана  
Шошытатын қулығы бар басында.

«Зәрубайдың інісімін» – деген сөз  
Келтірмейтін еш қырсықты оған кез.  
Қарағанды балалары патшасы ем,  
Қарсыластар қадай алмас маған көз.

Өстік. Жеттік. Нарық ашты көп сана,  
Кәсіп құрдық бар ағайын топтала,  
Біреу кейде көз алартса,  
шошытам  
Мен «Бутяның» ағасымын деп қана.

Өмір-сайыс,  
жүгі ауыр көш екен,  
Қадір білер бауырымды дос етем.  
Бала күнде әжем маған көп айтқан  
«Дүние кезек» дегендері осы екен.

2000

Өмірдің ағысына берілмедім,  
Тау-тастан шыға келдім тебінде едім.  
Кенші ақын қызу майдан ортасында,  
Есердің жетегіне жегілмедім.

Шабысты алмастырып желіспенен,  
Намысты шындай берді жемісті өлең.  
Алысты жақындатар жыр тасыды  
Үш жүзге бөлуге елді беріспеген.

Аз болды арпалыста тыным деген,  
Мәскеуде елді аңсаған сырым терең.  
Айбыным атой салды  
Нөкіс жақтан  
Аралдың айқасында дүбірлеген.

Жанымды сұлулыққа тәлімдеген  
Аққу құс мауқын басты, әнім сенен.  
Көңілімде көлеңке жоқ, дала мінез  
«Жезкиік» бар сырымды мәлімдеген.

Жүргем жоқ мәз болғансып жазғаным,  
Қонып жүр терең ойлы наз жаным.  
Домбыра күмбірімен күңіренемін,  
Адамның қайран қалып азғанына.

Алғанда ел дербестік алақайды  
Үдеттім  
өшіп іште нала-қайғы.  
Бәрі жөн, бірақ кейде шошып кеттім,  
Бар байлық түскенде ессіз талапайға.

Жоқ менің жер бетінде өгейлерім,  
Бәрі бір жарлы дос пен «дөкей» керім.  
Азапқа түспеу қайда  
Біле тұра  
Қазақта қайыршының көбейгенін.

Осыны көріп, назды ұлғайтамыз,  
Біріміз бірімізге күнде айтамыз.  
Ақ патша, қызыл қырғын жайлап еді,  
Япырмау, енді арызды кімге айтамыз.

Қай қияға қанат қақпас ақындық,  
Ойлай берем айтар сөздің затын нық.  
Айтарым сол, өмір сырын кең зерлеп,  
Шын достықтан аспайды ешбір жақындық.

Досыңмын деп айта алады кім кімге,  
Жалған ойлап, жақын болу мүмкін бе?!  
Алдай білмес, ары таза жаралған  
Дос азайып бара жатыр бұл күнде.

Бір күнің бар қызығына мың жасар,  
Гәп сонда ғой азын-аулақ миласан.  
Құт қонады,  
доспен өткен сол күнді  
Ең ақырғы күндей қатты сыйласан.

Жойқын дария басталардай бұлақтан,  
Таза құрмет кең өрісті ұнатқан.  
Өліп кетсе бір сәрі ғой,  
жүт екен  
Тірі күнде достық туын құлатқан.

Көп жалтылдап көркем әйел тісіндей,  
Көп жаркылдап бояуы жат мүсіндей,  
Жүрген «мырза»  
сызаттанды кердендеп,  
Жұмыр басы не болғанын түсінбей.

Кейбіреу жүр мысқыл айтып ашқылтым,  
Тұздығында ұшқыны бар қастықтың.  
Екі көзін май басыпты, шел қаптап,  
Тоя жеуден тастағанын бастықтың.

Пір тұтқандар күні кеше құшақтап,  
Қиналады сәлемге тіл тұзақтап.  
Үлкен орын шын жақсыны өсіріп,  
Ұсқынсызды жіберіпті ұсақтап.

Шайлықпаймын ылдидан да, өрден де,  
Қаймықпаймын төменнен де, төрден де,  
Жылпостардың бәрін бір сәт ұмытам  
Қимас достың адал көзін көргенде.

## ҰРАН ЕТКЕН АЛАШТЫ

(Нағашыбай Шайкеновке)

Тынысы жоқ жұмысы көп адамның,  
Ардың ісі жүгін тартса заманның.  
Мәңгі бірлік арыстарға жасайды  
Мәңгі тірлік қозғалысы ғаламның.

Сондай еді біздің абзал Нағашыбай,  
Өсті ешкіммен  
тақ пен төрге таласпай.  
Атамекен Ата Заңын жасасты,  
Тірек етіп түп-тамырын Алаштай.

Жаксы адамға қара жер де жүдө зар,  
Болғандай-ақ өршеленіп тілазар.  
Шаңқай түсте  
жайдың оғы түскендей  
Алып кетті ортамыздан сұм ажал.

Ел тілегін, күн талабын тез ұғар,  
Зерек еді көкірегінің көзі бар.  
«Ұлт дәстүрі Заңнан биік» деп түйген,  
Зерделі еді мәңгі жасар сөзі бар.

Дербес елге өшпес белгі орнатты,  
Жан шырағын жағып, әділ жол тапты.  
Елбасының еріп жүріп қасына,  
Тура сөзін төңірегіне қолдатты.

Ерен тұлға, ерте кеттің өмірден,  
Тоқтамай тұр көздің жасы төгілген.  
Қош Нағашыбай,  
Серік болсын иманың,  
Асыл бейнең шықпас біздің көңілден.

2000

## ЕСКЕРТКІШТІ ОЙРАНДАУҒА ҚАРСЫЛЫҚ

Бауыржан деген  
арыстан ғой өр, дауыл,  
Ол – Махамбет  
Ол – намысшыл Домбауыл.

Оның дағы  
Қола тонын тонады  
«Кеңсайды» өрлеп,  
Жеткен сұмырай перғауын.

Осындайдан жанға өшпес мұн кірді,  
Беу, не болдык?  
Сыйлау қайда шын пірді.  
Қызылжарда  
Мағжан аға мүсінін  
Меңіреу түнде  
бір мақұлық бүлдірді.

Жан күйзелді...  
Тарттық қанша азасын.  
Үкіметтің де  
алдық талай мазасын.  
Тап осындай  
Қара ниет кеселдің  
Халық соты  
Шешу керек жазасын.

2000

## КӨКШЕТАУДА ҚАНЫШ АҒА КӨШЕСІ

Жүз жылдық той қандай десең жетесі,  
Ғажап өтті – сөздің осы төтесі.  
Міне, бүгін Көкшетауда ашылды  
Сәтбаевтың атындағы көшесі.

Бұл көшенің биік тұлға, өресі,  
«Оқжетпестей» әрбір үйдің төбесі.  
Мың, мың алғыс, көкшеліктер, алындар,  
Аталыпты көшелердің төресі.

Көкшетауым – сал-серілер Парнасы,  
Ел бірлігі – бұл құрметтің арнасы.  
Алматыда Сәтбаев көшесінің  
Осынау көше таңғажайып жалғасы.

Ұлы тұлға бейнесіне лайықты,  
Кербез көше құлашын кең жайыпты.  
Мектебім тұр сол көшенің бойында,  
Жүрегімді жүлде алғандай байытты.

Шалқып кетсем жан тылсымын етіп жыр,  
Төгіледі көкірекке нешік сыр.  
Баяғыда мені сүйген сұлулар  
Бұл көшеден әже болып өтіп жүр.

Мықтылардың осы күнгі тірісі,  
Еңбек ері Зерендідей ірісі,  
Бұл көшеде Баян ағам кездесер –  
Қанай бидің аруақ қонған інісі.

Беу, жолаушы! Жанарынды сүзіп ал,  
Жолың болсын! Жоралғыға жүзік ал.  
Бұл көшеде Ақан, Біржан, Ыбырайдың,  
Балуан Шолақ атамыздың ізі бар.

Ықыласпен айта берем біртіндеп,  
Ірілер көп мақтан етер пірім деп.  
Талай жылдар қатар жүрген Қанышпен  
Батыр Мәлік қарсы алады күлімдеп.

Кенесары жортып өткен жерлердің  
Барлығына осынау көше кең белгім.  
Көз ұшында кесенесін көресің  
Қарасай мен Ағынтайдай ерлердің.

Бұл көшеде жаңынды нұр толғайды,  
Алақанға бақыт құсы орнайды.  
Ел данасы Шоқанға да тәжім ет,  
Абылай ханның аруағы қолдайды.

Талай қайтты жүз жылдық той есесі,  
Жетті құтты биіктерге жетесі.  
Барша қазақ аңсап келіп, көрер жер –  
Көкшетауда Қаныш аға көшесі.

2000

## ШАЛҚЫМА

Тамаша күндер не деген,  
Айтарлық шаттық құштық деп.  
Періштем болса жебеген,  
Айтармын биік ұштық деп.



Арманым – биік асқарым,  
Ұлғайтқан дәуір санасын.  
Әдиям – алтын дастаным,  
Ақ құсым менің – Данашым.

Білемін мәңгі тұрмаймын,  
Жарысқа намыс қайрады.  
Шарықтап, шалқып, жырлаймын,  
Желбіреп жүрек байрағы.

Көрінсе кейде Күн келте,  
Жыр төгем қалар жатталып.  
Ата-анам кетсе тым ерте,  
Қазық боп қалдым сақталып.

Ұл-қызым мерей, мерекем,  
Көңілді қалай өсірмес.  
Немерелерім – берекем,  
Атымды менің өшірмес.

2000

### **КЕЛ, НАУРЫЗ!**

Кел, Наурыз, тыңдайық үніңді ерен,  
Жұпар иісін ағыңдат гүліңменен.  
Өрік тал да таңертең гүл төгеді  
Сұлу қыздай сыландап, күлімдеген.

Кел, Наурыз, ақ ниет ағындаған,  
Бір желпінсін сағынған сағым далам.  
Ақ тілекті арнайын ағайынға  
Ақ ниеті ешқашан тарылмаған.

Кел, Наурыз, жайдары көктеміңмен,  
Жердегі өнім жалғассын көктегі үнмен.  
Аққа тойғыз елімді,  
Байлық әкел  
Тез өтердей тар кезең өткелінен.

Кел, молайтып алдыма ас-дәмімді,  
Ақ жүрегім тебіреніп ақтарылды.  
Дос пен қасқа қарайын кешірісіп,  
Боран, желде бұлқынған шақтарымды.

Кел, Наурыз, гүлденсін кең алаңым,  
Қысқы желді ұмытып, демаламын.  
Көрші елдер де көзіме тік қарасын  
Ұмытардай жанжалын шекараның.

Кел, Наурыз, қолдасын нақ тағалам,  
Бір шалқысын құшағын ашқан адам.  
Сені бүгін қарсы алып, жаңа жырмен  
Шашу шаштым оңтүстік астанадан.

2000

## ЖАЛЫНДАЙ КӨККЕ АТЫЛДЫ

(Ғафу Қайырбековке)

Аузына құдай сөз салған,  
Жолбарыс еді өр тарлан.  
Шымырлап өрген жырлары  
Ғұмырлап өтер сәтті арман.

Пұшайман емес соққы алған,  
Сандалкөк сол ғой топжарған.  
Сағынып жүрмін Ғафуды  
Аталы сөзге тоқталған.

Сырбаздығы Ғабиттей,  
Өршілдігі Сәбиттей,  
Бұрқанысы Баукеңдей,  
Сырбайды өскен дәріптей.

Абайша да толғайды,  
Байронға да қол жайды.  
Қырандай етіп зорайтты-ау  
Шырылдап қалған Торғайды.

Өлеңнің өргек татымы,  
Қанатты құстың жақыны.  
Еш адамға ұқсамас  
Ғафекең — қазақ ақыны.

Тұманбай өссе «ағалап»,  
Сыйлады Қыдыр бағалап.  
Бәрі де бірге жүрді ғой  
Қазақтың жырын тағалап.

Окыған адам елтиді,  
Қыздарға қанша зер тиді.  
Тап одан артық кім айтты  
Сұлулар елі – ЖенПИ-ді.

Адуынды, ағынды,  
Бұрқанған ерке дарынды  
Жалғыз ғана мен емес,  
Шөмішбай, Серік сағынды.

Женеше-ау, ерке шалынды,  
Мандайға біткен бағынды  
Тәтелер де сағынды,  
Кафелер де сағынды.

Нарыққа кірсе ысқыртып,  
Содырды соқты ышқынтып.  
Газетте бүгін...  
Ғафу жоқ,  
Қыңырды берер қылқынтып.

Табатын алқа жол төрден,  
Арпалыс көп қой ол көрген.  
Сахналарда ...  
Ғафу жоқ,  
Үлкен мен кіші жол берген.

Арыстанмен алысты,  
Ақиықпен жарысты.  
Үйретіп кетті Ғафекең  
Бермеуді қолдан намысты.

Қыздырар жырға бүйірін  
Іздейді әркім үйірін.  
Сағынтып жүр ғой бұл күнде  
Ғафуша туған иірім.

Іздемей көктен шатырды,  
Найзағай отын сапырды.  
Жалындап тұрған кезінде  
Жарк етіп, көкке атылды.

## АУЫЛДАҒЫ АҚСАҚАЛҒА ЖАУАБЫМ

«Халықтың ханы едіңдер, әрі малай,  
Ақынның осы күнде халі қалай?»  
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,  
Жауапты берген тында әрі қарай.

– Кедейдің пана болар қосы кімге,  
Ақынның халі мүшкіл осы күнде.  
Той еді жыр жинағы жарық көрсе,  
Айналды «қаламақы» тосын үнге.

Не шара көргендерге басқа сыйды,  
Зілзала тас көтермес басқа тиді.  
Арқалап кітаптарын сатуменен  
Достарым ел аралап, ақша жиды.

Соған да тәубә десе апыл-ғұпыл,  
Қалтасы қалғандардың бәрі шұқыр.  
Кейбіреу күн көріп жүр әрең ғана,  
Есектей пайдаға мәз көкір-шүкір.

Азынап «Қаламгерлер жайы» қалды,  
Саялы самал соққан сайы қалды.  
Бас қатса осындайға...  
Кейбіреулер  
«Одақтың» үйін сатып, байып алды.

Ел үшін болар деген құрбандарын  
Бассауға жылы жерде жылмандады.  
Кейбіреу тоғайыпты торсық шеке,  
Кейбіреу өсек тасып, сумаңдады.

Сыбанып сайлау десе сөйлейтіндер  
Жұлқынды тыным алар көрмей түндер.  
Озып жүр зиялыдан  
Киялилар –  
Көшеде көпіршітіп сөйлейтіндер, –

Дегенде қарттың буы тарқап қалды,  
Көнетоз сипай берді тар қапталды.  
«Сенгенім сендер болсаң» дегендей боп,  
Жан-жаққа басын үнсіз шайқап қалды.

2000

## АЛМАТЫДА СӘБЕННІҢ ЕСКЕРТКІШІ

Алматыда,  
Мұқанов көшесінде,  
Төлебимен тоғысар төтесінде,  
Сұлу мүсін – жүзінде жұлдыз жанған  
Жарқырап тұр,  
Бір көрмей өтесің бе?

Ақ жабудың сәлдесі ашылғанда,  
Құрды халық салтанат асыл жанға,  
Сәбит аға бейнесі  
қолаланды  
Сәлем алып барардай ғасырларға.

Бейнелепті дәлме-дәл шын арысты,  
Барша қауым қол соғып, құп алысты.  
Ташкент, Бішкек, мәскеулік  
Қонақтар да  
Қазақтармен бөлісті қуанышты.

Күй төгілтті оркестр күдіретті,  
Алатаудан Есілге дүбір жетті.  
Тірі Сәбен  
тұрғандай көз алдында  
Қайталанбас бір мезет ғұмыр өтті.

Табиғат пен келбеті ұласқаны,  
Ұлылықтың нұсқасын растады.  
Көрініп тұр  
Көз тастап баршамызға,  
Аңқалаңдап бір қызық сыр ашқаны.

Қызғылт мүсін не деген сүйікті еді!  
Осы екен ғой Сәбенді тірілткені.  
Асыл досы Алматы жайнай түсті,  
Бұрынғыдан Алатау биіктеді.

Сан зиялы сөйлеген назарға алды,  
Шағын Алаң кең құлаш базарланды.  
Мәриям апай  
жанары бір жарқ етіп,  
Сәбенді алғаш көргендей ажарланды.

Күлім қаққан мүсінге меңзеп көпті,  
Қарай қалған дүйім жұрт мезет те өтті.

Сыры терең,  
Әр сөзін салмақты етіп,  
Алтай атты баласы сөйлеп кетті.

Алғыс айтты  
Жиналған адамдарға,  
Елбасына, бастаған заманды алға.  
— Ұлылығы әкемнің өшпес, — деді, —  
Елім барда тәуелсіз панам барда.

Орнатылды ғаламат айқын белгі,  
Сөбең елді,  
Сөбеңді халқым көрді.  
Әз келбетін бұлжытпай жарқыратқан  
Мүсіншіге мың алғыс айтқым келді.

Ұлылыққа аптықпай жеткен кісі.  
Теңіз дерсің телегей еккен ісі.  
Соның бәрін айғақтап,  
Паш етіп тұр  
Алматыда Сәбиттің ескерткіші.

2000

## ӘРІ СӘЛЕМ, ӘРІ АЛҒЫС

Ассалаумағаләйкүм, Көкшем менің,  
Сексен қыз — қарсы алғанда сексен көлің.  
Желпінтіп аппақ шашын,  
бас иеді  
Баяғы өз қолында өскен төлің.

Армысын, бауыр, туыс көкшеліктер,  
Жарасты ән-күй артқан көш-көлікпен,  
Көргенде өздерінді көңіл тасып,  
Кеттім ғой әу-дем сәтте өзгеріп мен.

Бой жазса туған жерде алған дарын,  
Жалғасты Жезқазғанда арман-жалын,  
Жезкиік Сарыарқада жүйіткіп жүрсе,  
Өзге емес, ол «Гәккүден» қалған сарын.

Құрбылар алса кірпік құрығына,  
Көрінбес тәтті мезет бірі күнә.

Мөп-мөлдір жанарлары бой балқытты  
Махаббат шомылғандай тұнығына.

Белгілі бар биігім шалқып жеткен,  
Сендерсің сұлу сазды қарқынды еткен.  
Сағыныш сарқылмаған бар сырымды  
Айтады асқақ әнім «Аққу жеткен».

Шақырып шалқар шабыт ерке күнге,  
Қырандай тау бөктерлеп кетемін бе?!  
Тел өскен тентектермен қыз соңында  
Сырымбет жүргендеймін етегінде.

Көз салған Есілге де, Ертіске де,  
Жүрегін кей досымның желсіз деме.  
Бір тықыр тақалғандай бәрімізге,  
Неғметжан келіп қалды жетпіске де.

Төгілтсем талай арнау жыр бұлағын,  
Аңсаушы ем, мектептестер нұр-жұмағын.  
Жасында жүрек өртеп,  
Ынтық еткен  
Қалыпты әже болып құрбыларым.

Не дейін ...  
Баршаңызды құттықтаймын,  
Сәлемге тап осындай күтті сай күн.  
Немере, шөберелі болыңыздар,  
Шау тартып арасында құлын-тайдың.

Бәріне ыстық сәлем үйгім келді,  
Сыр айтып ақ тұмардай түйдім белгі.  
Меруерт, Зина, Әгір, Зейнікеш-ау,  
Тап қазір беттеріңнен сүйгім келді.

Армысың, жеңешелер, ағаларым!  
Сендердің маған жұлде бағаларың.  
Асықпай әр шаңыраққа тәжім етіп,  
Келіп тұр армансыз бір аралағым.

Дос-жаран, зиялы топ алқа толған,  
Сендерсің маған сүйеу, арқа болған.  
Жетпіске тақағанда бір сілкініп,  
Бұлбұлдай түлеп тұрмын баққа қонған.

Жол тартып арнасам да неше күнді,  
Шығардым жазу білмес еселі үнді.  
Тілектес елім, жұртым есен болса,  
Жүзге де байқап қалдым жетерімді.

Не бітер қуанышта қызбағанға,  
Қыс тақап, қол сілтеп тұр күз маған да.  
Сіздерден бұрынырақ кім іздесін  
Бас ауырып, балтырым сыздағанда.

Бірі сал, бірі сері, бірі керім,  
Мың алғыс алыңыздар, інілерім.  
Әндеткен сандуғаштай қарындастар,  
Пәк жүрек лүпілімен бірігемін.

Маған деп сайлап Көкше күйлі алаңын,  
Әндетіп бүкіл елді жинағаның,  
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай  
Аруағын сол ғой мәңгі сыйлағаның.

Жан сыры жырға оранса кесектеліп,  
Толқыдым ақ жарылар кезек келіп,  
Тап осы кездесуді айтарсыздар  
Кетті деп алдымызда есеп беріп.

2000

\* \* \*

Қатты кетсе кейде менің бәйбішем,  
Қажымаймын сын артып.  
Ұрсып-ұрсып, тәтті құйған шәйді ішем,  
Бал қосқандай құмартып.

Ол желпінсе біраздан соң қайтадан,  
Үн шығарып көрмедім.  
Дәтім шыдап қалай жауап қайтарам,  
Бір сүйгім кеп шөлдедім.

Бір жақсысы сақтамайды жаны зіл,  
Ашуы тез бітеді.  
Ұрсып-ұрсып, біраздан соң бәрібір  
Ерке ұлындай күтеді.

Бір сүймесем көп үндемей, бағынып,  
Тентек жүрек кетер оқыс жарылып.

1981



## САҒЫНЫШ СЕЛІ

Рейхстагқа ту тіккен  
қазақ солдаты,  
Адамзатқа үлгі болар бар заты –  
Қошқарбаев Рахымжансыз  
азайды-ау  
Көп қызығың, сұлу қала Алматы.

Елге оралдым,  
Түстім ойға не түрлі,  
Тыным бермес көп өкініш жетілді.  
Сырбайы жоқ Алматыға сыймаймын,  
Евнейі жоқ Қарағанды секілді.

Айта берсем, қаусап қалған хал-жайды,  
Сағыныш селі  
Ет-жүректі жаулайды.  
Жолдасбексіз, Балғабайсыз, Серіксіз  
Жезқазған да жау шапқаннан аумайды.

Сең соқты ма  
біздің асыл қатарды,  
Беу, Сарыарқа! Жеткіз дұға-батамды.  
Жәйрем жетім қалыпты ғой Садықсыз,  
Бір алапат жұт соққандай жапанды.

Жүрегімді кім емдейді дәрілеп,  
Ордабайдай сағынарым әлі көп.  
Қойшыманов Ақан қайда десеңші,  
Ерте кетті-ау дүлдүл әнші Жәнібек.

Есіне алмас сексен көлдің қай құсы,  
Мәлік аға, мың мақтауға сай кісі.  
Көкен кетіп, көп күрсінтті Көкшетау,  
Аз болғандай ақын Мұса қайғысы.

2000

## НАҒЫЗ ЗАҢҒАР ЗИЯЛЫ

(Салық Зимановқа)

Аңдап айтар әр сөзін,  
Дәлдеп ашар жан көзін  
Ақсақалдың ақылдысын көрдім мен.

Асқар тауға асудай,  
Соқыр желге басудай,  
Гүрпы ғажап салқам тартып, кең жүрген.

Ар-намысшыл ділі де,  
Көкірегінде діні де,  
Тілге жүйрік деместей жай насихат.  
Шалыс басып көрмейтін,  
Нақұрысқа көнбейтін  
Жаратыпты қамқоршы етіп ақиқат.

Туған елі Атырау,  
Туа мықты, батыр-ау  
Екпіні зор Құрманғазы секілді.  
Дос-жараны табынар  
Биязылық тағы бар,  
Салиқалық жастық шақта бекінді.

Қыран қабақ, салпы ерін,  
Көзде күлкі жан телім,  
Тыңдағанның қоймас жанын байытпай.  
Тегін емес бұл кісі,  
Каспий тұлға, дүр кісі,  
Жаны мырза жазғытұрғы Жайықтай.

Адалдықты тез ілген,  
Жамандықтан безінген,  
Шәкәрімдей терең жатыр қиялы.  
Ауыр күнде жөн табар,  
Тәуір күнде көш бағар,  
Осынау қарт нағыз заңғар зиялы.

2001

### КІМ АСАУ?

Асау тайым бұзық еді,  
Тулар тоқым салғанда.  
Құлын ұстау қызық еді  
Әжем бие сауғанда.

Болдың, сәулем, сен де асау,  
Қол салғанша жақын кеп.  
Көреді жұрт мені де асау,  
Адуынды ақын деп.

Көп жылқылы елім асау,  
Асаулыққа баулиды.  
Бәрінен де келін асау,  
Елде бие саумайды.

Мол қымызға жүде зармыз,  
Қоры азайып келеді.  
Орыстардан сүт алармыз,  
Қымызды кім береді.

Тағдыр саған көп кой сенім,  
Көкірегімде сөнбес нұр.  
Бие сауа білер келін  
Жеңешеке кездестір.

2000

\* \* \*

Жүз құбылса өмірдің арай таңы,  
Жүзі өзгерді кей достың маңайдағы.  
Жүдеп қайтем ондайға,  
Жолы болсын,  
Жаны сыздап, өтті ғой Абай дағы.

Бір тамбастан жауар бұлт ашылғаны,  
Жатыр онда бірталай ғасыр мәні.  
От жасыннан қияда сақтаса да  
Соқыр желік үдетті қасымдағы.

Керегінде керемет пайдаланған,  
Десең маған достарың қайда қалған.  
Арамза дос адасқан мал секілді  
Берген құдай бір өзі айдап алған.

Қандай жарға соқса да заман селі,  
Құлқы таза қалсыншы адам тегі.  
Қарайлама, жалған дос, жолың болсын,  
Күндер өтті байлатқан маған сені.

Біреу сыйлар сүйікті ақыным деп,  
Біреу кимас қымбатты жақыным деп.  
Мен не дейін? Бұл күнде аулақ жүрсе,  
Дос болғандар биікте әкімім деп.

Ел дегенде сарқылмас киялы бар,  
Ары таза, лұғатты ұялылар  
Төс қакпай-ақ доспын деп, дос боп өтер,  
Қандай жақсы болғаны зиялылар.

Кештім дүние сан дүркін салған зарын,  
Дені таза достықты армандадым.  
Барға тәуба, беу, тағдыр!  
Тілейтінім,  
Көпсінбеші қасымда қалғандарын!

2001

## **АЛМАТЫДА ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ**

Сүйіншіні берді бүгін кім кімге,  
Өрге ұмтылып,  
Өлеңдетпеу мүмкін бе?!  
Зәулім биік, зор мұнара орнады,  
Беу, мүсінші!  
Беу, сәулеткер, іркілме.

Артықша екен арай төккен Күнім де,  
Сыйластық зор  
Кәрі-жастың үнінде.  
Барыс мінген «Алтын адам» сөйлеп тұр  
Түркі тектес, көне қазақ тілінде.

Ол барлап тұр  
Болашаққа жол біліп,  
Көкірегіне ар-намысшыл толды үміт.  
Біздің тұңғыш ғарышкерден аумайды  
Сұңғақ бойлы, зор тұлғалы сол жігіт.

Ата-бабам!  
Күн туды сен қоштарлық,  
Барыс мінген  
Әз бейнеңе көз салдық.  
Ондырмаса отаршылдық, бодандық,  
Жетті бүгін аңсап күткен бостандық.

Абылайым,  
Қайтты қайсар бар кегің,  
Ағыбайым, ұтты айбынды пәрменің.  
Тәуелсіздік кепіліндей алаңда  
Ел ажары – бас мұнарам бар менің.

Бабаларым, басқан ізің өшпейді,  
Құт жайлады  
жүт шарпыған төскейді.  
Кең далаға бақыт тілеп Алладан  
Қоныстанды, казак енді көшпейді.

Құлаш жайса азаттықтың заманы,  
Ашылсын де тағдырдың кең қабағы.  
Барша қазақ қасиетті төрі ғой  
Алматыда Тәуелсіздік алаңы.

2000

## ҚАНЫШТЫҢ ЕҢ АРДАҚТЫ ҚАРЫНДАСЫ

(Патшайым Тәжібаеваға)

Қазақтың дүлдүл қызы Патшайымның  
Мерей той атты таңы жақсы айының.  
80-нің сеңгірінен жанған жұлдыз  
Мәңгілік тұрақ болар тапты Ай-Күнін.

Паш етсем  
Қаратаудың ақ қайының,  
Патша-қыз есіне алар Патшайымын.  
Еседі нәзік, сұлу есімінен  
Лебі самал сепкен патсайының.

Тізбесем мол еңбегін есімдегі,  
Сыймайды бір өлеңге, кешір мені.  
Белгілі барлаушы қыз,  
Ару-қыран,  
Құлашы Жезқазғанда көсілгені.

Еш ғалым назарына ілікпеген,  
Жер сырын желкен етті, біліп терең.  
Қосылды қатарына дүлдүлдердің  
Ғасырдың өзі тандап, іріктеген.

Парижде, Лондонда, Москвада,  
Қақ төрде қазақ қызы басты қадам.  
Кең тастың  
түпкі атасын таба білер  
сыр сандық Патша-Айымын ашты ғалам.

Тайсалмас, мінезі өжет Патшайымның,  
Іші тар келеңсіздің тапты айыбын.  
Қорғаса Қаныш аға ардақты атын,  
Жалтақтап төрдегілер тартты айылын.

Елде бар перзент-қызға тел теңедім,  
Зерлеші, өргек жолын сенбегенім.  
Қаныштың ең ардақты қарындасы  
Күләш пен Дина апайға тен дер едім.

2000

## ЕСТЕЛІКТЕР ЖЕЛІСІ

(Төлеген Досмағамбетовке)

Дүлдүл інім,  
Тойлы думан кешінде  
Жарысып тұр көп естелік есімде.  
Бара жатқан секілдісің сен маған,  
Мұхтар, Қаныш, Евнейлердің көшінде.

Бізге қанық  
Жаным құштар кей сырың,  
Бірге өтті ғой  
Зер салдырған дер күнің.  
Мұхтар аға мүсінін талдап, тәптіштеп,  
Евней ағам сені дана дейтұғын.

Қысқа сөйлеп, ыстық сезім жалғайтын,  
Нұсқа табар алды-артын ол барлайтын.  
Тірі жүрген арыстардың ішінде  
Күй тарланы Нұрғисамен парлайтын.

Билік құрған хандай «Алтын Ордаға»,  
Одан артық керек қандай зор баға.  
Сен орнатқан мүсіндерді колпаштап,  
Нұрғиса да қуанатын қомдана.

Әлібиді көріп шаттық жеңгендей,  
Тез қағытты Нұр ағаң сұр мергендей.  
Деді сонда: «Пәлекетің бар сенің,  
Кішкене ағаш үлкен алма бергендей.

Тоқта, – деді, – толқып кеттім, сыр етем,  
Алатауға сөйкес мүсін дүрі екен.

Булығар деп «Үлкен үйден» шошынам,  
Бұл ескерткіш «күн көсемнен» ірі екен».

Әне, солай келді ағаның айтқаны,  
Құрсауға алды идеологтар қақпаны.  
«Әліби неге Лениннен зор болды?»  
Деген сұрақ талқылауда қаптады.

Дәл Төлештей білмен тілге жатықты,  
Бар пәлені жалғыз сөзбен атыпты:  
«Әліби ағам Лениннен бойшаңдау», —  
десе, жұрттың шек-сілесі қатыпты.

Көкшетауда ескерткішін Шоқанның  
Көрген сәтте бір басшысы Отанның.  
— Айырбастайық Алматыда Шоқанмен,  
Деген екен, — қарқынынан от алдым.

Мен арнасам бүгін өлең — жан құсын,  
Бесін емес,  
Туды шаңқай, тал түсің.  
Осыменен естелікті тоқтатам,  
Құтты болсын, Төлеш, жеткен алпысын.

Ақан сері саған алғыс үйеді,  
Кісінейді Құлагер де киелі.  
Бірге тұрған секілденіп Біржан сал,  
Ақын Сара екі беттен сүйеді.

Абай, Шоқан, Мұхтар келсе ойыма,  
Қаныш, Ахмет бой қосыпты бойыңа.  
Еркін, Санжар сондарынан ергендей,  
Құттықтап тұр бәрі келіп тойыңа.

2001

## КЕЛ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Кел, жаңа жыл!  
Биікке өрем жетсін,  
Келіндерім иіліп сәлем етсін.  
Мыңжылдықтың есігін ашып тұрған  
Жылдың жылы ғажайып, кереметсін.

Кел, жаңа жыл!  
Жол баста ғасырыма,  
Кездескендей құмарлан асылыңа.  
Қазақ елі атынан шашу шашам,  
Өлең деген жол беріп ғашығыма.

Кел, жаңа жыл!  
Құт енсін тұрақталып,  
Мерейлі бол, мейірімді сыр ақтарып.  
Ақ тілекпен өзінді қарсы аламыз,  
Шыршаларға жайнаған шырақ жағып.

Кел, жаңа жыл!  
Қарсы алам күн нұрымен,  
Қарлы аяздан қаймықпай тың жүріп ем.  
Боздап тұрған боз інген қарай қалар,  
Қарсы аламын құлын-тай шұрқырымен.

Кел, жаңа жыл!  
Заманның тартысымен,  
Ықыласымды ұқ, бірлікшіл әр кісіден.  
Құрманғазы, Тәттімбет күйін тыңда,  
Қарсы аламыз ақындар айтысымен.

Кел, жаңа жыл!  
Жаңа өмір сәніменен,  
Талай өнер табылар әлі менен.  
Бастау алған Абайдың сарынынан  
Жаңа ғасыр қарсы алам әніменен.

Кел, жаңа жыл!  
Бар қазақ арасына,  
Кербез Көкше бір сүңгі ауасына.  
Қарсы аламын Алатау етегінде  
Шаттық сыймай көзімнің шарасына.

Аяз ата!  
Кең дала, тұнық көкте  
Менің байтақ еліме дұрыс бетте!  
Немерелер тосуда әжесімен,  
Біздің үйге бір кірмей, жүріп кетпе.



## БАРША ҚАЗАҚ БІРЛІГІНІҢ БЕЛГІСІ

(Ж. Қизатовтың құлпытасын ашқанда)

Қан майданда фашизмді қиратып,  
Адамзатты өткен қатты сыйлатып,  
Тірі күнде аты аңызға айналған  
Осынау жерде жатыр Жәлел Қизатов.

80 жылдық тойын атап жан-жақтан,  
Құлпытасты аштық көркі таңдаптан.  
Қызылорда алғыс айтам халқына  
Асыл ұлға асқақ белгі орнатқан.

Куә болдық қонған іске ақылға,  
Биік екен өнерпаздық татым да.  
Зор бағанда жайнап тұрса жұлдызы,  
Мәрмәр кітап ашылып тұр ақынға.

Есіл ұлы Сыр бойында жатқаны,  
Дос-жаранның ақ сенімін ақтады.  
Көз жұмарда жатар жерін өзі атап,  
Талай жылғы сыйластықты сақтады.

Ескерусіз қалмас әсте ер кісі,  
Құрмет табар тірліктегі зерлі ісі.  
Өзім көрген осынау ғажап құлпытас  
Барша қазақ бірлігінің белгісі.

2001

## «АҚҚУДЫ» ТАРТШЫ, ҚАРШЫҒА!

Сарынға сырлас табындым.  
Жалынға ыстық шалындым,  
Қаршыға, тартшы, «Аққуды»,  
Нұрғиса күйін сағындым.

Сағындым шуақ күлкісін,  
Сағындым дана түр-түсін.  
«Аққуды» тартшы, Қаршыға,  
Қосайын әнмен жыр құсын.

Санқылдап аққу тамсантсын,  
Қаңқылдап қаздар аңсатсын.

Талмаурат, заулат, тамылжит,  
Көңілдің бұлтын таркатсын.

Есімнен тандым жабығып,  
Қарайлап қалдым қамығып.  
«Аккуды» тартшы, Қаршыға,  
Кетпесін жүрек жарылып.

Домбыра келді-ау бабына,  
Шанақтан қағып тағы да,  
Нұр аған бірге жүргендей  
Оралтшы шалқар шағыма.

Тандантсын, қос ішек ұмсынтсын,  
Махаббат – маусым үн шықсын.  
«Аккуды» тартшы, Қаршыға,  
Нұрғиса күйі құлшынтсын.

2001

## МҮСІНШІЛІК ҚҰЛАГЕРІ

(Төлеген Досмағамбетовке)

Сұм ажал!  
Қалай алдың Төлешімді,  
Көз жасым қысып кетті-ау, өнешімді.  
Ой, Алла-ай!  
Кеше ғана есен еді,  
Отырмын жинай алмай мен есімді.

Ешқашан баспаушы еді жат қылыққа,  
Жан еді жаралған тек жақсылыққа.  
«Окжетпес» ойда жоқта  
құлағандай,  
Ақ боран ойран салды ақ тымықта.

Елге аян көзге жастай ілінгені,  
Мүсінші мыңнан озған ірім еді.  
Туғандай бір анадан тату, сыйлас,  
Әрі дос, әрі ардақты інім еді.

Мүсіндеп талай жерді көрмеледі,  
Даңқы асты, әр қадамын ел жебеді.  
Шоқаны Көкшетауда құлшынып тұр,  
Қанышы Алматыда дем береді.

Жарқ етті Қостанайда жан талабы,  
Ахметті көрген адам тамсанады.  
Астана көпірінде қос жолбарыс  
Ашқандай ел ажарын, қарсы алады.

Елорда ашық алаң төріндегі,  
Не деген таңғажайып өмір еді!  
Бір бала көп фонтандар арасында  
Кішкентай Төлеш болып көрінеді.

Мол мирас, тізу қиын бар еңбегін,  
Монтиған ұмытқан жоқ әйел тегін.  
«Мансфельд Мадоннасы» дүр сілкіктіп,  
Ерте ашты асау күнде әлем шебін.

Беу, тағдыр!  
Төлеш үшін орта жолсың,  
Ол кетті. Енді қайтып орта толсын.  
Не дейін мүсіншілік Құлагері,  
Бақылмыз, топырағың торқа болсын.

2001

## ҚИМАСТЫҚ

(Қуандық Шаңғытбаевқа)

Жайлаған Алатауды қырдың ұлы,  
Қазақтың көзін жұмды жыр дүлдүлі.  
Сұңқардай самғап жүріп, кете барды  
Тұлпардай тұяқ серпіп тың дүбірі.

Ұстасы дара сөздің, сара сөздің,  
Атаулы бірі еді ғой дарабоздың.  
Жол құтты-ау, махаббаттан маза таппас,  
Толқытты-ау, жанын талай қаракөздің.

Сүйсінтті әр шумағы дүйім көпті,  
Тереңдік кемел ойды түйіндепті.  
Абайдың өз інісі болса дағы,  
Пушкинді шын жүректен сүйіп өтті.

Сыры мол, тартымды зор ерді сарын,  
Өзгеге еш ұқсамас қонды дарын.  
Қазанат, қарапайым әр шабытпен  
Халқына жүрегінің берді барын.

Аямас артта қалған сыйын елің,  
Қош, аға!  
Біз үшін бұл қиын өлім.  
Жұрттай көп жабысуды білмейтұғын,  
Сырттай дос, аға тұтқан інің едім.

2001

## ТОЙ ДҮБІРІ

Отарлық пен бодандықтан шаршаған  
Осынау күнге болды құрбан қанша адам.  
Желтоқсанның дүбірімен ұласқан,  
Атты таңым ата-бабам аңсаған.

Сол қуаныш күннен-күнге жетілсін,  
Тар бөгетті тағдыр жолдан кетірсін.  
Тәуелсіз ел келіп қалды он жасқа,  
Төрі шалқып, іргетасы бекінсін.

Алатауда көштің ізі өшпейді,  
Құт жайлады Сарыарқадай төскейді.  
Есілдегі Астананы көргенде  
Жаның толқып, көңілің қалай өспейді.

Ортақ табыс Астананың толғағы,  
Ол – біздің ел сәулеттірек болғаны.  
Ол – Қазақтың ақ маңдайы жарқырап,  
Нығайғаны бақ-дәулет пен қорғаны.

Ата-бабам жебеп, қолдап, жөптерлік,  
Дербес ел боп талпынуға жетті ерлік.  
Он жыл өтті.

Шырмауықтан шыққандай,  
Аласапыран асуларды өткердік.

Алтай, Атырау тағдыр жолын бір кешіп,  
Жетісумен Жайық жатыр тілдесіп.  
Ордабасы Ұлытаумен жалғасты,  
Абылай қонған Көкшетаумен бірлесіп.

Сырласқандай самал желдің сыбыры.  
Қандай ғажап ұлы тойдың дүбірі.  
Жан толқытқан  
Жалғыз ғана тілек бар,  
Шексіз болсын тәуелсіздік ғұмыры,  
Мызғымасын Қазақстан тұғыры!

2001

\*\*\*

– Теке тартыс төбелесті таңдайын. –  
Десе досы, қаққан екен таңдайын  
– Тең емеспіз:  
Сенде қошқар мүйіз бар,  
Таза тақыр, – депті, – менің мандайым.

\*\*\*

Ақылдылар үндемей,  
Ақымақтар алға ұмтылса,  
Тыңдай бер, достым, күндемей,  
Күн сөнбес аз-мүз тұтылса.

2001

## ТӨРТТАҒАҢДАР

\*\*\*

Сынамайды сұм тағдыр бізді тегін,  
Ту етеді айқасқа күштірегін.  
Жатқан жоқ па Махамбет деген сөзде  
Ішкі намыс қозғаған ішкі сенім.

\*\*\*

Жақсылыққа табиғат зерек болды,  
Қос дүлдүлге даналық кезек қонды.  
Абай қанша Мұхтарға әсер етсе,  
Мұхтар сонша Абайға керек болды.

\*\*\*

Ұрындым деп тіршілік кесіріне,  
Кір келтірме біреудің есіміне.  
Салмағы ауыр өмірдің сауалы көп,  
Жауапкері өзіңнің шешіміне.

\*\*\*

«Халықта бар, ханда жоқ» дегенменен,  
Керісінше ұғымға терең сенем.  
Хан алады сұрап та, сұрамай да,  
Халық сенер уәдеге «берем» деген.

\* \* \*

Мықты болсаң, әрине намыскерсің,  
Кешкен өмір – бәрі де жарыс дерсің.  
Байқоңырдан ұшпадым деп өкінбе,  
Көз ашқалы өзің де ғарышкерсің.

\* \* \*

Тарихпенен тірлікке кезек кара,  
Тез көрінер бүгінгі кесек жара.  
Біздер үшін ауырлық ұзап кетті,  
Тарих үшін ол шағын мезет қана.

\* \* \*

Қайда, қайда тарықсаң демейтіндер,  
Жүдегенді тар жолда жебейтіндер.  
Ішпейтіндер бұл күнде табылса да,  
Азаймай тұр қылғытып «жемейтіндер».

\* \* \*

Саясаткер бейсана ойнамайды,  
Ойнаған боп ойрандар ол талайды.  
Әби ауыз есептен жаңылғанда  
Әккі «ойыншы» арбалап, дорбалайды.

\* \* \*

Кейде тұздап, шыжытса сөз арасын,  
Саясаткер жасамас өзара сын.  
«Қызыл тілде сүйек жоқ» деген сол ғой,  
Уақыт қана көрсетер көзқарасын.

\* \* \*

Әпербақан үдетіп алақайды,  
Көбейттік-ау ел тозар талапайды.  
Төрт түліктен айырылсақ сандалармыз,  
Көк тұманда таба алмай ала тайды.

\* \* \*

Жан ұшырып жүргенде күйлі күрең,  
Талғағаны таңдайға тиді білем.  
Енді ойлап жүр байлығын сіңірумен,  
Айырылып қалмауды билігінен.

\* \* \*

Малдың басы шындықтан өгей тегі,  
Кешегіні қозғаудың өзі ертегі.  
«Қанша малың бар?» десең кейбір әкім,  
Төрт аяққа бір басты көбейтеді.

\* \* \*

Жіберетін дәлдігін жеңіл жебеп,  
Қазаққа да дәл бүгін Гоголь керек.  
Беу, акын дос! Аңырап, көп шүйілме,  
Маңыратып берді ғой өмір дерек.

\* \* \*

Ақылды әйел үлкенді көркейтеді,  
Ел алдында кішіні үлкейтеді.  
Сұлулықтың алдында бас иеді  
Тақта патша, ер жігіт шын тентегі.

\* \* \*

Саясаттың құралы – мақтаншақтық,  
Төс қақпайтын әкімді қайдан таптық.  
Сырттан даттап сұмпитып, көзге мақтап,  
Кей сұқсырды сұңқардай жайнаңдаттық.

\* \* \*

Саясатта таразы теңдейтіндер:  
Жеңгендер мен «бізге жол бер» дейтіндер.  
Үлкен төрге жеткісі келгендер мен  
Ешқашан да кеткісі келмейтіндер.

\* \* \*

Нық саясат – шын терлеп, таза жүру,  
Алтын көрсең, қолынды баға білу.  
Саясаттың үлкені – үлкен іске  
Мың кетіктен бір тетік таба білу.

## МАЗМҰНЫ

ДАЛА ДИДАРЫ .....	5
Жезкиік .....	6
Дала дидары .....	7
Жылқының дүбірі .....	8
Қазақтар кімді сыйлаған .....	9
Көзіңе көзім түскенде .....	10
Жезқазғаным – Қаныштың жан-жүрегі .....	11
Ұлытауда ұлар құс .....	12
Жезқазғанға жедел хат .....	12
Ұларым .....	13
Мақтаналық .....	13
Жезкиікке ашық сыр .....	14
Көзің айтып қояды .....	15
Соңынан жолдас ермеген .....	16
Шоқанға .....	16
«Үшқатын» .....	17
Бір уыс жер екен ғой .....	18
Мықты деп есептеме .....	18
Толстойдың сөзі .....	19
Бұлтқа ұқсастың .....	20
Шертпе күй .....	20
Бір мін бар .....	21
Жезқазғаным! .....	22
Мәскеуге .....	23
Ұлыма .....	24
Өлең сөзге жүректі үзіп берем .....	25
Абайға .....	26
Шахтаның қалқаны .....	26
Мәскеудегі пәтерім .....	27
Өлеңдер кетті тұншығып .....	28
Жусан гүл .....	29
Ауылда көрген суреттер .....	30
Романс .....	31
Сәйкестік .....	31
Сырласу .....	32
Өлең-қайық .....	32
Артымда қалған қадамдар .....	33
Анамның берген тәлімі .....	34
Мен әлі ұзақ жолдамын .....	36
Жезді өлке .....	37
Әй, тоқта! .....	38
Біздің ауыл .....	39
Қаныш аға шәкірті .....	40
Балқаштағы тебіреніс .....	42
Көкшедегі кездесу .....	42



<b>ІНЖУ-СЕЗІМ</b> .....	45
Тұрам кіріп метроньңн ішіне .....	46
Бір алманы екіге бөлмейікші .....	46
Мода және модельер .....	47
Әкелдің мәңгі серік сағынышты .....	48
Бір мінезін ұқсап тұрсын қығдарға .....	50
Кездесу сыры .....	51
Сурет көріп тұрғанда .....	51
Бір қиян .....	52
Сен едің ғой .....	53
Табысым .....	53
Бір кездестім .....	54
Аққу келді .....	54
Ән құшағы .....	56
А.П. Кернге .....	57
Пушкин ескерткіші алдында .....	58
Кос арба .....	59
Экспромт .....	59
Нүриев Маратқа Махтайдың айтқаны .....	60
Бүгінгі ерлік .....	60
Бір сүю .....	61
Назқоңыр .....	61
Есілге қонған аққулар .....	62
Сүйісудің қызығы .....	63
Абай өнін шырқашы .....	63
Романс .....	64
Күлшыныс .....	65
Елендеу .....	65
Қыз лебі .....	66
Жаңбырға .....	66
Күлагерге .....	67
Төкпе күй .....	68
Гүлденді шоқ тал аулада .....	69
Өмірдің жарты бөлшегі .....	70
Жанбыр .....	70
Үміт .....	71
Оптимизм .....	72
Асығыспын .....	72
Сезім гүлін туған елге ұсынам .....	73
Ескі хатты оқысаң .....	75
Сескену .....	75
Түйістағы тұныққа .....	76
Жүректің көрмей өтем ескіргенін .....	76
Көктемнің бұлты көңілшек .....	77
Бір тамаша сыры бар .....	78
Қызыма хат .....	78

Кыз – дала .....	80
Сипат сыры .....	80
«Катын күзі» .....	81
Егіз шумак .....	82
Элегия .....	82
Осалдыгы сенде жок .....	82
Еске алу .....	83
Теңизде ай сәулеси кыска жолдай .....	84
Жетермін биік зангарга .....	84
Кенші сыры .....	85
Дос, бедел дос .....	86
Кемдік болды демеспін .....	87
Сонеттерден табылар .....	88
Үнемі мазасыз реңім .....	88
Мен ағымнан жарылам .....	89
Кездесу .....	90
Ұялшақ танды сағындым .....	91
Күй әсері .....	92
Өн туғанда .....	92
Тимеші .....	93
Алғашқы немерем Арманга .....	93
Акку көрдім .....	94
Балдырған .....	95
Қырғыз элегиясы .....	95
Әнші гүл .....	96
Төрегелдіге хат .....	96
Мадам Батерфляйға .....	97
Мәскеудегі «Прага» .....	98
Көрімдікке, құдағи, не бересің? .....	99
Әжім сыры .....	99
Ақынның ақын досы өрқапан да .....	101
Мен сүйгенді ел сүйді .....	102
Біреуі ғана келмеді .....	102
Сорақыға сойылшы бола алмадым .....	104
Ғашық сыры .....	104
Раушангүл .....	105
Көкейкесті .....	106
<b>КАЛЫҢ ЕЛ – МӘНГІ ЖАСЫЛ ҚАРАҒАЙЫМ.....</b>	<b>107</b>
Аралдың жан тынысы .....	108
Жан тілегі .....	108
Куаньш .....	109
Абайым ақындықтың пайғамбары .....	109
Кімнен тудым? .....	110
Туған жерді сағындым .....	113
Үлкені сол тілеген үмітімнің .....	114

Жетісу мен Көкшедей .....	115
Ақан сері кім десен... ..	115
Бірлігімен бақыт табар тірлігім .....	117
Жер ұраны – Ұлытау .....	118
Есімін Сәтбаевтың жарқыратпым .....	119
Күй-атаның басында .....	120
Қарашілік .....	121
Желбіреді ел бірігер ту болып .....	123
Тұманды сағымдар .....	124
Өзім жайлы .....	124
Оңбайды ақынды атқандар .....	126
Қорқыпшыты қонырау .....	127
Беу, мырзалар, тиіспендер Сәкенге .....	128
Көңілім .....	129
Жамбыл ата .....	130
Күй-аға – Нұрғиса .....	130
Ақ тілек .....	131
Өмір – арман .....	132
Домбырамен сырласу .....	133
Болашаққа сенімім .....	133
Қарақалпақ қалалары .....	134
Қорқамын .....	135
Тілінді қорға, қазағым! .....	136
Өзгеріс .....	137
Пілте шамды әзірле .....	138
Есіндегі астана .....	139
Қазақстан деген ел .....	140
Сағындық Кенжебаевтың сөзі .....	140
Жолдағы көрген жоралғы .....	141
Сыңар пірім – Абылай .....	142
Алғысқа келген інілеріме .....	143
Туған күнің, Астана, құтты болсын! .....	144
Маған елсін .....	145
Тілектес көзбен қараймын .....	146
Сәлем, саған Ыстамбұл! .....	147
Киял-қала .....	148
Тансу Чиллер құрылтайда сөйледі .....	150
Жеке батыр .....	151
Қасым Қайсеновтің сөзі .....	152
Ақжардан келген ақпарат .....	154
Ядролық қарудан біз бас тарттық .....	156
Қойшы ағайдың айтқаны .....	157
Бошай Кітапбаевтың айтқаны .....	159
Сағадат Нурмағамбетовтың сөзі .....	160
Аққу қала – Астана .....	160

Астана асыл тойы ашылғанда .....	161
Бибігүл – қазақ жұлдызы .....	162
Жұлдызың жансың, Астана .....	163
Қасымға .....	164
Шөкірге .....	164
Ескерту .....	165
Өтті ғасыр .....	166
Тоғысканда қос ғасыр .....	168
Қарасай мен Ағынтай бабаларым .....	168
Қаңыш тойы Парижде .....	170
Түркістанға тағзым .....	171
Алла әуені өрілсін .....	173
Сыр-сипаты өзі айтқан .....	174
Абылай .....	175
Жолдағы көп хикая .....	176
Абылай ханның суреті .....	177
Күлпытасы Абылайдың .....	178
Жақсылығын жақсының жасырмайық .....	179
Ел құптайды көтерсек Абылайды .....	180
Зәрубай Әбіловтың айтқаны .....	181
Ұран еткен Алашты .....	184
Ескерткішті ойрандауға қарсылық .....	184
Көкшегауда Қаңыш аға көшесі .....	185
Шалқыма .....	186
Кел, Наурыз! .....	187
Жалындай көкке атылды .....	188
Ауылдағы ақсақалға жауабым .....	190
Алматыда Сәбеңнің ескерткіші .....	191
Әрі сәлем, әрі алғыс .....	192
Сағыныш селі .....	195
Нағыз заңғар зиялы .....	195
Кім асау? .....	196
Алматыда Тәуелсіздік алаңы .....	198
Қаңыштың ең ардақты қарындасы .....	199
Естеліктер желісі .....	200
Кел, жаңа жыл! .....	201
Барша қазақ бірлігінің белгісі .....	203
«Аққуды» тартшы, Қаршыға! .....	203
Мүсіншілік Күлагері .....	204
Қимастық .....	205
Той дүбірі .....	206
Төрттағандар .....	207

Художественное издание

**Какимбек Салыков**

**ЖЕЗКИІК**

**Стихи**

*(на казахском языке)*

Бас редакторы *Ә. Пірманов*

Редакторы *Н. Дүйсенбаева*

Көркемдеуші редакторы *Д. Нұрышева*

Техникалық редакторы *О. Рысалиева*

Корректоры *Ү. Бахова*

ИБ № 194

Теруге 30.07.02 берілді. Басуға 01.06.03 кол қойылды. Пішімі 84×108 1/32

Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 11,34.

Есептік баспа табағы 10,59. Таралымы 3 000 дана. Тапсырыс № 1053.

«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының  
Полиграфия комбинаты, 480002, М. Мақатаев көшесі, 41.

«Атамұра кітапханасы» сериясымен биыл мына  
кітаптар жарық көреді:

*Ахмет Байтұрсынов.* Әдебиет танытқыш.

*Міржақып Дулатов.* Оян, казак!

*Жүсіпбек Аймауытов.* Ақбілек.

*Ілияс Жансүгіров.* Құлагер.

*Бейімбет Майлин.* Шұғаның белгісі.

*Ғабит Мүсірепов.* Ұлпан.

*Қасым Аманжолов.* Дариға, сол қыз.

*Ілияс Есенберлин.* Қаһар.

*Тахауи Ахтанов.* Қаһарлы күндер.

*Ғафу Қайырбеков.* Көнсадақ.

*Төлеген Айбергенов.* Аруана – бауыр дүние.

*Бауыржан Мамышұлы.* Ұшқан ұя.

*Әбіш Кекілбай.* Ханша – Дария хикаясы.

*Жүмекен Нәжімеденов.* Жаңғырық.

*Бердібек Соқпақбаев.* Менің атым Қожа.

*Баубек Бұлқышев.* Заман – біздікі.

*Саттар Ерубаев.* Менің құрдастарым.

*Сағи Жиенбаев.* Алтын қалам.

*Оралхан Бөкей.* Кербұғы.

*Қадыр Мырза Әли.* Менің мұным – махаббат.

*Мұхтар Шаханов.* Эверестке шығу.

*Тұрсынбек Кәкішев.* Сәкен сүйген сұлулар.

*Оспанхан Әубәкіров.* Мың мінездеме.

*Мархабат Байғұтов.* Қозапая.

*Қойшығара Салғараұлы.* Сол бір күндер.



Кäkimbек САЛЫҚОВ – белгілі ақын,  
1932 жылы туған.

1970 жылы «Сыр» атты алғашқы  
өлеңдер жинағы жарық көрді.

«Жезкиік», «Нұрлы күндер»,

«Жұлдызды жылдар тынысы»,

«Мәңгі шырақ», «Парасат сыры

жыр жинақтарының, «Дала-

дастаны», «Тәттімбет», «Че

Гевара», «Гәкку», «Ақын Тайжан

т.б. поэмалардың, көптеген ән  
мәтіндерінің авторы. А. Пушкин

М. Лермонтов, В. Савельев,

В. Маяковский, Я. Колас,

М. Львов өлеңдерін қазақ

тіліне аударған.